

**«First Heartland Jusan Bank»
акционерлік қоғамы**

Жеке қаржылық есептілік

*2023 жылға арналған,
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен қоса*



Мазмұны

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Жеке қаржылық есептілік

Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп	9-10
Қаржылық жағдай туралы жеке есеп	11
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жеке есеп	12-13
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп	14-15
Жеке қаржылық есептілікке ескертпелер	16-115



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
Қазақстан, А25D6Т5, Алматы,
Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, А25D6Т5, Алматы,
пр. Достық, 180

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«First Heartland Jusan Bank» Акционерлік қоғамының акционерлері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы жеке есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жеке есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының елеулі тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «First Heartland Jusan Bank» Акционерлік қоғамының (әрі қарай – «Банк») жеке қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, жеке қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Комитеті шығарған ҚЕХС стандарттарына (ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Банктің 2023 жылдың 31 желтоқсанындағы шоғырландырылмаған қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылмаған қаржылық нәтижелерін және шоғырландырылмаған ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «*Жеке қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі*» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің жеке қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Банкке қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.



«First Heartland Jusan Bank» Акционерлік қоғамы

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

2-бет

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері біздің кәсіби пайымдауымыз бойынша ағымдағы кезеңнің жеке қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер толығымен біздің жеке қаржылық есептіліктің аудитінің мәнмәтіні мен осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында қарастырылды және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдар (ККЗ)

Жеке қаржылық есептілігіндегі 3, 4, 5, 7 және 19-ескертулерді қараңыз.

Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер
<p>Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер активтердің жалпы сомасының 33.2% құрайды және тұрақты негізде есептелетін және пайдаланылатын жорамалдарға сезімтал күтілетін кредиттік залалдар (ККЗ) үшін бағалау резервін шегеріп ұсынылған.</p> <p>Банк басшылықтан кәсіби пайымдауды қолдануды және келесі негізгі салаларға қатысты жорамалдарды пайдалануды талап ететін ККЗ бағалау моделін пайдаланады:</p> <ul style="list-style-type: none">— «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес клиенттерге берілген кредиттерге қатысты кредиттік тәуекелдің және дефолт оқиғаларының елеулі өсуін уақтылы анықтау (1, 2 және 3-кезеңдер арасында бөлу);— дефолт ықтималдығын (PD) және дефолт болған жағдайда шығын мөлшерін (LGD) бағалау;— болжамды ақпаратты есепке алу үшін түзетуді бағалау. <p>Сонымен қатар, кредиттік портфельдің едәуір бөлігі 3-кезеңге жіктелген және сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған кредиттерге («СҚКҚ»)</p>	<p>Біз қаржылық тәуекелдерді басқару жөніндегі мамандарды талдауға тарта отырып, ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкестігі тұрғысынан ККЗ бағалауға қатысты Банктің әдіснамасы мен саясатының негізгі аспектілеріндегі өзгерістерге талдау жүргіздік.</p> <p>ККЗ резервін бағалау кезінде басшылық қолданған кәсіби пайымдаудың және жасалған болжамдардың барабарлығын талдау үшін біз келесі аудиторлық процедураларды жүргіздік:</p> <ul style="list-style-type: none">— Клиенттерге берілген кредиттерді кредиттік тәуекел кезеңдері бойынша бөлуге қатысты бақылауды жобалау және имплементациялау тестілеуін өткіздік.— ККЗ бағалауындағы өзгеріс жеке қаржылық есептілікке айтарлықтай әсер етуі мүмкін клиенттерге берілген кредиттер бойынша іріктеме негізінде біз Банктің қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, сондай-ақ Банк пайдаланған болжамдар мен кәсіби пайымдауларды талдау арқылы кредиттік тәуекел кезеңдерін анықтаудың дұрыстығын тексердік.— ККЗ бойынша резервтерді бағалау жеке негізде жүзеге асырылатын және заңды тұлғаларға берілген кредиттер болып табылатын 3-кезеңге және СҚКҚ-ға жатқызылған кредиттерді іріктеу үшін біз іске асырылатын кепілді қамтамасыз ету құнын және оларды



«First Heartland Jusan Bank» Акционерлік қоғамы

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

3-бет

<p>жатады, олардың баланстық құны мынадай субъективті жорамалдарға негізделген ақша қаражатының болашақ ағындарын бағалау негізінде айқындалады:</p> <ul style="list-style-type: none">— жылжымайтын мүлік түріндегі кепілді қамтамасыз етудің әділ құнын бағалау; және— осы кепілмен қамтамасыз етуді іске асырудың күтілетін мерзімдері. <p>Клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттердің елеулі көлеміне, сондай-ақ ККЗ бойынша резервтің шамасын бағалауға тән белгісіздікке байланысты бұл мәселе аудиттің негізгі мәселесі болып табылады.</p>	<p>іске асыру мерзімдерін бағалауды қоса алғанда, Банктің болашақ ақша ағындарын бағалау үшін пайдаланған болжамдарын біздің түсінігіміз және қолжетімді нарықтық ақпарат негізінде сыни бағаладық. Біз ККЗ бағалауының ықтимал өзгерісі жеке қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін кредиттерге ерекше назар аудардық.</p> <ul style="list-style-type: none">— Клиенттерге берілген және ККЗ бойынша резервтерді бағалау ұжымдық негізде жүзеге асырылатын 1 және 2 кезеңдерге жатқызылған кредиттерге қатысты біз тиісті PD және LGD модельдерінің жұмыс принципіне тестілеу жүргіздік, сондай-ақ модельдің бастапқы деректерін іріктемелі негізде бастапқы құжаттармен салыстырдық.— Біз ағымдағы және болашақ экономикалық жағдайды және қарыз алушылардың тиісті санаттарының қызмет жағдайларын ескеретін өз бағалауымызбен салыстыру арқылы болжамды ақпаратты есепке алуға арналған түзетудің жалпы барабарлығын талдадық. <p>Біз 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жасалған бағалауды 2023 жылғы нақты нәтижелермен салыстыру арқылы Банк ККЗ бағалау үшін пайдаланатын модельдердің болжау қабілетін бағаладық.</p> <p>Біз сондай-ақ жеке қаржылық есептілікте жария ету Банктің кредиттік тәуекелге ұшырауын тиісті түрде көрсете ме, жоқ па, соны бағаладық.</p>
---	--

Басқа ақпарат

Басшылық басқа ақпарат үшін жауапты. Басқа ақпарат Банктің 2023 жылғы жылдық есепке енетін ақпаратты қамтиды, бірақ басқа ақпаратқа жеке қаржылық есептілік пен жеке қаржылық есептілік туралы біздің аудиторлардың есебі енбейді. Банктің 2023 жылғы жылдық есебі бізге, болжаммен, осы аудиторлардың есебінің күнінен кейін ұсынылады.

Біздің жеке қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратты қамтымайды және біз басқа ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділік қорытындысын білдірмейміз.

Біздің жеке қаржылық есептіліктің аудитіне байланысты біздің жауапкершілігіміз мүмкін болған жағдайда жоғарыда анықталған басқа ақпаратты оқу және басқа ақпаратты оқу барысында оның жеке қаржылық есептілікпен немесе аудит барысында алған біздің білімімізбен елеулі дәйексіздігін немесе елеулі бұрмаланған болып көрінуін қарастыру.



«First Heartland Jusan Bank» Акционерлік қоғамы

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

4-бет

Жеке қаржылық есептілік үшін Банк басшылығы мен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес жеке қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған жеке қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Жеке қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Банктің үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Банкті жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Банктің жеке қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Жеке қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз жеке қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы жеке қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;



«First Heartland Jusan Bank» Акционерлік қоғамы

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

5-бет

- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Банктің үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде жеке қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аударуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Банктің үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;
- жеке қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де жеке қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Біз, сонымен қатар, басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты сәйкес әдептілік талаптарын орындағанымыз туралы мәлімдеме береміз және барлық қарым-қатынастар мен біздің тәуелсіздігімізге ықпал етеді деп негізді түрде санауға болатын өзге мәселелер және де сәйкес жағдайларда соған қатысты қорғау шаралары туралы айтып білдіре отырамыз.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға айтып білдірген мәселелер арасынан біз ағымдағы кезеңнің жеке қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған және сәйкесінше негізгі аудит мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты көпшілікке ашып көрсету заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынған немесе қандай да бір мәселенің біздің есебімізде хабарлануының жағымсыз салдарлары қоғамдық маңызды пайдадан асып түседі деп негізді түрде жорамалданғандықтан мұндай мәселе біздің есепте хабарланбауы тиіс деп анықтаған өте сирек жағдайлардан басқа кезде осы мәселелерді біздің аудиторлардың есебінде сипаттаймыз.



«First Heartland Jusan Bank» Акционерлік қоғамы
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі
6-бет

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:

Урдабаева А. А.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудиторы
2012 жылдың 27 тамызында берілген
№ МФ-0000096 аудитордың біліктілік куәлігі



«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық
қызмет жүргізу үшін 2006 жылдың 6 желтоқсанында берген
мемлекеттік лицензияның №0000021

Дементьев С. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде
әрекет ететін Бас директоры



2024 жылдың 29 наурызы

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы

Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы жеке есеп

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңге есебімен)

	<i>Еск.</i>	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер	6	329,341	248,914
Басқа пайыздық кірістер	6	10	305
Пайыздық шығыстар	6	(142,457)	(114,280)
Таза пайыздық кіріс	6	186,894	134,939
Кредиттік шығындар бойынша шығыстар	7	(24,928)	(39,621)
Кредиттік залалдар бойынша шығындардан кейінгі таза пайыздық кіріс		161,966	95,318
Комиссиялық кірістер	8	53,913	34,624
Комиссиялық шығыстар	8	(36,933)	(20,544)
Таза комиссиялық кіріс		16,980	14,080
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бааланатын қаржы құралдары бойынша таза пайда	9	3,871	22,346
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бааланатын инвестициялық бағалы қағаздарды тануды тоқтату нәтижесінде таза залалдар		(83)	(40)
Реттелген борыш бойынша модификациядан түскен табыс	27	2,436	–
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда	10	22,250	43,857
Басқа табыстар	11	7,611	4,691
Басқа операциялық кірістер		36,085	70,854
Персоналға шығыстар	12	(43,138)	(40,058)
Басқа жалпы және әкімшілік шығыстар	13	(41,270)	(33,371)
Еншілес компанияларға инвестициялардың және өзге де инвестициялардың құнсыздануын/(құнсыздануын) қалпына келтіруден түскен пайда/(залал)	21	7,253	(3,659)
Құнсызданудан болған өзге де шығындар		(2,859)	(33)
Басқа шығындар	11	(125)	(1,085)
Басқа операциялық шығындар		(80,139)	(78,206)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда		134,892	102,046
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	14	(1,600)	(13,399)
Жыл ішіндегі пайда		133,292	88,647

16-115 беттердегі қоса беріліп отырған ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы
 Пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс туралы жеке есеп (жалғасы)
 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңге есебімен)


	Еск.	2023 жыл	2022 жыл
Жылдағы табыс		133,292	88,647
Басқа жиынтық табыс			
<i>Кейінгі кезеңдердегі пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуге жататын өзге де жиынтық табыс/(залал):</i>			
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құнының өзгеруінің таза шамасы	30	5,932	(11,714)
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша күтілетін кредиттік залалдар бойынша бағалау резервінің өзгеруі	7	130	(32)
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды тануды тоқтату нәтижесінде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген сома	30	83	40
<i>Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген немесе қайта жіктелуі мүмкін басқа жиынтық табыстың/(шығынның) баптарының барлығы</i>		6,145	(11,706)
<i>Кейінгі кезеңдерде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс:</i>			
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын үлестік құралдар бойынша пайда	30	3,949	1,168
Табыс салығын шегергендегі негізгі құралдарды қайта бағалау резерві (2022 жылы: 1,357 миллион теңге, 14-ескертпе)	30	–	5,392
<i>Кейінгі кезеңдердегі пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайтын басқа жиынтық табыстың барлық баптары</i>		3,949	6,560
Жыл ішіндегі басқа жиынтық табыс/(залал)		10,094	(5,146)
Бір жылдағы жиынтық табыстың жиыны		143,386	83,501
Акцияға шаққандағы пайда			
Акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда (теңгемен)	30	925.60	685.47

Банк Басқармасының атынан шығарылымға қол қойылды және бекітілді:


 Джабаев Алан Ерикович
 Басқарма төрағасының м.а.

2024 жылдың 29 наурызы




 Салихова Никара Миратовна
 Бас Бухгалтер

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы

Қаржылық жағдай туралы қаржылық есеп

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

(миллион теңгемен)

	<i>Еск.</i>	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан*</i>
Активтер			
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	15	527,455	707,161
Туынды қаржы құралдары	16	194	134
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	17	56,373	39,556
Сауда бағалы қағаздары		–	192
Инвестициялық бағалы қағаздар			
- Банктің меншігіндегі	18	854,477	753,697
- "репо" мәмілелері бойынша кепілге салынған	18	29,038	119,555
Клиенттерге берілген кредиттер	19	947,932	813,976
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне вексель бойынша талап ету құқығы		105,458	103,068
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер		78	78
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	20	66,447	68,170
Сатуға арналған ұзақмерзімді активтер		4,906	5,731
Еншілес компанияларға инвестициялар	21	170,032	152,627
Басқа активтер	22	65,693	55,169
Активтер барлығы		2,828,083	2,819,114
Міндеттемелер			
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	23	73,933	45,410
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	24	29,038	119,555
Туынды қаржылық міндеттемелер	16	316	1,325
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	25	1,452,771	1,492,104
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	26	213,241	246,868
Реттелген қарыздар	27	201,874	198,580
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	28	9,319	10,817
Жалдау бойынша міндеттемелер		1,944	2,111
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	14	164,447	162,847
Басқа міндеттемелер	29	27,107	25,943
Міндеттемелер жиыны		2,173,990	2,305,560
Меншікті капитал			
	30		
Акционерлік капитал		258,201	258,201
Меншікті сатып алынған акциялар		(2,638)	(2,638)
Қосымша төленген капитал		686	686
Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві		6,323	6,966
Әділ құн өзгерістерінің резерві		9,877	(217)
Басқа резервтер		–	2,847
Бөлінбеген пайда		381,644	247,709
Капитал жиыны		654,093	513,554
Капитал мен міндеттемелердің жиыны		2,828,083	2,819,114

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы жеке қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар туралы толық ақпарат 2-ескертемеде келтірілген, жүргізілген қайта жіктеулерді көрсетеді.

16-115 беттердегі қоса беріліп отырған ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы

Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(миллион теңгемен)

	<i>Еск.</i>	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл*</i>
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы			
Алынған пайыздық кірістер	6	308,763	201,335
Төленген пайыздық шығыстар	6	(113,821)	(87,202)
Алынған комиссиялық кірістер		52,162	33,997
Төленген комиссиялық шығыстар		(36,378)	(20,239)
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша іске асырылған пайда	9	3,334	20,533
Шетел валютасымен операциялар бойынша іске асырылған пайда	10	20,096	32,999
Персоналға арналған шығыстар және төленген өзге де жалпы және әкімшілік шығыстар		(80,593)	(63,803)
Алынған басқа операциялық кірістер		419	2,052
Операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі ақша ағындары		153,982	119,672
Операциялық активтердегі таза азайту/ұлғайту			
Туынды қаржы құралдары		104	(3,653)
Сауда бағалы қағаздары		200	–
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат		(17,823)	1,860
Клиенттерге берілген кредиттер		(166,101)	(78,631)
Басқа активтер		9,716	5,912
Операциялық міндеттемелердегі таза (азайту)/ұлғайту			
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты		27,698	13,738
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек		(91,082)	117,378
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері		(27,434)	(34,220)
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер		(1,498)	(1,268)
Басқа міндеттемелер		(97)	1,715
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражатын таза(пайдалану)/түсімі		(112,335)	142,503
Төленген корпоративтік табыс салығы		–	–
Ақша қаражатын таза (пайдалану)/операциялық қызметтен ақша қаражатының түсімі		(112,335)	142,503
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу		(6,443,961)	(2,130,535)
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды сату және өтеу		6,623,962	1,620,788
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу		(176,789)	(955,066)
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін инвестициялық бағалы қағаздарды өтеу		9,163	1,108,039

16-115 беттердегі қоса беріліп отырған ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы
 Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп (жалғасы)
 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

(миллион теңгемен)

	<i>Еск.</i>	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл*</i>
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары (жалғасы)			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(17,926)	(5,901)
Сатуға арналған ұзақмерзімді активтердің шығуынан түсетін түсімдер		1,398	539
Еншілес компанияларға инвестицияларды ұлғайту	21	(6,300)	(100)
Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза пайдалану		(10,453)	(362,236)
Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындары			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды өтеу	26	(46,899)	(12,668)
Реттелген борыштарды өтеу	27	(5,000)	–
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу		(1,061)	(1,189)
Қаржы қызметінде ақшалай қаражатты таза пайдалану		(52,960)	(13,857)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері			
Айырбастау бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері		(3,810)	20,814
Күтілетін кредиттік шығындардың ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері	9	(148)	(1,065)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын таза азайту		(179,706)	(213,841)
Есепті жылдың басындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары			
		707,161	921,002
Есепті жылдың соңындағы ақшалай қаражат және олардың баламалары	15	527,455	707,161
Ақшалай емес операциялар			
Клиенттерге берілген кредиттер бойынша кепілзаттық қамтамасыз етуді алып қою		9,315	20,124
Мүлікті еншілес компанияларға беру		3,852	13,639

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2022 жылғы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жеке есептегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар 2-ескертеде келтірілген егжей-тегжейлі қайта жіктеуді көрсетеді.

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы
 Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп
 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға

(миллион теңге есебімен)

Банк акционерлеріне тиесілі капитал								
<i>Еск.</i>	<i>Акционерлік капитал</i>	<i>Меншікті сатып алынған акциялар</i>	<i>Қосымша төленген капитал</i>	<i>Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві</i>	<i>Әділ құн өзгерістерінің резерві</i>	<i>Үлестік құралдармен байланысты өзге де резервтер</i>	<i>Бөлінбеген пайда</i>	<i>Меншікті капитал барлығы</i>
2023 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	258,201	(2,638)	686	6,966	(217)	2,847	247,709	513,554
Жылдағы пайда	–	–	–	–	–	–	133,292	133,292
Жылдағы басқа жиынтық табыс	30	–	–	–	10,094	–	–	10,094
Жылдағы жиынтық табыс барлығы	–	–	–	–	10,094	–	133,292	143,386
Капитал құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар								
Басқа өзгертулер								
Акцияларға негізделген төлем	30	–	–	–	–	(2,847)	–	(2,847)
Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінің амортизациясы	30	–	–	(643)	–	–	643	–
2023 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	258,201	(2,638)	686	6,323	9,877	–	381,644	654,093

16-115 беттердегі қоса беріліп отырған ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы
 Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп (жалғасы)
 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға

(миллион теңге есебімен)

<i>Банк акционерлеріне тиесілі капитал</i>								
<i>Еск.</i>	<i>Акционерлік капитал</i>	<i>Меншікті сатып алынған акциялар</i>	<i>Қосымша төленген капитал</i>	<i>Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві</i>	<i>Әділ құн өзгерістерінің резерві</i>	<i>Үлестік құралдармен байланысты өзге де резервтер</i>	<i>Бөлінбеген пайда</i>	<i>Капитал барлығы</i>
2022 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	258,201	(2,638)	686	1,744	10,321	2,847	171,406	442,567
Бір жылдағы пайда	–	–	–	–	–	–	88,647	88,647
Жыл ішіндегі басқа жиынтық табыс	–	–	–	5,392	(10,538)	–	–	(5,146)
Бір жылдағы жиынтық табыс барлығы	–	–	–	5,392	(10,538)	–	88,647	83,501
Капитал құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар								
Аралық бас компаниямен мәміледен болған шығын	–	–	–	–	–	–	(12,514)	(12,514)
Басқа өзгерістер								
Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінің амортизациясы	–	–	–	(170)	–	–	170	–
2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	258,201	(2,638)	686	6,966	(217)	2,847	247,709	513,554

16-115 беттердегі қоса беріліп отырған ескертпелер осы жеке қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

1. Жалпы ақпарат

Ұйымдастырушылық құрылымы және қызметі

"First Heartland Jusan Bank" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "Банк") 1992 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Цеснабанк" ашық акционерлік қоғамы ретінде тіркелді. 2003 жылы заңнамаға өзгерістер енгізу нәтижесінде, 2003 жылғы 26 желтоқсанда Банк акционерлік қоғам (бұдан әрі – "АҚ") болып қайта тіркелді.

2019 жылғы 6 ақпанда "First Heartland Securities" АҚ, "Назарбаев Қоры" жеке қорына және "Назарбаев Университеті" және "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымдарының тобына тиесілі қаржы холдингілік компаниясының инвестициялық бөлімшесі "Цеснабанк" АҚ-тың 99.80% жай акцияларын сатып алды.

2019 жылдың 26 сәуірінде "First Heartland Securities" АҚ Банктің ребрендингін өткізді. Ребрендингтен кейін Банк "Jusan Bank" бөлшек сауда брендімен "First Heartland Jusan Bank" АҚ деп атала бастады.

2019 жылғы маусымда өткен акционерлердің жалпы жиналысының қорытындысы бойынша 2019 жылғы 2 қыркүйекте "First Heartland Bank" АҚ-тың "First Heartland Jusan Bank" АҚ-қа қосылуы нысанында Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру жүзеге асырылды.

2021 жылғы 16 наурызда Банк акционерлерінің жалпы жиналысында Банктің фирмалық атауын "First Heartland Jusan Bank"-тен "First Heartland Jusan Bank"-ке, "Jusan bank" бөлшек сауда брендімен өзгерту туралы шешім қабылданды.

2021 жылғы 28 мамырда "Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "ҚНРДА") банкке "АТФБанк" АҚ еншілес банкінің Банкке қосылуы нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат беруге қаулы етті.

2023 жылғы 14 шілдеде "Jusan" тобы бойынша дауларды бітімгершілік реттеу шеңберінде, сондай-ақ активтерді қазақстандық юрисдикцияға қайтару/беру мақсатында "First Heartland Securities" АҚ-тың 8 262 711 жай акцияны (дауыс беретін акцияларға 99,745%) Jusan Technologies LTD компаниясынан F. Ш. Есенов мырза сатып алды. Банктің және оның еншілес компанияларының соңғы бақылаушы тарапы да New Generation Foundation, Inc.-тан F. Ш. Есенов мырзаға өтті.

Банк өз қызметін банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – "ҚРҰБ") берген 2019 жылғы 29 тамыздағы № 1.2.35/225/37 лицензия негізінде жүзеге асырады. 2020 жылғы 3 ақпанда Банктің №1.2.35/225/37 лицензиясы заңнаманың өзгеруіне байланысты банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге қайта ресімделді. 2021 жылғы 7 сәуірдегі Банктің №1.2.35/225/37 лицензиясы атауының өзгеруіне және қайта тіркеу рәсімінің жүргізілуіне байланысты банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге қайта ресімделді.

Банктің негізгі қызметіне коммерциялық банк қызметін жүргізу, кредиттер мен кепілдіктер беру, депозиттер тарту, клиенттердің шоттарын ашу және жүргізу, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру, бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялар жүргізу кіреді. Банктің шығарылған бағалы қағаздарының Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі – "ҚББ") листингі болады.

Банк Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорының (бұдан әрі – "ҚДҚБҚ") қатысушысы болып табылады. ҚДҚБҚ-ның негізгі мақсаты - Қорға қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда салымшылардың мүдделерін қорғау. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұлттық валютадағы жинақ салымдары бойынша сақтандыру өтемінің ең жоғары сомасы 20 миллион теңгені, ұлттық валютадағы карточкалар, шоттар және өзге де депозиттер бойынша – 10 миллион теңгеге дейін және шетел валютасындағы карточкалар, шоттар және өзге де депозиттер бойынша – 5 миллион теңгеге дейін құрайды (2022 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 15 миллион теңге, 10 миллион теңге және 5 миллион теңге).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің филиалдық желісіне 19 филиал және 103 құрылымдық бөлімше (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 19 филиал және 116 құрылымдық бөлімше) кіреді, олар арқылы ол өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады.

Банктің Бас офисінің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Назарбаев даңғылы, 242-үй.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

1. Жалпы ақпарат, жалғасы

Ұйымдастырушылық құрылымы және қызметі, жалғасы

Банктің активтері мен міндеттемелерінің басым бөлігі Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан.

Төменде 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктің еншілес компаниялары туралы ақпарат берілген:

Атауы	Тіркелген елі	Негізгі қызметі	Қатысу үлесі, % есебімен	
			2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
«First Heartland Capital» АҚ	Қазақстан Республикасы	Инвестициялық портфельді басқару	100.00	100.00
«Jusan Development» ЖШС	Қазақстан Республикасы	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару	100.00	100.00
«ОУСА Юг» ЖШС	Қазақстан Республикасы	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару	100.00	100.00
«Jusan Инкассация» ЖШС	Қазақстан Республикасы	Инкассация қызметтері	100.00	100.00
«Jusan Property» ЖШС	Қазақстан Республикасы	Күмәнді және үмітсіз активтерді басқару	100.00	100.00
«Jusan Garant» сақтандыру компаниясы» АҚ	Қазақстан Республикасы	Сақтандыру қызметі	100.00	100.00
«First Heartland Jusan Invest»	Қазақстан Республикасы	Брокерлік және дилерлік қызметтер	100.00	100.00
«Оптима Банк» ААҚ	Қырғыз Республикасы	Банк қызметі	97.14	97.14

«Jusan Development» ЖШС

2022 жылғы 5 қаңтарда "Jusan Development" ЖШС еншілес компаниясының фирмалық атауында өзгеріс болды, атап айтқанда "Концерн Цесна-Астық" ЖШС "JFood Kazakhstan" ЖШС болып өзгертілді.

Акционерлер

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша келесі акционерлердің меншігінде Банктің айналыстағы акцияларының 5%-дан астамы болды:

Акционерлер	2023 жылғы 31 желтоқсан, % есебімен	2022 жылғы 31 желтоқсан, % есебімен
«First Heartland Securities» АҚ	79.63	78.73
Есенов Ғалымжан Шахмарданұлы	20.11	20.11
Басқа акционерлер	0.25	1.16
Жиыны	100.00	100.00

2023 жыл ішінде Банктің миноритарлық акционерлерінен жалпы сомасы 283 миллион теңгеге 1,487,869 дана жай акцияларды сатып алу жүзеге асырылды. "First Heartland Securities" АҚ-қа тиесілі Банктің жай акциялары санының Банктің дауыс беретін жай акцияларының жалпы санына арақатынасы 79.63% құрады.

1. Жалпы ақпарат, жалғасы

Акционерлер, жалғасы

2023 жылғы 31 желтоқсанда Банктің ірі акционерлері айналыстағы жай акциялардың 79.63% иеленетін қазақстандық брокерлік компания "First Heartland Securities" АҚ және айналыстағы жай акциялардың 20.11% иеленетін F. Ш. Есенов мырза (2022 жылғы 31 желтоқсан: Айналыстағы жай акциялардың 78.73% иеленетін "First Heartland Securities" АҚ және айналыстағы жай акциялардың 20.11% иеленетін F. Ш. Есенов мырза).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің және оның еншілес компанияларының соңғы бақылаушы тарапы F. Ш. Есенов мырза (2022 жылғы 31 желтоқсан: New Generation Foundation, Inc.).

Банктің 2023 жылға арналған осы жеке қаржылық есептілігін 2024 жылғы 29 наурызда Банк Басқармасы шығаруға бекітті.

Қазақстан Республикасында қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Банктің қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, дамушы нарықтың ерекшеліктеріне тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары Банктің бизнесіне әсер етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылығы тәуекелімен ұштасады, олар сондай-ақ жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Қазақстандық теңгенің құнсыздануы және әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының тұрақсыздығы да шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының белгісіздік деңгейін арттырады.

2022 жылдың ақпанынан бастап Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери қақтығысқа байланысты бірқатар елдер Ресей Федерациясына қарсы санкциялар енгізді. Қақтығыстың әсері екі елдің экономикалық белсенділігіне ғана емес, жаһандық экономикаға да әсер етеді. Санкцияларды енгізу нәтижесінде әлемнің көптеген елдерінде шикізат пен азық-түлік тауарларының бағасы өсті, ресурстарды жеткізу арасындағы белгіленген байланыстар бұзылды, бағаларға инфляциялық әсер байқалады, сарапшылар әлемдік өнеркәсіп үшін экономикалық салдарды да болжайды.

2023 жылғы 27 қарашада ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1 тт. дәлізімен жылдық 15.75%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми деректері бойынша 2023 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасында инфляция бір жыл ішінде баяулап, 9.8% құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 20.3%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 8.5%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 9.1%-ға және ақылы қызметтер 12.4%-ға өсті (2022 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 25.3%, 19.4% және 14.1%).

Қоса беріліп отырған жеке қаржылық есептілік Банк басшылығының Қазақстанда бизнесті жүргізу шарттарының Банктің қызметіне және қаржылық жағдайына қандай әсер ететініне көзқарасын көрсетеді. Болашақ шаруашылық жағдайларының нақты әсері олардың Банк басшылығының бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

2. Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидалары

Жалпы бөлім

Осы жеке қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес шығарған ХҚЕС қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – "ХҚЕС қаржылық есептілік стандарттары") сәйкес дайындалды.

Бұл жеке қаржылық есептілікте Банк туралы жеке ұйым ретінде ақпарат берілген. Банктің және оның еншілес компанияларының (бұдан әрі – "Топ") 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы шоғырландырылған қаржылық есептілігі мүдделі пайдаланушылар үшін Банктің ресми мекенжайы мен ресми сайтында қолжетімді.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

2. Қаржылық есептілікті дайындаудың негізгі қағидалары

Құнды анықтау базасы

Жеке қаржылық есептілік "Есеп саясатының елеулі ережелері" бөлімінде аталғандарды қоспағанда, тарихи құны бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды. Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын туынды қаржы құралдары, бағалы сауда-саттық қағаздары, инвестициялық бағалы қағаздар, клиенттерге берілген, пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын кредиттер, басқа жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын, вексель бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігіне (бұдан әрі –«ҚРҚМ») талап қоюдың сатып алынған құқығы және жер телімдері мен ғимараттар (негізгі құралдар ретінде жіктелген) қайта бағаланған құн бойынша бағаланды.

Функционалдық валюта және жеке қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы

Банктің қаржылық есептілігінің функционалдық валютасы теңге болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Банк жүргізетін операциялардың көпшілігінің экономикалық мәнін және оның қызметіне әсер ететін соған байланысты мән-жайларды жақсы көрсетеді.

Қазақстандық теңге сондай-ақ осы жеке қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Жеке қаржылық есептіліктің барлық деректері, егер өзгеше көрсетілмесе, бүтін миллион теңгеге дейінгі дәлдікпен жуықталады.

Қайта жіктеу

Келесі қайта жіктеулер 2022 жылға арналған қаржылық жағдай туралы жеке есепте және 2023 жылғы деректерді ұсыну форматына сәйкес келтіру үшін 2022 жылғы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте орындалды:

<i>Қаржылық жағдай туралы жеке есеп</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін</i>		
	<i>Алдыңғы есептілікке сәйкес</i>	<i>Қайта жіктеу сомасы</i>	<i>Түзетілген сома</i>
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	37,652	1,904	39,556
Басқа активтер	57,073	(1,904)	55,169

<i>Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жеке есеп</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін</i>		
	<i>Алдыңғы есептілікке сәйкес</i>	<i>Қайта жіктеу сомасы</i>	<i>Түзетілген сома</i>
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	(4,631)	6,491	1,860
Басқа активтер	12,403	(6,491)	5,912

Аталған қайта жіктеулер Банктің 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайдасы немесе шығыны және өзге де жиынтық табысы туралы жеке есебіне әсер еткен жоқ.

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері

Банк осы жеке қаржылық есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге есеп саясатының келесі ережелерін дәйекті түрде қолданды.

Сонымен қатар, Банк 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап "Есеп саясаты туралы ақпаратты ашуды (ХҚЕС (IAS) 1 және 2-практикалық ұсынымдарға түзетулер)" қабылдады. Түзетулер ұйымдардан есеп саясатының негізгі ережелерін емес, есеп саясаты туралы маңызды ақпаратты ашуды талап етеді. Түзетулер есеп саясатының өзінде ешқандай өзгеріс тудырмаса да, кейбір жағдайларда олар жеке қаржылық есептілікте ашылған есеп саясаты туралы ақпаратқа әсер етті.

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Пайдаланушыларға жеке қаржылық есептіліктегі басқа ақпаратты түсіну үшін қажет болатын, ұйым үшін спецификалық есеп саясаты туралы пайдалы ақпарат беруде ұйымдарға көмек көрсете отырып, түзетулер сонымен қатар есеп саясаты туралы ақпаратты ашуға маңыздылық тұжырымдамасын қолдануға қатысты нұсқауларды қамтиды.

Басшылық есеп саясатын қайта қарады және түзетулерге сәйкес "Есеп саясатының елеулі ережелері" (2022 жыл: "Есеп саясатының негізгі ережелері") 3-ескертпесінде ашылған белгілі бір ақпаратты жаңартты.

Еншілес компанияларға инвестицияларды есепке алу

Еншілес компаниялар - бұл Банктің бақылауындағы инвестициялар объектілері. Егер Банк инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы табысқа байланысты тәуекелге ұшыраса немесе осындай табыс алуға құқығы болса, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану арқылы көрсетілген табыстың шамасына ықпал ету қабілеті болса, Банк инвестициялар объектісін бақылайды. Еншілес компанияларға инвестициялар нақты құны бойынша Банктің жеке қаржылық есептілігінде ескеріледі.

Бақылауды жоғалту

Еншілес компанияға бақылауды жоғалтқан кезде Банк оның активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ оған қатысты бақыландырылған үлестерді және меншікті капиталдың басқа да компоненттерін тануды тоқтатады. Бақылауды жоғалту нәтижесінде туындаған кез келген оң немесе теріс айырма кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында танылады. Егер Банк бұрынғы еншілес компанияға инвестицияның бір бөлігін өзіне қалдырса, онда мұндай үлес бақылауды жоғалту күніне әділ құн бойынша бағаланады. Кейіннен бұл үлес қауымдастырылған компанияға инвестиция ретінде (үлестік қатысу әдісін қолдана отырып) немесе Банктің аталған компанияға қаншалықты әсер ететініне байланысты басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активі ретінде есепке алынады.

Еншілес компанияларға инвестициялардың құнсыздануы

Әрбір есепті күнге Банк еншілес компанияларға инвестициялардың ықтимал құнсыздануы белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Мұндай белгілер болған кезде немесе егер құнсыздануға инвестициялардың жыл сайынғы тестілеуді жүргізу талап етілсе, Банк инвестициялардың өтелетін сомасын бағалауды жүргізеді. Инвестициялардың өтелетін сомасы келесі шамалардың ішіндегі ең үлкені болып табылады: шығу шығындарын шегергендегі активтің әділ құны және активті пайдалану құны.

Актив негізінен басқа активтер немесе активтер топтары өндіретін ағындардан тәуелсіз ақша ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, өтелетін сома жеке актив үшін анықталады. Егер ақша қаражатын өндіретін активтің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде есептелетін болашақ ақша ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталған құнға дейін дисконтталады. Шығу шығындарын шегергендегі әділ құнды анықтау кезінде соңғы нарықтық операциялар ескеріледі. Олар болмаған жағдайда тиісті бағалау моделі қолданылады. Бұл есептеулер бағалау коэффициенттерімен, нарықта еркін айналымдағы акциялар бағасының баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады. Банк жекелеген активтер жатқызылған ақша қаражатын өндіретін әрбір бірлік үшін жеке дайындалатын егжей-тегжейлі жоспарлар мен болжамды есептеулер негізінде құнсыздану сомасын айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есептеулер әдетте бес жылға жасалады. Ұзақмерзімді өсу қарқыны бесінші жылдан кейінгі болжамды болашақ ақша ағындарына есептеледі және қолданылады.

Еншілес компанияларға инвестициялардың құнсыздануынан болған залалдар еншілес компанияларға инвестициялардың және өзге де инвестициялардың құнсыздануынан болған залалдар құрамындағы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады. Әрбір есепті күнге Банк инвестициялардың құнсыздануынан бұрын танылған шығындар енді жоқ немесе азайған деген белгілердің бар-жоғын анықтайды. Егер мұндай белгі болса, Банк инвестициялардың өтелетін сомасын есептейді.

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Еншілес компанияларға инвестицияларды есепке алу, жалғасы

Еншілес компанияларға инвестициялардың құнсыздануы, жалғасы

Құнсызданудан келген бұрын танылған залалдар, егер инвестицияның өтелетін сомасын айқындау үшін пайдаланылған жорамалдарда құнсызданудан болған залал соңғы танылған кезден бастап өзгеріс болған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру инвестицияның баланстық құны оның өтелетін сомасынан аспайтындай, сондай-ақ егер өткен жылдары құнсызданудан залал танылмаса, осы инвестиция танылатын баланстық құннан аспайтындай етіп шектеледі. Мұндай құнды қалпына келтіру пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы жеке есепте танылады.

Шетел валюталарын қайта есептеу

Шетел валютасындағы мәмілелер бастапқыда мәміле жасалған күнгі функционалдық валюта бағамы бойынша көрсетіледі.

Есепті күндегі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданыста болған валютаның айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетел валютасындағы мәмілелерді қайта есептеу нәтижесінде туындайтын кірістер мен залалдар пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есепте шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша таза кіріс (залал) ретінде танылады – валюталық баптарды қайта бағалау.

Әділ құн бойынша бағаланатын шетел валютасында көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құн айқындалған күні қолданылып жүрген валютаның айырбастау бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетел валютасындағы бастапқы құнына қарай бағаланатын монетарлық емес баптар тиісті операция жасалған күндегі айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Қайта есептеу кезінде туындайтын бағамдық айырмалар басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері санатына жіктелген үлестік құралдарды қайта есептеу кезінде туындайтын айырмаларды қоспағанда, кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі және басқа жиынтық табыстың құрамында танылады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шетел валютасындағы шоттар бойынша ақша қалдықтарын қайта бағалау үшін пайдаланылған ресми айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 454.56 теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 462.65 теңге).

Әділ құнды бағалау

Банк әділ құн бойынша пайда немесе залал арқылы және әділ құн бойынша өзге жиынтық табыс арқылы көрсетілетін қаржы құралдарын және жер учаскелері мен ғимараттар сияқты қаржылық емес активтерді әрбір есепті күндегі әділ құн бойынша бағалайды.

Әділ құн — бұл активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле кезінде міндеттемені беру кезінде төленетін баға. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру мақсатында мәміле:

- берілген актив немесе міндеттеме үшін негізгі болып табылатын нарықта; немесе
- негізгі нарық болмаған кезде, осы активке немесе міндеттемеге қатысты неғұрлым тиімді нарықта жасалады деп болжайды.

Банкте негізгі немесе ең тиімді нарыққа қолжетімділік болуы керек. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары өздерінің ең жақсы экономикалық мүдделері үшін әрекет еткен жағдайда активтің немесе міндеттеменің бағасын белгілеу кезінде нарық қатысушылары пайдаланатын болжамдарды пайдалана отырып бағаланады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті ең жақсы және тиімді пайдалану арқылы немесе оны осы активті ең жақсы және тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сату арқылы экономикалық пайда алу қабілетін ескереді.

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Әділ құнды бағалау, жалғасы

Банк осы мән-жайларға сәйкес келетін және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын бағалау үлгілерін пайдаланады және бұл ретте тиісті бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдалануға және бақыланбайтын бастапқы деректерді пайдалануды барынша азайтуға мүмкіндік береді. Қаржылық есептілікте әділ құны бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде төменде сипатталған әділ құн иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы баға белгілеулері (түзетілмейтін).
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде байқалатын бағалау модельдері.
- 3-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды бастапқы деректер нарықта байқалмайтын бағалау модельдері, бақыланбайтын деректер құралдарды бағалауға айтарлықтай әсер етеді.

Қаржылық есептілікте қайталанатын негізде танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Банк әрбір есепті кезеңнің соңындағы жіктеуді (тұтастай алғанда әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректер негізінде) қайта талдай отырып, оларды иерархия деңгейлері арасында аудару қажеттілігін айқындайды.

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Банктің экономикалық пайда алу мүмкіндігі жоғары болса және кірісті сенімді түрде бағалауға болатын болса, кіріс танылады. Қаржылық есептіліктегі кірісті тану үшін келесі критерийлер де орындалуы керек:

Пайыздық кірістер мен шығыстар

Банк кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа қаржы активтерінің жалпы баланстық құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша немесе әділ құн бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша пайыздық кірісті есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл дисконттау кезінде болашақ ақшалай төлемдер немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе ол қолданылатын қысқа мерзім ішінде түсімдер қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнына дәл келтірілетін мөлшерлеме.

Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық шарттар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын, бірақ болашақ кредиттік шығындар ескерілмейтін құралмен тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығындар ескеріледі. Қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны банк төлемдерді немесе түсімдерді бағалауды қайта қараған жағдайда түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгеруі пайыздық кірістер немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Кредиттік құнсызданатын қаржы активі жағдайында Банк тиімді пайыздық мөлшерлемені осы қаржы активінің таза амортизацияланған құнына қолдану арқылы пайыздық кірісті есептейді. Егер қаржы активі бойынша дефолт жойылса және ол бұдан былай кредиттік құнсызданбаса, Банк жалпы құн негізінде пайыздық кірісті есептеуге қайта оралады.

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған ("СҚКК") қаржы активтері жағдайында Банк кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, қаржы активінің амортизацияланған құнына пайыздық табысты есептейді. Кредиттік тәуекелге түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл бастапқы тану кезінде болашақ ақша ағындарын (кредиттік шығындарды қоса алғанда) активтердің амортизацияланған құнына дейін дисконттайтын мөлшерлеме.

Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын барлық қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есепте өзге пайыздық кірістер құрамындағы шарттық пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып танылады.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Кірістер мен шығыстарды тану, жалғасы

Комиссиялық кірістер мен шығыстар

Қаржы активі немесе қаржылық міндеттеме бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеме есебіне енгізіледі.

Тиісті қаржы құралы бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылмайтын қаржы қызметтері үшін комиссиялар қызмет түріне қарай сол сәтте не Банк Шарт шеңберінде орындауға өз міндетін атқаруына қарай танылады:

- аударым операциялары, есеп айырысу-кассалық операциялар, шетел валютасымен операциялар жөніндегі комиссиялар операция түріне байланысты тарифтерге сәйкес клиенттердің төлем тапсырмаларын орындағаны үшін алынады және операцияларды орындау сәтінде кіріс ретінде танылады;
- берілген кепілдіктер мен аккредитивтер жөніндегі комиссияны клиент аванспен төлейді және тиісті кепілдіктің немесе аккредитивтің қолданылу мерзімі ішінде кірістерге жатқызылады;
- клиенттердің шоттарын жүргізгені үшін комиссия қызмет көрсету шамасына қарай уақыт бойы танылады.

Егер қарыз беру жөніндегі міндеттеме шеңберінде қарыз алушыға кредит берілу ықтималдығы жоғары болмаса, онда қарыз бергені үшін комиссиялық төлемдер қарыз беру жөніндегі міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Банктің жекелеген қаржылық есептілігінде танылған қаржы құралы нәтижесі болып табылатын сатып алушымен жасалған Шарт ішінара ХҚЕС (IFRS) 9 "Қаржы құралдары" стандартын қолдану саласына және ішінара ХҚЕС (IFRS) 15 "Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім" стандартын қолдану саласына жатқызылуы мүмкін. Бұл жағдайда Банк алдымен Шарттың ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану саласына жататын бөлігін бөлу және бағалау үшін ХҚЕС (IFRS) 9 қолданады, содан кейін осы Шарттың қалған бөлігіне ХҚЕС (IFRS) 15 қолданады.

Басқа комиссиялық шығыстарға, негізінен, мәмілені сүйемелдеу және қызмет көрсету шығындары кіреді, олар тиісті қызметтерді алуға байланысты шығындарға жатады.

Сегменттік есептілік

Операциялық сегмент – бұл Банк кіріс алатын немесе шығыстарды көтеретін (Банк қызметінің басқа компоненттерімен операцияларға қатысты кірістер мен шығыстарды қоса алғанда) коммерциялық қызметке қатысатын Банк қызметінің құрамдас бөлігі, оның нәтижелерін сегменттер арасында ресурстарды бөлу кезінде және қаржылық нәтижелерді бағалау кезінде операциялық шешімдер қабылдауға жауапты тұлға үнемі талдайды және оған қатысты қаржылық ақпарат қолжетімді болады. Банктің қызметі жоғары интеграцияланған болып табылады және ХҚЕС (IFRS) 8 "Операциялық сегменттер" талаптарына сәйкес бір бизнес сегментінен тұрады

Қаржылық активтер мен міндеттер

Бастапқы тану

Тану күні

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді стандартты шарттармен сатып алу немесе сату мәміле жасалған күні, яғни Банк активті немесе міндеттемені сатып алу бойынша міндеттеме алған күні көрсетіледі. Стандартты шарттарда сатып алуға немесе сатуға талаптары бойынша нарықта қабылданған Ережелерде немесе келісімдерде белгіленген мерзім шегінде активтер мен міндеттемелерді жеткізу талап етілетін шарт шеңберінде қаржы активтері мен міндеттемелерін сатып алу немесе сату жатады.

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттер, жалғасы

Бастапқы бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарының жіктелуі келісімшарттық шарттарға және құралдарды басқару үшін қолданылатын бизнес-модельге байланысты. Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын жағдайларды қоспағанда, қаржы құралдары бастапқыда әділ құн бойынша, оның ішінде мәміле бойынша шығындар бойынша бағаланады.

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді бағалау категориялары

Банк активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес үлгісі және активтердің шарттық талаптары негізінде мыналар бойынша бағаланатын деп жіктейді:

- амортизацияланған құны;
- басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны («БЖТӘҚ»);
- пайда немесе залал арқылы әділ құны («ПЗӘҚ»).

Банк туынды құралдарды және саудалауға арналған құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану қағидаттарын тиянақсыздықты жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, Банк өз қалауы бойынша қаржы құралдарын ПЗӘҚ бойынша бағаланған ретінде жіктей алады.

Қарыз және қаржылық кепілдіктер беру бойынша міндеттемелерден басқа, қаржылық міндеттемелер, егер олар саудалауға арналған және туынды құрал болып табылса, амортизацияланған құны немесе ПЗӘҚ бойынша есептеледі немесе ұйымның қалауы бойынша әділ құн бойынша бағаланған ретінде жіктеледі.

Банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражат, клиенттерге берілген кредиттер және амортизацияланған құны бойынша ескерілетін инвестициялық бағалы қағазда

Банк кредиттік ұйымдардағы қаражатты және басқа қаржылық инвестицияларды, келесі талаптардың екеуі де орындалғанда ғана амортизацияланған құны бойынша бағалайды:

- қаржылық актив мақсатында шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржылық активтерді ұстау болатын бизнес үлгісі шеңберінде ұсталады;
- қаржылық активтердің шарттық талаптары негізгі борыш сомасы мен өтелмеген негізгі борыш сомасы бойынша қарыздар есебіне төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын аталған күндері алуға себепші болады («SPPI»).

Осы талаптар төменде толығырақ қарастырылады.

Бизнес үлгісін бағалау

Банк бизнес үлгісін белгілі бір бизнес мақсатына жету үшін топтастырылған қаржылық активтердің қалай басқарылатынын ең жақсы көрсететін деңгейде белгілейді.

Банктің бизнес үлгісі жеке құралдар деңгейінде емес, портфельді біріктірудің жоғары деңгейінде бағаланады және төмендегідей бақыланатын факторларға негізделген:

- портфельді басқару үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сондай-ақ аталған саясаттарды іс жүзінде іске асыру. Атап айтқанда, басқару стратегиясы шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын сақтауға, қаржылық активтерді өтеу мерзімдерінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын жүзеге асыруға бағытталған ба;
- бизнес үлгісінің нәтижелілігі және осы бизнес үлгісінің шеңберінде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігі қалай бағаланытыны және бұл ақпарат Банктің негізгі басқарушы персоналына қалай жеткізілетіні;

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттер, жалғасы

Бастапқы бағалау, жалғасы

Бизнес үлгісін бағалау, жалғасы

- бизнес үлгісінің нәтижелілігіне (және осы бизнес үлгісінің шеңберінде ұсталатын қаржылық активтердің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер және, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлерге сыйақы қалай төленеді (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе); және
- сатылымдардың күтілетін жиілігі, көлемі және мерзімі де Банктің бизнес үлгісін бағалау кезінде маңызды аспектілері болып табылады.

Бизнес үлгіні бағалау "ең нашар" немесе "стресстік" сценарийлерді ескермей, пайда болуы негізді түрде күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер бастапқы танудан кейінгі ақша ағындары Банктің күткенінен өзгеше тәсілмен жүзеге асырылса, Банк осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қалған қаржылық активтердің жіктелуін өзгертпейді, бірақ кейіннен жаңадан құрылған немесе жаңадан сатып алынған қаржылық активтерді бағалау кезінде осындай ақпаратты ескереді.

«Негізгі борыш және өтелмеген негізгі борыш бөлігіне пайыздар есебіне ғана төлемдер» тесті (SPPI тесті)

Жіктеу үдерісінің екінші кезеңінің аясында Банк шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары негізгі борыш және өтелмеген негізгі борыш бөлігіне пайыздар есебіне ғана төлемдер болып табылады ма екенін анықтау үшін қаржылық активтің шарттық талаптарын бағалайды (SPPI тесті деп аталады).

Осы тесттің мақсаттары үшін «негізгі борыш сомасы» қаржылық активтің бастапқы тану кезіндегі әділ құны болып табылады және ол осы қаржылық активтің қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер негізгі борыш сомасын өтеу есебіне төлемдер немесе сыйлықақы/дисконт амортизациясы болса).

Кредит шарты шеңберінде пайыздың ең маңызды элементтері әдетте ақшаның уақытша құнын өтеу және кредиттік тәуекелді өтеу болып табылады. SPPI тестін өткізу үшін Банк пайымдауларды қолданады және орынды факторларды қарастырады, мысалы, қаржылық актив қандай валютада екенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді.

Сонымен бірге, тәуекелдерге ұшырағыштыққа немесе шартта көзделген базалық кредиттік келісімге байланысты емес ақша ағындарының құбылмалылығына елеулі әсер етпейтін шарттық талаптар негізгі борыш сомасы мен өтелмеген талаптар негізгі борыш сомасының бөлігіне пайыздарды төлеу ғана болып табылатын шартта көзделген ақша ағындарын туындауына себепші болмайды. Мұндай жағдайларда қаржылық активті ПЗӘҚ бойынша бағалау керек.

БЖТӘҚ бойынша бағаланатын вексель бойынша борыштық құралдар мен талап ету құқықтары

Егер келесі екі шарт орындалса, Банк қарыздық құралдар мен БЖТӘҚ векселі бойынша талап ету құқықтарын бағалайды:

- құрал бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсатына шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да қол жеткізіледі;
- қаржылық активтің шарттық шарттары SPPI тестінің критерийлеріне сәйкес келеді.

БЖТӘҚ бойынша бағаланатын вексель бойынша борыштық құралдар мен талап ету құқықтары кейіннен әділ құн бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі нәтижесінде пайда немесе залал басқа жиынтық табыстың құрамында танылады. Валюта бағамдарының өзгеруінен түскен пайыздық кіріс пен пайда немесе залал амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері жағдайындағыдай пайда немесе залал құрамында танылады. Тану тоқтатылған кезде бұрын басқа жиынтық табыстың құрамында танылған жинақталған пайда немесе залал басқа жиынтық табыстың құрамынан пайда немесе залалдың құрамына қайта жіктеледі.

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттер, жалғасы

Бастапқы бағалау, жалғасы

БЖТӘҚ бойынша бағаланатын вексель бойынша борыштық құралдар мен талап ету құқықтары, жалғасы

Борыштық құралдар және БЖТӘҚ бойынша бағаланатын вексель бойынша талап ету құқықтары бойынша күтілетін кредиттік залалдар ("ККЗ") әділ құн бойынша бағалауды жалғастыратын қаржылық жағдай туралы есепте осы қаржы активтерінің баланстық құнын төмендетпейді. Оның орнына амортизацияланған құн бойынша активті бағалау кезінде жасалатын күтілетін залалдардың бағалау резервіне тең сома басқа жиынтық кірістің құрамында пайда немесе залал құрамындағы тиісті сомаларды тани отырып, құнсыздандудың жинақталған сомасы ретінде танылады. Басқа жиынтық табыстың құрамында танылған шығындардың жинақталған сомасы активті тану тоқтатылған кезде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар

Кейде Банк үлестік құралдарға салынатын кейбір инвестицияларды бастапқы тану кезінде, егер олар «Қаржы құралдары: ұсыну» 32 ХҚЕС (IAS) бойынша үлестік құрал анықтамасына сәйкес келсе және саудалауға арналмаған болса, оларды, кейінгі күшін жою құқығынсыз, БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар ретінде жіктеу туралы шешім қабылдайды. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша жеке қабылданады.

Осындай үлестік құралдар бойынша кірістер мен шығындар ешқашан пайда немесе залалға қайта жіктелмейді. Банк осындай құралдың бастапқы құнының бір бөлігін өтеу ретінде осындай түсімдерден пайда көретін жағдайларды қоспағанда, дивидендтер алу құқығы белгіленген кезде дивидендтер пайда немесе залал құрамында басқа кіріс ретінде танылады. Бұл жағдайда пайда басқа жиынтық табыс құрамында танылады. БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдар құнсыздандуды бағалауға жатпайды. Мұндай құралдар істен шыққан кезде қайта бағалау бойынша жинақталған резерв бөлінбеген пайда құрамына ауыстырылады.

Қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер және кредит беру міндеттемелері

Банк қаржылық кепілдіктер, аккредитивтер және кредит беру міндеттемелерін шығарады.

Қаржылық кепілдіктер бастапқыда алынған сыйлықақы сомасында әділ құн бойынша қаржылық есептілікте танылады. Бастапқы танудан кейін Банк өзінің міндеттемесін бастапқыда танылған соманың ең үлкен мөлшері бойынша, пайда немесе залал туралы есепте және басқа жиынтық кірісте танылған жинақталған амортизацияны шегергенде және ККЗ түріндегі бағалау резерві бойынша бағалайды.

Кредит беру жөніндегі міндеттемелер және аккредитивтер шарттық міндеттемелер болып табылады, олардың талаптары бойынша Банк міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде Клиентке алдын ала келісілген шарттарда кредит беруге міндетті. Қаржылық кепілдік шарттарындағыдай, мұндай міндеттемелерге қатысты ККЗ бағалауға қойылатын талаптар қолданылады.

Банк кейде нарықтан төмен пайыздық мөлшерлеменен кредит беру бойынша міндеттемелер шығарады. Мұндай міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша танылады және кейіннен ККЗ түрінде бағалау резерві сомасының ең үлкен шамасы және бастапқыда танылған сома, қажет болған жағдайда, табыстың танылған жинақталған сомасы шегеріле отырып бағаланады.

Орындау кепілдіктері

Орындау кепілдіктері - бұл егер екінші Тарап Шартта көзделген міндетті орындамаса, өтемақы беретін шарттар. Орындау кепілдіктері кредиттік тәуекелді тапсырмайды. Орындау кепілдігі бар шарт бойынша тәуекел екінші Тараптың шартта көзделген міндетті орындамауға мүмкіндігі болып табылады. Тиісінше, орындау кепілдіктері қаржы құралдары болып табылмайды, сондықтан ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану саласына жатпайды.

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді қайта жіктеу

Банк қаржылық активтерді басқарудың бизнес үлгісін өзгертетін ерекше жағдайларды қоспағанда, Банк қаржылық активтерді бастапқы танудан кейін жіктемейді. Қаржылық міндеттемелер ешқашан қайта жіктелмейді. Банк 2023 және 2022 жылы қаржылық активтер мен міндеттемелерді қайта жіктеген жоқ.

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттер, жалғасы

Бастапқы бағалау, жалғасы

Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаты мен олардың баламаларына қолма-қол банкноттар мен монеталар, ҚРҰБ-дағы және басқа банктер мен қаржы институттарындағы бос қалдықтар, сондай-ақ әділ құнның өзгеру қаупіне ұшырамайтын және Банк қысқамерзімді міндеттемелерді реттеу үшін пайдаланатын бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз жоғары өтімді қаржылық активтер жатады. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары амортизацияланған құн бойынша қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетіледі.

«Репо» және кері «репо» мәмілелері бойынша шарттар және бағалы қағаздармен жасалатын қарыз операциялары

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу келісімдері (репо) есеп берушілікте қамтамасыз етілген қаржыландыру операциялары ретінде көрсетіледі. «Репо» операциялары бойынша өткізілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы жеке есепте танылуын жалғастырады және егер контрагенттің шарт талаптарынан немесе жалпы тәжірибеден шығатын осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге беруге құқығы болса, репо операциялары бойынша кепілге берілген бағалы қағаздар санатына ауыстырылады. Тиісті міндеттемелер қаржылық жағдай туралы бөлек есепте репо операциялары ретінде көрсетіледі. Кері сату шарттары (кері репо) бойынша бағалы қағаздарды сатып алу қаржылық жағдай туралы бөлек есепте кері репо операциялары ретінде көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырмашылық пайыздық түсім ретінде қарастырылады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша репо операциясының қолданылу мерзімі ішінде есептеледі.

Контрагенттерге қарыз талаптары бойынша берілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетуін жалғастыруда. Қарыз талаптары бойынша тартылған бағалы қағаздар үшінші тұлғаларға өткізілген кезде ғана қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетіледі. Бұл жағдайда сатып алу-сату мәмілесі жиынтық табыс туралы жеке есепте ескеріледі. Мұндай бағалы қағаздарды қайтару міндеттемесі сауда операциялары міндеттемесі құрамында әділ құн бойынша көрсетіледі.

Туынды қаржы құралдары

Қалыпты қызмет барысында Банк валюталық және капитал нарықтарында әртүрлі туынды қаржы құралдарын (соның ішінде фьючерстер, форвардтар, своптар және опциондар) қолданады. Бұл қаржы құралдары саудалауға арналған және бастапқыда әділ құны бойынша танылады. Әділ құн белгіленген нарықтық бағалар немесе тиісті базалық құралдардың ағымдағы нарықтық және шарттық құнына негізделген бағалау үлгілері мен басқа факторлар негізінде анықталады.

Оң әділ құны бар туынды қаржы құралдары активтер құрамында, ал теріс әділ құны туынды қаржы құралдары міндеттемелер құрамында көрсетіледі. Көрсетілген құралдармен операциялар бойынша пайда мен залал пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза пайда немесе залал құрамындағы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Кірістірілген туынды құрал — гибриді келісімшарттың құрамдас бөлігі болып табылады, сонымен қатар туынды емес негізгі келісімшартты қамтиды, нәтижесінде аралас құралдың кейбір ақша ағындары тәуелсіз туынды құрал жағдайында болатын жағдайға ұқсас өзгереді. Кірістірілген туынды құрал келісілген пайыздық мөлшерлемеге, қаржы құралының бағасына, тауар бағасына, валюта бағамына, баға немесе мөлшерлеме индексіне, кредиттік рейтингіне немесе кредиттік индекске немесе басқа айнымалыға сәйкес Шартта анықталатын ақша ағындарының кейбірінің немесе барлығының өзгеруін анықтайды, қаржылық емес айнымалы болған жағдайда, ол шарт бойынша Тараптардың біреуі үшін ерекше болмайды деген шартпен. Қаржы құралына байланған, дегенмен, келісімшарт бойынша мұндай құралға қарамастан берілуі немесе басқа контрагентпен жасалуы мүмкін туынды құрал кіріктірілген туынды құрал емес, жеке қаржы құралы болып табылады.

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттер, жалғасы

Қарыз қаражаты

Егер шарттық келісімнің нәтижесінде Банктің ақшалай қаражатты немесе өзге де қаржы активтерін жеткізуге міндеттемесі болса, немесе міндеттемені ақшалай қаражаттың немесе басқа қаржы активтерінің белгіленген сомасын меншікті үлестік құралдардың белгіленген санына айырбастау жолымен өзгеше түрде орындауға міндеттемесі болса, шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Мұндай құралдарға мемлекеттік компаниядан алынған кредиттер, банктер мен өзге де қаржы институттарының қаражаттары, клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері, шығарылған борыштық бағалы қағаздар, реттелген борыштар және өзге де қарыз қаражаттары жатады. Бастапқы танудан кейін қарыз қаражаты тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Пайда мен залал міндеттемелерді тану тоқтатылған кезде пайда немесе залал құрамында, сондай-ақ амортизация процесінде көрсетіледі.

Банк өзінің берешегін сатып алған жағдайда, соңғысы қаржылық жағдай туралы есептен шығарылады, ал міндеттеменің баланстық құны мен төленген қаражат сомасы арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу

Қаржылық жағдай туралы жеке есепте тек таза сальдо көрсетіле отырып, қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу міндеттемені реттеумен бір мезгілде өзара есепке алуды жүргізу және активті іске асыру ниеті заңды түрде бекітілген құқық болған кезде ғана жүзеге асырылады. Егер ол келешектегі оқиғаға негізделмеген жағдайда, әдеттегі қызмет барысында заңды күші болса, міндеттеме орындалмаған жағдайда, Банктің немесе барлық контрагенттердің дәрменсіздігі немесе банкроттығы жағдайында, қазіргі уақытта Банктің есептеуді жүргізуге заңды түрде бекітілген құқығы бар.

Кредиттерді қайта құрылымдау

Банк мүмкіндігінше кепілге өндіріп алудың орнына кредиттер бойынша шарттарды қайта қарауға, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартуға және кредит берудің жаңа шарттарын келісімнен өткізуге тырысады.

Банк сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық және сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, жағдай модификациясының маңыздылығын сандық және сапалық бағалауды жүргізеді. Банктің қаржылық активтері үшін осындай бағалау жүзеге асырылады. Клиенттерге берілген кредиттерден басқа Банктің қаржылық активтерін бағалау ұқсас негізде жүзеге асырылады.

Егер шарттың талаптары кредит іс жүзінде жаңа кредитке айналатындай қайта қаралса, ал айырмашылық құнсызданудан болған шығын танылғанға дейін тануды тоқтатудан түскен пайда немесе залал ретінде танылса, Банк қаржылық активті, мәселен, клиентке берілген кредитті тануды тоқтатады. Қалыптастырылған кредитті СҚКҚ актив деп танытын жағдайды қоспағанда, бастапқы тану кезінде кредиттер ККЗ бағалау мақсаттары үшін 1-сатыға жатқызылады. Клиентке кредитті тануды тоқтату керек пе, жоқ па, соны бағалау кезінде Банк, басқалармен қатар, келесі факторларды қарастырады:

- қаржы активінің валютасын өзгерту;
- контрагентті өзгерту (мысалы, қарыз алушы);
- СППИ тестінің критерийлеріне сәйкес келмейтін қаржылық активтің шарттарын өзгерту (мысалы, айырбастау шарттарын қосу).

Егер модификация ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, модификация тануды тоқтатпайды. Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауымен байланысты емес, бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Банк құнсызданудан болған залал танылғанға дейін пайда немесе залал туралы есепте тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер құрамында ұсынылатын модификациядан түскен пайданы немесе залалды таниды.

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттер, жалғасы

Кредиттерді қайта құрылымдау, жалғасы

Тануды тоқтатпайтын модификация жағдайында Банк кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін немесе активтерді кредиттік құнсыздану ретінде жіктеу қажеттілігін қайта бағалайды. Активті модификациялау нәтижесінде кредиттік құнсызданған ретінде жіктегеннен кейін ол кем дегенде 12 айлық сынақ кезеңінде 3-кезеңнің құрамында қалады. Қайта құрылымдалған қарызды 3-кезеңнен ауыстыру үшін қарыз алушының барлық қаржы активтерінің жалпы жалпы баланстық құнын 3-кезеңге түскенге дейінгі деңгейге дейін төмендету, қаржылық жай-күйінің нашарлауына байланысты қайта құрылымдаудың болмауы, мерзімі кешіктірілген берешектің отыз күннен артық болмауы және он екі ай ішінде құнсызданудың өзге де белгілерінің болмауы қажет.

Құнсыздануды бағалау

Банк пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланбайтын мынадай қаржы құралдары бойынша ККЗ бойынша бағалау резервін таниды:

- қарыз құралдары болып табылатын қаржылық активтер;
- шығарылған қаржылық кепілдік шарттары; және
- қарыздар беру бойынша шығарылған міндеттемелер.

Үлестік құралдарға салынған инвестициялар бойынша құнсызданудан болған залал танылмайды.

Банк ККЗ-ға бағалау резервтерін резерв сомасы 12 айлық күтілетін кредиттік залалға тең болатын мынадай құралдарды қоспағанда, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалға тең сомада таниды:

- есепті күндегі жағдай бойынша кредиттік тәуекелі төмен борыштық инвестициялық бағалы қағаздар; және
- кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай өспеген басқа қаржы құралдары.

Он екі айлық күтілетін кредиттік зиян («12 айлық ККЗ») – есепті күннен кейін 12 ай ішінде болуы ықтимал қаржы құралдары бойынша дефолт оқиғасы салдарынан болатын ККЗ бір бөлігі. 12 айлық ККЗ танылатын қаржы құралдары «1-кезеңдегі» қаржы құралдарына жатады.

Бүкіл кезең ішінде күтілетін кредиттік зиян («бүкіл кезең ішінде ККЗ») оның қолданысының бүкіл күтілетін мерзімі бойы қаржы құралдары бойынша дефолттың барлық ықтимал оқиғалары нәтижесінде ККЗ ретінде айқындалады. Бүкіл мерзім ішінде ККЗ танылатын қаржы құралдары «2-кезең» (егер қаржы құралдары бойынша кредит тәуекелі оны бастапқы таныған сәттен бастап айтарлықтай көтерілсе, бірақ қаржы құралы кредиттік құнсызданған болып табылмайды) және «3-кезең» (егер қаржы құралы кредиттік құнсызданған болып табылған жағдайда) қаржы құралдарына жатады.

Күтілетін кредиттік зиянды бағалау

Күтілетін кредиттік зиян дефолттың туындау ықтималдығы деңгейі бойынша сараланған кредиттік зиянды есептік бағалауды білдіреді. Олар былайша бағаланады:

- есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік құнсызданған болып табылмайтын қаржы активтеріне қатысты: барлық күтілетін толық алынбаған ақшалай қаражаттың келтірілген құны ретінде (яғни шартқа сәйкес Банкке тиесілі ақша ағындары мен Банк алуды күтетін ақша ағындары арасындағы айырма);
- есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік құнсызданған болып табылатын қаржы активтеріне қатысты: активтердің жалпы баланстық құны мен есептік болашақтағы ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма;
- қарыздар беру жөніндегі міндеттемелердің пайдаланылмаған бөлігіне қатысты: егер қарыз алушы кредит алу құқығын пайдаланса, шарт бойынша Банкке тиесілі шартта көзделген ақша ағындары мен егер бұл кредит берілетін болса, Банк алуды күтетін ақша қаражаты арасындағы айырмашылықтың келтірілген құны ретінде; және
- қаржы кепілінің шарттарына қатысты: Банк өтеу үшін күтіп отырған сомаларды шегере отырып оларға келтірілген кредиттік зиянды өтеу үшін шарт ұстаушысына күтілетін төлемдердің келтірілген құны ретінде.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Құнсыздандуды бағалау, жалғасы

Болжамдық ақпаратты қосу, жалғасы

Банк болжамды ақпаратты қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі өсуі нысанына бағалауға да, күтілетін кредиттік залалдарды бағалауға да қосады. Банк үш экономикалық сценарийді қарастырады: іске асыру ықтималдығы 60% болатын базалық сценарий және екі ықтимал сценарий – оптимистік және пессимистік – әрқайсысының іске асыру ықтималдығы 20% құрайды. Базалық сценарий Банктің стратегиялық жоспарлау мен бюджеттеуде қолданатын ақпаратына негізделген.

Есепке алынатын макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша сыртқы ақпарат Банк өз қызметін жүзеге асыратын елдердің мемлекеттік органдары мен ақша-кредитті реттеу органдары жариялайтын экономикалық деректер мен болжамдарды қамтуы мүмкін (ҚРҰБ, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, ашық ресми дереккөздерде қолжетімді ақпарат, сондай-ақ баға белгіленетін активтер туралы ақпарат).

Мерзімді негізде Банк оптимистік және пессимистік репрезентативті сценарийлерді анықтауға деген көзқарасын түзету үшін "шок" сценарийлерін стресс-тестілеуді жүргізеді. Банк жылына кемінде бір рет аталған сценарийлердің шынайылығын бағалайды.

Банк тұтыну бағаларының индексі, Brent маркалы мұнай бағасының бағалары және кредиттік тәуекел мен кредиттік шығындарды бағалауға әсер ететін жұмыс істемейтін кредиттер үлесінің өзгеруі сияқты факторлардың тізімін анықтады және құжаттады және тарихи деректерді талдауды қолдана отырып, макроэкономикалық айнымалылар, кредиттік тәуекел және кредиттік шығындар арасындағы байланысты бағалады.

Регрессиялық талдау барысында Банктің кредиттік портфелінің әртүрлі сегменттері бойынша дефолттардың орташа деңгейіне әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлар анықталды. Талдау нәтижесінде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамына байланысты кредиттік портфель бойынша дефолттардың орташа деңгейін болжайтын регрессиялық модель құрылды.

Негізгі факторлар ретінде Brent маркалы мұнай бағасының бағалары мен тұтыну бағасының индексі анықталды.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдаланылған экономикалық сценарийлер 2024-2025 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштердің келесідей мәндерін қамтыған болатын.

	<i>2024 жылғы 1 қаңтар</i>	<i>2025 жылғы 1 қаңтар</i>
Brent мұнайының бағасы	Базалық сценарий 96.89	Базалық сценарий 100.06
	Пессимистік сценарий 89.50	Пессимистік сценарий 88.20
	Оптимистік сценарий 102.47	Оптимистік сценарий 111.40
Тұтыну бағаларының индексі өткен жылдың тиісті кезеңіне % есебімен	Базалық сценарий 9.59%	Базалық сценарий 6.89%
	Пессимистік сценарий 10.45%	Пессимистік сценарий 7.45%
	Оптимистік сценарий 8.65%	Оптимистік сценарий 6.19%

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Құнсыздануды бағалау, жалғасы

Болжамдық ақпаратты қосу, жалғасы

Негізгі көрсеткіш пен дефолт оқиғалары мен қаржылық активтердің әртүрлі портфолиолары бойынша шығындар деңгейлері арасындағы болжамды қатынастар өткен кезендердегі деректерді талдау негізінде әзірленді.

Регрессиялық талдау нәтижелері кейбір институционалдық өзгерістерге байланысты қарыз алушылардың мінез-құлқындағы елеулі өзгерістерді есепке алу бөлігінде, сондай-ақ ҚРҰБ реттеу саясаты мен Банктің кредиттік саясатындағы өзгерістерді сандық бағалау бөлігінде шектелуі мүмкін. Дегенмен, салынған модельдердің кросс-валидациясы оң нәтиже көрсетті, бұл модельдің жоғарыда аталған факторларға төзімділігін көрсетуі мүмкін.

Қайта құрылымдалған қаржы активтері

Тараптардың келісімі бойынша қаржы активінің талаптарын немесе қаржы активі талаптарын түрлендіруді қайта қараған немесе контрагенттің/эмитенттің қаржы қиындықтары себепті қолданыстағы қаржы активін жаңасына ауыстырған жағдайда осы қаржы активін тануды тоқтату қажеттілігі мәніне қатысты бағалау жүргізіледі және ККЗ былайша бағаланады:

- егер күтілетін қайта құрылымдау қолда бар активті тануды тоқтатуға әкелмесе, түрлендірілген қаржы активі бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін ағындары қолда бар актив бойынша ақшалай қаражаттың толық алынбаған сомасының есебіне енгізіледі.
- егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті тануды тоқтатуға алып келсе, онда жаңа активтің күтілетін әділ құны оның пайда болуын тоқтату сәтінде қолданыстағы актив бойынша ақшалай қаражаттың түпкілікті ағыны ретінде қаралады. Бұл сома қолданыстағы қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, тануды тоқтатудың күтілетін күнінен есепті күнге дейінгі кезең үшін дисконтталатын қолда бар қаржы активі бойынша ақша қаражаттын толық алмау сомасының есебіне енгізіледі.

Әрбір есепті күнге Банк амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын қаржы активтерін және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын борыштық қаржы активтерін олардың кредиттік құнсыздануы тұрғысынан бағалауды жүргізеді. Қаржы активі осындай қаржы активі бойынша ақшалай қаражаттың болашақ есептік ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиға болған кезде «кредиттік-құнсызданған» болып табылады.

Қаржы активінің кредиттік құнсыздануын растау, атап айтқанда, мынадай байқалатын деректер болып табылады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің елеулі қаржылық қиындықтары;
- дефолт немесе төлем мерзімін өткізіп алу сияқты шарт талаптарын бұзу;
- Банктің кредитті немесе аванстық төлемді өзге жағдайларда ол қарамайтын жақдайларда қайта құрылымдауы;
- Қарыз алушының банкроттығы немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастырылуы ықтималдығының туындауы; немесе
- қаржылық қиындықтар нәтижесінде бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоғалуы.

Қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауы салдарынан талаптары қайта қаралған кредит, егер шартта көзделген ақшалай қаражаттың ағындарын алмау тәуекелі айтарлықтай төмендегені және құнсызданудың басқа белгілері жоқ екендігі туралы куәландырылмаса ғана кредиттік-құнсызданған болып есептеледі. Бұдан басқа тоқсан күн немесе одан көп мерзімге мерзімі өткен кредиттер кредиттік-құнсызданған болып есептеледі.

Кредиттік құнсыздану тұрғысынан бағалау кезінде мемлекет борышкер болып табылатын мемлекеттік облигацияларға (өзге қаржы активтеріне) инвестициялар Банк мынадай факторларды қарайды:

- облигациялардың кірістігінде көрсетілген кредиттікке қабілеттілікті нарықтық бағалау;
- рейтингтік агенттіктер орындаған кредиттікке қабілеттілікті бағалау;
- елдің жаңа борышты шығару үшін капитал нарығына қол жеткізу қабілеті;

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Құнсыздандуды бағалау, жалғасы

Қайта құрылымдалған қаржы активтері, жалғасы

- ұстаушылар борышты ерікті немесе мәжбүрлі кешіру нәтижесінде зиян шегетін борышты қайта құрылымдау ықтималдығы;
- осындай елге «соңғы сатыдағы кредитор» ретінде қажетті қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін халықаралық қолдау көрсету тетіктерінің болуы, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ведомстволардың осы тетіктерді пайдалануға жария мәлімдемелерде айтылған ниеттері. Бұл аталған тетіктер әрекетінің тиімділігін және саяси ниетке қарамастан талап етілетін өлшемшарттарды сәйкестік қабілетінің болуын бағалауды қамтиды.

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржылық активтер

Қаржылық активті (немесе, қолдануға болатын жерде – қаржылық активтің бір бөлігін немесе ұқсас қаржылық активтер тобының бөлігін) қаржылық жағдай туралы есепте тану тоқтатылады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Банк активтен ақша ағындарын алу құқығын үшінші тарапқа тапсырса немесе «транзиттік» келісімнің талаптары бойынша елеулі кідіріссіз алынған ақша ағындарын аудару міндеттемесін қабылдаса; және де
- Банк не (а) активтің барлық дерлік тәуекелдері мен пайдаларын тапсырған, немесе (б) активтің барлық тәуекелдері мен пайдаларын тапсырмаған, дегенмен сақтамайды да, бірақ осы активті бақылауды тапсырған.

Банк активтен ақша ағындарын алу құқығын тапсырған, бірақ онымен байланысты барлық дерлік тәуекелдер мен пайдаларды тапсырмаған да, сақтамаған да, сондай-ақ активке бақылауды тапсырмаған жағдайда, мұндай актив Банктің осы активке жалғасқан қатысуы шегінде есепте көрсетіледі. Тапсырылған актив бойынша кепілдік түріндегі активке қатысудың жалғасуы активтің бастапқы теңгерімдік құнының және Банкке төленуге ұсынылуы мүмкін ең жоғары өтем мөлшерінің ең аз мәні бойынша өлшенеді.

Активке жалғасатын қатысу тапсырылатын активке шығарылған және/немесе сатып алынған опцион (соның ішінде есеп айырысуы ақшалай қаражатпен жасалатын опцион немесе ұқсас құрал) түріне айналса, Банктің жалғасатын қатысуының мөлшері – бұл әділ құн бойынша бағаланатын актив жөнінде шығарылған пут-опцион (соның ішінде есеп айырысуы ақшалай қаражатпен жасалатын опцион немесе ұқсас құрал) жағдайын қоспағанда, Банк сатып ала алатын тапсырылған активтің құны. Бұл жағдайда Банктің жалғасатын қатысуының мөлшері екі шаманың ең азы ретінде белгіленеді, олар: тапсырылатын активтің әділ құны және опционның орындалу бағасы.

Шығынға жазу

Қаржылық активтер Банк олардың құны өтелуін енді күтпеген жағдайда ғана жартылай немесе тұтас шығынға жазылады. Егер шығынға жазылуға жататын сома құнсыздандуға арналған жинақталған резерв шамасынан жоғары болса, онда айырмашылық алдымен резервтің ұлғаюы ретінде есепке алынады, содан кейін ол жалпы теңгерімдік құнға қолданылады. Кез келген кейінгі өтеулер кредиттік залалдар бойынша шығыстарға жатқызылады. Шығынға жазу тануды тоқтатуды білдіреді.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемені тану тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған кезде тоқтатылады.

Қазір бар бір қаржылық міндеттемені айтарлықтай басқа талаптар бойынша дәл сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге ауыстырылғанда немесе қазір бар міндеттеменің талаптары елеулі түрде өзгертілгенде, бастапқы міндеттемені тану тоқтатылады, ал жаңа міндеттеме теңгерімдік құндағы міндеттемелер айырмашылығын пайда немесе залал құрамында танумен есепте көрсетіледі.

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Мемлекеттік субсидиялар

Алынатынына және олармен байланысты барлық шарттар орындалатынына негізделген сенім болса, мемлекеттік субсидиялар мойындалады. Егер субсидия белгілі бір шығыстарды қаржыландыру мақсатында берілсе, ол өтеуге тиіс тиісті шығындарға шығыстар есептен шығарылатын кезеңдерде жүйелі негізде табыс ретінде танылуға тиіс. Мұндай субсидиялар шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген кезде тиісті шығыстардан шегеріледі.

Банк монетарлық емес активтер түрінде субсидиялар алған жағдайларда актив пен субсидия номиналды шамасы бойынша есепке алынады және пайдалы пайдаланудың күтілетін мерзімі ішінде базалық активтен түсетін пайданы тұтыну құрылымына сәйкес жыл сайын тең бөліктермен пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Нарықтық пайыздан төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша мемлекет берген қарыздан алынатын пайда мемлекеттік субсидия ретінде ескеріледі. Осы қаржылық міндеттемелер ХҚЕС (IFRS) 9 "Қаржы құралдары" сәйкес танылады және бағаланады. Пайыздық мөлшерлемені нарықтан төмен пайдаланудың пайдасы 9 ХҚЕС (IFRS) бойынша анықталған қарыздың бастапқы баланстық құны мен түскен қаражат арасындағы айырмашылық ретінде бағаланады.

Негізгі құралдар

Меншікті активтер

Жер учаскелері мен ғимараттарды қоспағанда, негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергендегі нақты шығындар бойынша жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Егер негізгі құралдардың объектісі әртүрлі пайдалы пайдалану мерзімі бар бірнеше компоненттерден тұратын болса, мұндай компоненттер негізгі құралдардың жеке объектілері ретінде көрсетіледі.

Негізгі құралдардың баланстық құны осы активтің баланстық құны өтелмеуі мүмкін екенін көрсететін жағдайлар немесе мән-жайлардағы өзгерістер туындаған жағдайда құнсыздану мәніне бағаланады.

Бастапқы танудан кейін жер телімдері және ғимараттар кейінгі жинақталған амортизацияны және құнсызданудан кейінгі жинақталған залалдарды шегергенде қайта бағалау күніндегі әділ құны болып табылатын қайта бағаланған құны бойынша көрсетіледі. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құнымен оның теңгерімдік құны арасындағы елеулі айырмашылықтарды болдырмау үшін жеткілікті жиі орындалады.

Қайта бағалау күніндегі жинақталған амортизация активтің жалпы теңгерімдік құнын бір мезгілде азайта отырып, жоққа шығарылады, және алынған сома активтің қайта бағаланған құны негізінде қайта есептеледі. Қайта бағалаудан түскен құн өсімі, бұрын пайда немесе залалда көрсетілген осы актив құнының бұрынғы азаюын қайтару сомаларын қоспағанда, негізгі құралдарды қайта бағалау резервінде басқа жиынтық табыс құрамында көрсетіледі. Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінде көрсетілген дәл сол актив бойынша алдыңғы құн өсіміне қарсы осындай азаюды тікелей есепке алуды қоспағанда, қайта бағалаудан құн азаюы пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Негізгі құралдарды қайта бағалау резервінен бөлінбеген пайда құрамына сомаларды жыл сайынғы аудару активтердің қайта бағаланған теңгерімдік құны негізінде есептелген амортизация сомасы мен активтердің бастапқы құнынан есептелетін амортизация сомасы арасындағы айырмашылықтың бөлігінде жүзеге асырылады. Актив істен шыққан кезде қайта бағалау резервіне енгізілген тиісті сома бөлінбеген пайда құрамына аударылады.

Негізгі құралдар бойынша амортизация оларды пайдалы пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Амортизация объектіні сатып алған күннен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап, ал шаруашылық тәсілмен салынған негізгі құралдар объектілері үшін – объектінің құрылысы аяқталғаннан және оны пайдалануға дайын болғаннан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап есептеледі. Жер учаскелері, аяқталмаған құрылыс және орнатуға арналған активтер бойынша амортизация есептелмейді.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Негізгі құралдар, жалғасы

Амортизация

Негізгі құралдар объектілерін пайдалы пайдалану мерзімдері келесідей ұсынылуы мүмкін:

	<i>Жылдар</i>
Ғимараттар	20-100
Компьютерлік жабдық	5-10
Көлік құралдары	7
Басқа	2-20

Активтердің қалдық құны мен пайдалы пайдалану мерзімдері әрбір есепті жылдың соңында талданады және қажеттілігіне қарай түзетіледі.

Жөндеуге және қайта құруға жұмсалатын шығыстар, олар капиталдандыруға жататын жағдайларды қоспағанда, олар келтірілгеніне қарай шығыстарға жатқызылады және басқа операциялық шығыстар құрамына кіргізіледі.

Материалдық емес активтер

Сатып алынған материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған шығындарды шегергендегі нақты шығындар бойынша жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Лицензиялар, патенттер, сауда белгілері және жарамдылық мерзімі 12 (он екі) айдан аспайтын рұқсаттарды Банк болашақ кезеңдердің шығыстары ретінде ескереді.

Материалдық емес активтер бойынша амортизация оларды пайдалы пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Пайдалану мерзімі екі жылдан отыз жылға дейін.

Резервтер

Банктің орын алған оқиғаның нәтижесінде заңды немесе негізделген міндеттемесі болған және осы міндеттемені орындау үшін қаражатты бұру талап етілуі мүмкін болған жағдайда резерв қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетіледі. Егер мұндай міндеттеменің сомасы елеулі болса, онда резервтер ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және қолданылатын жерде осы міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, болжамды болашақ ақша ағындарын дисконттау жолымен айқындалады.

Капитал

Акционерлік капитал

Жай акциялар капитал құрамында көрсетіледі. Бизнесті біріктіру жағдайларын қоспағанда, жаңа акцияларды шығаруға тікелей байланысты қосымша шығындар капитал құрамында осы эмиссия нәтижесінде алынған соманы салықтарды шегергенде азайту ретінде көрсетіледі. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың номиналды құнынан асып кету сомасы қосымша төленген капитал ретінде көрсетіледі.

Сатып алуға жатпайтын жиынтық артықшылықты акциялар

Міндеттеме сипаттамаларына ие, сатып алуға жатпайтын артықшылықты акциялардың жиынтық компоненті мәміле бойынша шығындарды шегере отырып қаржылық жағдай туралы жеке есепте міндеттеме ретінде көрсетіледі. Осындай акциялар бойынша тиісті жиынтық дивидендтер пайда немесе залал туралы жеке есепте және басқа жиынтық кірісте пайыздық шығыстар ретінде танылады. Кумулятивтік өтелмейтін артықшылықты акциялар шығарылған кезде міндеттемелер компонентінің әділ құны баламалы айырбасталмайтын облигация үшін белгіленген нарықтық мөлшерлемені пайдалана отырып айқындалады; бұл сома сатып алу кезінде өтеуге дейінгі амортизацияланған құн негізінде ұзақмерзімді міндеттеме ретінде көрсетіледі.

Сатып алынған меншікті акциялар

Банк немесе оның еншілес ұйымдары Банктің акцияларын сатып алған жағдайда, корпоративтік табыс салығын шегергендегі мәміле бойынша тиісті шығындарды қоса алғанда, оларды сатып алу құны меншікті сатып алынған акциялар ретінде капиталдың жалпы сомасынан шегеріледі және капиталдың азаюы ретінде жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі.

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Капитал, жалғасы

Дивидендтер

Банктің дивидендтерді жариялау және төлеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын реттеуге жатады.

Дивидендтер міндеттемелер ретінде танылады және олар есепті күнге дейін жарияланған жағдайда ғана есепті күнге меншікті капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ жеке қаржылық есептілікті шығаруға бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашылады.

Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға ағымдағы корпоративтік табыс салығы және кейінге қалдырылған салықтар кіреді және бизнесті біріктіру жөніндегі мәмілеге немесе тікелей меншікті капиталдың құрамында немесе басқа жиынтық табыстың құрамында танылатын операцияларға жататын олардың бір бөлігін қоспағанда, кезеңдегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бір жылдағы салық салынатын пайдаға немесе салық залалына қатысты төленеді немесе өтеледі деп күтілетін және есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданылатын салық мөлшерлемелері, сондай-ақ өткен жылдардағы корпоративтік табыс салығы бойынша түзетулер негізінде есептелген салық сомасын қамтиды. Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттеме есебіне дивидендтерге байланысты туындаған салық міндеттемесінің шамасы да енгізіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің қаржылық есептілікте көрсету мақсаттары үшін айқындалатын баланстық құны мен олардың салық базасы арасында туындайтын уақытша айырмашылықтарға қатысты танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері пайдаланылмаған салық шығындарына, салықтық кредиттерге және шегерілетін уақытша айырмашылықтарға қатысты олар есебінен жүзеге асырылуы мүмкін болашақ салық салынатын пайданы алу ықтималдығы шамасында ғана танылады. Болашақ салық салынатын пайданың шамасы қалпына келтіруге тиісті салық салынатын уақытша айырмашылықтардың шамасы негізінде айқындалады. Кейінге қалдырылған салық активтерінің шамасы әрбір есепті күндегі жағдай бойынша талданады және тиісті салық жеңілдіктерін іске асыру бұдан артық ықтимал болмайтын шамада азаяды. Мұндай есептен шығару болашақ салық салынатын пайданың болу ықтималдығы артқан жағдайда қалпына келтіруге жатады.

Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта бағаланады және болашақ салық салынатын пайда осы кейінге қалдырылған салық активін өтеуге мүмкіндік беретін шамада танылады.

Кейінге қалдырылған салықтың шамасы есепті күндегі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген заңдарға негізделі отырып, уақытша айырмашылықтар қалпына келтірілген сәтте болашақта қолданылатын салық мөлшерлемелері негізге алына отырып айқындалады.

Кейінге қалдырылған салықты бағалау Банктің өз активтерінің баланстық құнын өтеуге немесе жабуға немесе есепті кезеңнің соңындағы міндеттемелерді реттеуге ниетті тәсілінен туындайтын салық салдарын көрсетеді.

Егер ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық активтерін есепке алуды жүргізу заңды түрде бекітілген құқығы болса және бұл активтер мен міндеттемелер бір салық салынатын кәсіпорыннан немесе әртүрлі салық салынатын кәсіпорындардан, бірақ бұл кәсіпорындар ағымдағы салық міндеттемелері мен активтерін нетто-негізде реттеуге ниетті немесе осы кәсіпорындардың салықтық активтерін сату олардың барлық салықтық міндеттемелерін өтеумен бір уақытта жүзеге асырылатын бір салық органы салатын табыс салығына қатысты болса, кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері есепке алынады.

3. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтың шамасын анықтау кезінде Банк анықталмаған салық позицияларының әсерін және салықтарды қосымша есептеу және салықты уақтылы төлемегені үшін айыппұлдар мен өсімақыларды есептеу мүмкіндігін ескереді. Бірқатар факторларды бағалау нәтижелеріне, сондай-ақ қазақстандық салық заңнамасын түсіндіруге және өткен жылдардағы тәжірибеге сүйене отырып, Банк басшылығы салық органдарының бюджетпен есеп айырысулардың толықтығын тексеруге құқығы бар барлық салық кезеңдері үшін салық төлеу міндеттемелері толық көлемде көрсетілген деп санайды. Бұл бағалау есептік бағалаулар мен болжамдарға негізделген және болашақ оқиғалардың әсеріне қатысты бірқатар кәсіби пайымдауларды қалыптастыруды көздеуі мүмкін. Уақыт өте келе Банктің қарамағына жаңа ақпарат түсуі мүмкін, осыған байланысты Банктің қолданыстағы салық міндеттемелерінің орындылығына қатысты шешімдерін өзгерту қажеттілігі туындауы мүмкін. Салық міндеттемелерінің шамасындағы осындай өзгерістер осы пайымдаулар өзгерген кезеңдегі салық сомасына әсер етеді.

Пайдалануға әлі қабылданбаған жаңа стандарттар мен түсініктемелер

Бірқатар жаңа стандарттар мен стандарттарға түзетулер мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Алайда, Банк осы жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын көшуді жүзеге асырмады.

Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірулер Банктің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- *ХҚЕС (IAS) 1-ге түзетпелер – «Міндеттемелерді қысқа және ұзақ мерзімді деп жіктеу»;*
- *ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» түзетулері – кері жалға беру кезінде сату бойынша жалдау міндеттемелері;*
- *ХҚЕС (IAS) 7 «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп» қосымша түсіндірулері;*
- *«Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» ХҚЕС (IFRS) 7.*

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге жаңа стандарттар, түсіндірулер мен түзетулер

Банк алғаш рет 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе осы күннен кейін басталған жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енген кейбір стандарттар мен түзетулерді қолданды (егер басқаша көрсетілмесе).

- *ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»;*
- *ХҚЕС (IAS) 8-ге түзетулер– Бухгалтерлік бағалауды анықтау;*
- *ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС бойынша 2-практикалық ұсыныстарға түзетулер– «Есеп саясатын ашу»;*
- *ХҚЕС (IAS) 12 «Пайда салығы» түзетулері– бір операциядан туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық.*

Бұл түзетулер Банктің жеке қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер еткен жоқ. Банк шығарған қаржылық кепілдіктер ХҚЕС (IFRS) 9 "Қаржы құралдары: тану және бағалау" талаптарына сәйкес есепке алынады.

4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар

Бағалаулардың белгісіздігі

ХҚЕС стандарттарының талаптарына сәйкес жеке қаржылық есептілікті дайындау Банк басшылығын есеп саясатын қолдануға және жеке қаржылық есептілікте ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың мөлшеріне әсер ететін пайымдауларды, есептік бағалаулар мен жорамалдарды қолдануға міндеттейді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалау және олардың негізінде жатқан болжамдар тұрақты негізде қайта қаралады. Бағалардағы түзетулер тиісті бағалаулар қайта қаралған есепті кезеңде және өздері қатысты кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

4. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Бағалаулардың белгісіздігі, жалғасы

Қаржы құралдарының әділ құны

Егер қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерді қамтитын әртүрлі бағалау модельдерін қолдану арқылы анықталады. Мұндай модельдердің бастапқы деректері, егер мүмкін болса, бақыланатын нарық негізінде анықталады; кері жағдайда, әділ құнды анықтау үшін пайымдауды қолдану қажет. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат қолжетімді болған шамада Банк қаржы құралдарының әділ құнын бағалауды жүргізу кезінде күтілетін болашақ ақша ағындарының қайта қаралған бағалауларын көрсетті (37-ескертіпте).

Қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған залалдар

Қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша құнсызданудан болған залалдарды бағалау пайымдауды қолдануды талап етеді, атап айтқанда, құнсызданудан (ККЗ) болған залалдарды айқындау және кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюын бағалау кезінде болашақ ақша ағындарының пайда болу шамасы мен мерзімін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есептік бағалау бірқатар факторларға байланысты, олардың өзгеруі құнсыздануға белгіленген бағалау резервтерінің әртүрлі сомаларына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, бизнес жұмысындағы ірі ауқымды іркілістер кейбір ұйымдар мен тұтынушыларда өтімділікке байланысты қиыншылықтарға әкелуі мүмкін. Банктің ККЗ есептеулері бастапқы деректердің айнымалыларын және олардың өзара тәуелділіктерін таңдауға қатысты бірқатар негізгі болжамдарды қамтитын күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады.

- Пайымдаулар мен есептеулер болып саналатын ККЗ есептеу модельдерінің элементтеріне мыналарды дефолт ықтималдығын анықтау үшін Банк пайдаланатын ішкі кредиттік рейтинг беру жүйесі (PD);
- кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаюы орын алғанын бағалау үшін Банк пайдаланатын критерийлер, нәтижесінде қаржы активтері бойынша құнсыздану бойынша бағалау резерві бүкіл мерзімдегі ККЗ-ға тең сомада бағалануы тиіс және сапалық бағалау;
- қаржылық активтерді топтарға біріктіру, соның ішінде әртүрлі формулалар мен бастапқы деректерді таңдау;
- макроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы, мысалы, жұмыссыздық деңгейі және қамтамасыз ету құны арасындағы қатынастарды, сондай-ақ дефолт ықтималдығы көрсеткішіне (PD), дефолт қаупіне ұшыраған шамаға (EAD) және дефолт кезіндегі шығындар деңгейіне (LGD) әсер етуге ықпалды анықтау;
- болжамды макроэкономикалық сценарийлерді таңдау және оларды өлшеу және ККЗ бағалау модельдері үшін экономикалық бастапқы деректерді алу үшін олардың ықтималдығын ескере отырып.

Банк басшылығы кепілмен қамтамасыз ету мониторингін тұрақты негізде жүзеге асырады. Банк басшылығы нарықтағы ағымдағы жағдайды ескере отырып, кепілзаттық қамтамасыз ету құнын түзету үшін тәжірибеге негізделген пайымдауларды немесе тәуелсіз бағалауды пайдаланады.

Банк ағымдағы экономикалық жағдайларды көрсету үшін күтілетін кредиттік шығындарды асыра бағалады. Жеке негізде бағаланған клиенттерге берілген кредиттер бойынша ККЗ ағымдағы шарттардың клиенттердің бизнесіне әсері туралы ең соңғы ақпаратты пайдалана отырып қайта есептелді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат қолжетімді болған шамада Банк ККЗ бағалау жүргізу кезінде күтілетін болашақ ақша ағындарының қайта қаралған бағалауларын көрсетті.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдай туралы жеке есепте танылған клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервінің сомасы 270,188 миллион теңге (2022 жылғы 31 желтоқсан: 305,141 миллион теңге). Клиенттерге берілген кредиттер бойынша толық ақпарат 19-ескертіпте берілген.

4. Есептік саясаттың елеулі ережелері, жалғасы

Бағалаулардың белгісіздігі, жалғасы

Салық салу

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында негізгі салық мәселелерін реттейтін бірыңғай салық кодексі қолданылады. Қолданыстағы салықтарға қосылған құн салығы, корпоративті табыс салығы, әлеуметтік және басқа салықтар жатады. Көбінесе нормативтік құқықтық актілерді қолдану туралы атқарушы бұйрықтар түсініксіз немесе мүлдем жоқ және біршама прецеденттер анықталды. Ведомстволар арасында да, бір ведомство ішінде де ережелерді құқықтық түсіндіруге қатысты әртүрлі пікірлер жиі кездеседі, бұл біршама белгісіздік пен қақтығысты жағдайларды тудырады.

Салық декларациялары, сондай-ақ басқа да құқықтық реттеу салалары (мысалы, кедендік және валюталық бақылау мәселелері) заң бойынша елеулі айыппұлдар, өсімпұлдар мен тұрақсыздық төлемін салуға құқығы бар бірнеше ведомстволардың бақылауында болады. Мұндай жағдай, мысалы, салық заңнамасының неғұрлым дамыған жүйелері бар басқа елдерге қарағанда, Қазақстанда салық тәуекелдерінің ықтималдығының үлкен дәрежесін тудырады.

Басшылық Банктің 2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша салық позициясы оның қызметін реттейтін Қазақстан Республикасы салық заңнамасының ережелеріне сәйкес келеді деп есептейді. Алайда, тиісті органдар даулы салық мәселелеріне қатысты өзге позицияларды ұстануы мүмкін деген тәуекел қалып отыр.

5. Кредиттік тәуекелдердің талдауы

Банктің қаржылық тәуекелдерді басқару бойынша қолданатын саясаты туралы ақпарат *31-ескертемеде* берілген. Есеп саясатының тиісті сипаттамасы *3-ескертемеде* келтірілген.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі

Қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің бастапқы танылғаннан бері айтарлықтай жоғарылауы болғанын бағалау кезінде Банк артық шығындар мен күш-жігерсіз орынды және қолжетімді ақпаратқа негізделген және расталған ақпаратты қарастырады. Бағалау сандық және сапалық ақпаратты, сондай-ақ Банктің тарихи тәжірибесіне, кредиттік сапаны сараптамалық бағалауға және болжамды ақпаратқа негізделген талдауды қамтиды.

Банк кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылағанын анықтау үшін үш критерийді қолданады:

- дефолт ықтималдығының өзгеруіне негізделген сандық өлшем (қаржы құралының әрбір тәуекел Тобы үшін дефолт ықтималдығының 100%-дан 200%-ға дейін салыстырмалы ұлғаюының рұқсат етілген шектері белгіленеді);
- сапалық белгілері; және
- мерзімді кешіктіруге белгіленген 30 күндік "шектегіш".

Банк кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позицияға дефолт тәуекелін болжау үшін пайдаланылатын әртүрлі деректер негізінде, сондай-ақ кредиттік сапаға қатысты сараптамалық пайымдауды қолдану арқылы тиісті кредиттік тәуекел рейтингін береді. Кредиттік тәуекел рейтингтері дефолт тәуекелінің индикаторы ретінде қызмет ететін сапалық және сандық факторларды қолдану арқылы анықталады. Бұл факторлар кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияның сипатына және қарыз алушының түріне байланысты өзгереді.

Кредиттік тәуекел рейтингтері дефолт қаупі кредиттік тәуекел нашарлаған сайын экспонент бойынша өсетіндей етіп анықталады және калибрленеді - мысалы, кредиттік тәуекелдің 1 мен 2 рейтингтері арасындағы айырмашылық кредиттік тәуекелдің 2 және 3 рейтингтері арасындағы айырмашылықтан аз.

Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар (корпоративтік клиенттер):

Кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позиция қарыз алушы туралы қолда бар ақпарат негізінде бастапқы тану күніндегі кредиттік тәуекелдің белгілі бір рейтингісіне жатады. Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар тұрақты мониторингке жатады, бұл бастапқы тану кезінде кредиттік тәуекел рейтингісінен басқа рейтинг позициясын тағайындауға әкелуі мүмкін. Мониторинг әдетте келесі деректерді талдауды қамтиды.

- Қарыз алушылар туралы ақпаратты мерзімді негізде талдау нәтижесінде алынған ақпарат – мысалы, қаржылық есептілік, бюджеттер, болжамдар мен жоспарлар. Ерекше назар аударылатын көрсеткіштердің мысалдары: жалпы пайда, қаржылық левередж көрсеткіші, қарызға қызмет көрсету коэффициенті, шектеу шарттарының сақталуы ("келісімдер"), басқару сапасы, негізгі басқару персоналының құрамындағы өзгерістер;

5. Кредиттік тәуекелдердің талдауы, жалғасы

Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар (корпоративтік клиенттер), жалғасы:

- Кредиттік рейтингтік агенттіктердің деректері, баспасөздегі жарияланымдар, сыртқы кредиттік рейтингтердегі өзгерістер туралы ақпарат;
- Егер бұл ақпарат қолжетімді болса, эмитенттердің кредиттік дефолт облигациялары мен своптарының бағалары;
- Қарыз алушының қызметін жүзеге асырудың саяси, нормативтік және технологиялық ортасындағы нақты және күтілетін елеулі өзгерістер;
- Төлемдер туралы ақпарат, оның ішінде мерзімі өткен берешек мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ төлем коэффициенттерінің өзгермелі диапазоны;
- Берілген лимитті пайдалану;
- Кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау туралы сұраныстар мен сұраныстарды қанағаттандыру;
- Қаржылық, экономикалық жағдайлар мен қызметті жүзеге асыру шарттарының ағымдағы және болжамды өзгерістері.

Дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын құру

Кредиттік тәуекел рейтингтері кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар үшін дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын құрудағы негізгі бастапқы деректер болып табылады. Банк юрисдикцияға немесе аймаққа, өнім түріне және қарыз алушыға және кредиттік тәуекел рейтингіне байланысты талданатын кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға қатысты берешекке қызмет көрсету сапасы мен дефолт деңгейі туралы мәліметтерді жинайды.

Банк жиналған деректерді талдау және кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар үшін қалған кезеңдегі дефолт ықтималдығын бағалау және олардың уақыт бойынша өзгеруін күту үшін статистикалық модельдерді пайдаланады.

Бұл талдау дефолт деңгейінің өзгеруі мен негізгі макроэкономикалық факторлардың өзгеруі арасындағы байланысты анықтауды және калибрлеуді, сондай-ақ кейбір басқа факторлардың (мысалы, кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау тәжірибесі) дефолт тәуекеліне әсерін егжей-тегжейлі талдауды қамтиды. Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялардың көпшілігі үшін негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер инфляция болжамдары, Brent маркалы мұнай бағасының белгіленуі және жұмыс істемейтін кредиттер үлесінің өзгеруі болуы мүмкін.

Банк болжамды ақпаратты бағалау кезінде сараптамалық пайымдауды қолданады. Бұл бағалау сыртқы көздерден алынған ақпаратқа негізделеді (болжамды ақпаратты қосу туралы ақпаратты қараңыз). Банк бұл болжамдарды дефолт ықтималдығын бағалауды түзету үшін пайдаланады.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылағанын анықтау

Банк әрбір есепті кезеңде бастапқы танылғаннан бері кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өскенін бағалайды. Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін анықтау өлшемшарттары кредит түрлеріне, атап айтқанда корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғаларға, сондай-ақ портфельге байланысты өзгереді және дефолт ықтималдығы көрсеткішінің мәндерінің сандық өзгерістерін де, сапалық факторларды да, оның ішінде мерзімін кешіктіру уақыты бойынша "шектегіш" белгісін де қамтиды.

Банк кредиттік тәуекелге ұшыраған белгілі бір позиция бойынша кредиттік тәуекел, егер Банк қолданатын модельдеу әдістеріне сүйене отырып, контрагенттің қаржылық-экономикалық жағдайының нашарлауына әкелетін объективті факторлар байқалса, ол бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай өсті деп санайды. Кредиттік тәуекелдің елеулі жоғарылауы мәніне бағалау кезінде қалған бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдар өтеу мерзімінің өзгеруін ескере отырып түзетіледі.

Кредиттік тәуекелдің жоғарылауы, егер бұл Банктің кредиттік тәуекелді басқару процесіне байланысты сапалық белгілермен көрсетілсе, маңызды деп санауға болады, олардың әсерін сандық талдау шеңберінде уақтылы толық анықтау мүмкін емес. Бұл арнайы бақылау тізімінде болу сияқты белгілі бір жоғары тәуекел өлшемшарттарына сәйкес келетін кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға қатысты. Аталған сапалық факторларды бағалау кәсіби пайымдау негізінде және тиісті өткен тәжірибені ескере отырып жүргізіледі.

5. Кредиттік тәуекелдердің талдауы, жалғасы

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылағанын анықтау, жалғасы

Банктік шоттардағы қаражатты, сондай-ақ мерзімі жеті күннен астам уақытқа кешіктірілсе, кредиттік тәуекелдің елеулі өсуі орын алған инвестициялық бағалы қағаздарды қоспағанда, Банк бастапқы танылған сәттен бастап қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір артқанын куәландыратын "шектегіштің" белгісі ретінде осы актив бойынша 30 күннен астам мерзімді кешіктірудің бар болуын санайды. Мерзімі кешіктірілген берешек күндерінің саны толық сомада төлем алынбаған жағдай бойынша ең ерте күннен бастап күндер санын есептеу арқылы айқындалады. Төлемді жүзеге асыру күндері қарыз алушыға берілуі мүмкін жеңілдікті кезеңді есепке алмай айқындалады.

Егер бастапқы танудың салыстырмалы сәті бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы енді жоқ екендігінің дәлелі болса, онда тиісті құрал бойынша шығынға арналған бағалау резерві қайтадан 12 айлық ККЗ мөлшерінде бағаланатын болады. Кредиттік тәуекелдің жоғарылауының кейбір сапалы белгілері дефолт қаупінің жоғарылауын көрсетуі мүмкін, бұл белгінің өзі жойылғаннан кейін де жалғасады.

Мұндай жағдайларда Банк осы актив бойынша кредиттік тәуекелдің жеткілікті түрде төмендегенін дәлелдеу үшін қаржы активі бойынша төлемдер мерзімінде және белгіленген сомада жүзеге асырылуы тиіс 3 айдағы "сынақ мерзімін" айқындайды.

Шартта көзделген кредит талаптары өзгертілген кезде, барлық мерзім ішінде ККЗ тану критерийлері бұдан былай қанағаттандырылмайтындығын куәландыра отырып, Шарттың өзгертілген талаптарына сәйкес уақтылы төлемдер статистикасын қамтиды.

Банк мыналарға көз жеткізу үшін тұрақты негізде тексерулер жүргізу арқылы кредиттік тәуекелдің елеулі өсуін анықтау қабілеті тұрғысынан өлшемшарттарды тексеруді жүзеге асырады:

- өлшемшарттар кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияға қатысты дефолт оқиғасы басталғанға дейін кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін анықтауға мүмкіндік береді;
- өлшемшарттар актив бойынша берешек 30 күннен артық кешіктірілген уақытқа сәйкес келмейді;
- кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуін анықтау мен дефолт оқиғасының басталуы арасындағы орташа уақыт кезеңі ақылға қонымды болып көрінеді;
- кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар бағалау резерві кредиттік-құнсызданған активтер портфелінің құрамына (3-кезең) 12 айлық күтілетін кредиттік шығындар сомасында танылатын портфель құрамынан тікелей аударылмайды;
- кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларды бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар сомасында танылатын портфель құрамынан (1-кезең) бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар сомасында танылатын портфель құрамына ауыстыру кезінде күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резерві шамасының негізсіз құбылмалылығы жоқ (2-кезең).

"Дефолт" ұғымының анықтамасы

Қаржы активін Банк келесі жағдайларда дефолт оқиғасы басталған қаржы активтеріне жатқызады:

- қарыз алушының Банк алдындағы кредиттік міндеттемелерін Банк кепілзаттық қамтамасыз етуді іске асыру (ол болған жағдайда) сияқты шараларды қолданбай толық көлемде өтеуі екіталай; немесе
- Банктік шоттардағы қаражатты, сондай-ақ 7 (жеті) күннен артық мерзімге кешіктірілген болса дефолт орын алған инвестициялық бағалы қағаздарды қоспағанда, қарыз алушының Банк алдындағы кез келген елеулі кредиттік міндеттемелері бойынша берешегі 90 (тоқсан) күннен астам мерзімге кешіктірілген. Клиент ұсынылған лимиттен асып кеткеннен кейін немесе өтелмеген қарыздың ағымдағы сомасынан аз лимит мөлшері туралы хабарланғаннан кейін овердрафт мерзімі кешіктірілген болып саналады; немесе
- қарыз алушының кез келген елеулі кредиттік міндеттемелерінің қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты қайта құрылымдау жүргізілді; немесе
- қарыз алушының банкроттыққа ұшырау мүмкіндігі бар.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

5. Кредиттік тәуекелдердің талдауы, жалғасы

"Дефолт" ұғымының анықтамасы, жалғасы

Қарыз алушының міндеттемелері бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезінде Банк мынадай факторларды ескереді:

- сапалық – мысалы, келісімдерді бұзу;
- сандық – мысалы, мерзімі кешіктірілген берешек мәртебесі және сол эмитенттің Банк алдындағы басқа міндеттемелерін төлемеуі; сондай-ақ
- меншікті және сыртқы көздерден алынған өзге де ақпарат.

Қаржы құралы бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезіндегі бастапқы деректер және олардың маңыздылығы жағдайлардағы өзгерістерді көрсету үшін уақыт өте келе өзгеруі мүмкін.

Банк болжамды ақпаратты қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің елеулі өсуі үшін бағалауға да, күтілетін кредиттік залалдарды бағалауға да қосады. Банк болжалды ақпаратты бағалау үшін сыртқы көздерден алынған ақпаратқа негізделеді.

Болжалды ақпаратты қосу

Банк қаржылық құралдардың әрбір портфелі бойынша кредиттік тәуекел мен кредиттік шығындарды бағалауға әсер ететін негізгі факторлардың тізімін анықтады және құжаттады және тарихи деректерді талдауды қолдана отырып, макроэкономикалық айнымалылар, кредиттік тәуекел және кредиттік шығындар арасындағы байланысты бағалады. Банк инфляция болжамдарын, Brent маркалы мұнай бағасының баға белгілеулерін және жұмыс істемейтін кредиттер үлесінің өзгеруін анықтады және фактор ретінде құжаттады.

Негізгі көрсеткіш пен дефолт оқиғалары мен қаржылық активтердің әртүрлі портфолиолары бойынша шығындар деңгейлері арасындағы болжамды қатынастар соңғы 5 (бес) жылдағы тарихи деректерді талдау негізінде әзірленді.

Модификацияланған қаржылық активтер

Шартта көзделген кредит шарттары нарықтық жағдайлардың өзгеруін, клиенттерді ұстап қалуды және қарыз алушының ағымдағы немесе ықтимал кредиттік қабілетінің нашарлауына байланысты емес басқа факторларды қоса алғанда, бірқатар себептер бойынша өзгертілуі мүмкін. Шарттары өзгертілген қолданыстағы кредитті есепке алуда тану тоқтатылуы және есепке алу саясатына сәйкес әділ құны бойынша өзгертілген шарттармен жаңа кредитті есепке алуда тану көрсетілуі мүмкін.

Кредит шарттарының модификациясы оны тануды тоқтатуға әкеп соқтырған кезде, жаңадан танылған кредит 1-кезеңге жатады (егер ол тану күнінде кредиттік құнсызданбаған болса).

Банк қайтарылатын берешек сомасын ұлғайту және дефолт тәуекелін азайту мақсатында қаржылық қиындықтарға тап болған клиенттердің кредиттері бойынша шарттарды ("кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау тәжірибесі") қайта қарайды. Егер дефолт оқиғасы орын алса немесе дефолттың туындау қаупі жоғары болса, сондай-ақ борышкердің шарттың бастапқы талаптарына сәйкес төлемді жүзеге асыру үшін барлық қажетті күш-жігерін жұмсағанының дәлелі бар және ол Банк алдындағы міндеттемелерін қайта қаралған шарттарда орындай алады деп күтілсе, Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау жөніндегі Банктің саясатына сәйкес шарттарды қайта қарау әрбір жеке клиентке қатысты жүзеге асырылады.

Модификацияланған қаржылық активтер

Шарттарды қайта қарау әдетте өтеу мерзімін ұзартуды, пайыздарды төлеу мерзімін өзгертуді және шарттың (келісімдердің) шектеу шарттарын өзгертуді қамтиды. Кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау саясаты жеке тұлғаларға берілген кредиттерге де, заңды тұлғаларға берілген кредиттерге де қолданылады.

Кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау саясаты шеңберінде өзгертілген қаржылық активтер бойынша дефолт ықтималдығын бағалау шарттарды модификациялау Банктің пайыздар мен негізгі қарызды алу мүмкіндіктерін жақсартуға немесе қалпына келтіруге әкелген-әкелмегендігін, сондай-ақ Банктің кредиттік келісімдердің шарттарын осындай қайта қарауға қатысты бұрынғы тәжірибесін көрсетеді.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

5. Кредиттік тәуекелдердің талдауы, жалғасы

Модификацияланған қаржылық активтер, жалғасы

Осы процесс шеңберінде Банк қарыз алушының Шарттың өзгертілген талаптарына қатысты қарызға қызмет көрсету сапасын бағалайды және әртүрлі мінез-құлық факторларын қарайды.

Кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуінің сапалы индикаторын білдіреді және кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау ниеті кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияның кредиттік құнсызданғанының дәлелі бола алады. Клиент кредиттік тәуекелге ұшыраған позиция бұдан былай кредиттік құнсызданған болып саналмайынша /дефолт оқиғасы орын алған немесе дефолт ықтималдығы шығынға бағалау резерві қайтадан 12 айлық күтілетін кредиттік шығынға тең сомада бағаланатындай төмендеген болып саналғанша тұрақты негізде 12 айдың ішінде төлемдерді уақтылы жүргізіп отыруға тиіс болады.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалаудағы негізгі бастапқы деректер болып келесі айнаымалылардың уақытша құрылымы табылады:

- дефолт ықтималдығы (PD көрсеткіші);
- дефолт болған жағдайда шығын мөлшері (LGD көрсеткіші);
- дефолт жағдайында тәуекел сомасы (EAD көрсеткіші).

Кезеңге жататын кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға ККЗ 12 айлық PD көрсеткішін LGD көрсеткішіне және EAD мәніне көбейту арқылы есептеледі. Бүкіл мерзімдегі ККЗ бүкіл мерзімдегі PD көрсеткішін LGD көрсеткішіне және EAD мәніне көбейту арқылы есептеледі. 2-кезең мен 3-кезеңге жататын кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға ККЗ бүкіл мерзімдегі PD көрсеткішін LGD көрсеткішіне және EAD шамасына көбейту арқылы есептеледі.

Жеке кредиттік-құнсызданған қаржылық активтер, резервтердің мөлшері кредит берудің қалған мерзіміне активтердің жалпы баланстық құны мен есептелген болашақ ақша ағындарының ағымдағы құны арасындағы айырма ретінде бағаланады.

Бұл көрсеткіштер, әдетте, Банк қолданатын статистикалық модельдер мен басқа да тарихи мәліметтер негізінде алынады. Олар жоғарыда сипатталғандай болжамды ақпаратты ескере отырып түзетілуі керек.

PD көрсеткіштерін бағалау дегеніміз – кредиттік тәуекелге ұшыраған контрагенттер мен позициялардың әртүрлі санаттарына бейімделген бағалау құралдарын қолдана отырып, статистикалық модельдер негізінде есептелетін белгілі бір күнге жүргізілген көрсеткіштерді бағалау. Бұл статистикалық модельдер сандық және сапалық факторларды қамтитын, Банкте бар жинақталған деректерге негізделген. Мүмкіндігінше, Банк ірі контрагенттер-заңды тұлғалар үшін PD көрсеткіштерін бағалау үшін нарықтық деректерді пайдаланады. PD көрсеткіштері кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялардың шарттық өтеу мерзімдерін және мерзімінен бұрын өтеуге қатысты күтілетін нәтижелерді ескере отырып бағаланады.

Банк операциялық қызмет есебінен және өз міндеттемелері бойынша дефолтқа жол берген қарыз алушылар бойынша статистикалық деректер мен бағалау пайымдауларына негізделген кепілдерді іске асыру есебінен ақшалай қаражатты қайтару коэффициенттері туралы ақпарат негізінде LGD көрсеткіштерін бағалайды.

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау

LGD бағалау модельдері қаржылық активтің ажырамас бөлігі болып табылатын кез-келген қамтамасыз етудің құрылымын, түрін және өтеу шығындарын ескереді. Жеке тұлғалардың жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген кредиттері үшін кредит сомасы мен кепіл құны арасындағы қатынас (LTV көрсеткіші) дефолт болған жағдайда шығын мөлшерін анықтаудың негізгі параметрі болып табылады. LGD көрсеткіштері дисконттау факторы ретінде тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, дисконтталған ақша ағындары негізінде есептеледі.

Дефолт болған жағдайда тәуекел сомасы - бұл дефолт басталған күні кредиттік тәуекелге ұшыраған шаманың есептік баға. Бұл көрсеткішті Банк Шарт талаптарына сәйкес және амортизация нәтижесінде осы шамада күтілетін өзгерістерді ескере отырып есепті күнге ағымдағы шаманы негізге ала отырып есептейді. Қаржы активі үшін EAD мәні - бұл дефолт кезіндегі жалпы баланстық құн.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

5. Кредиттік тәуекелдердің талдауы, жалғасы

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау, жалғасы

Егер параметрді модельдеу топтық негізде жүзеге асырылса, онда қаржы құралдары олар үшін ортақ болатын, құрал түрін, кредиттік тәуекел рейтингтерін, кепілдегі кепілзаттық қамтамасыз ету түрін, жеке тұлғаларға ипотекалық кредит беруге арналған кредит сомасы мен кепіл құны (LTV көрсеткіші) арасындағы қатынасты, бастапқы тану күнін, өтеуге дейінгі мерзімді, саланы және қарыз алушының географиялық орналасуын қамтитын тәуекел сипаттамалары негізінде топтастырылады.

Топтарға біріктірілген қаржы құралдарының кредиттік тәуекелінің сипаттамалары айтарлықтай ерекшеленбейтіндігіне тұрақты бағалау жүргізу қажет.

Банкте жеткілікті көлемде өткен кезеңдер туралы ақпараты жоқ портфельдерге қатысты қосымша ретінде сыртқы көздерден салыстырмалы ақпарат пайдаланылады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сыртқы көздерден алынған салыстырмалы ақпарат күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін бастапқы ақпарат ретінде пайдаланылған портфельдердің мысалдары төменде келтірілген.

Баптың атауы	2023 жылғы 31 желтоқсанда	Сыртқы көздерден алынған салыстырмалы ақпарат	
		PD көрсеткіші	LGD көрсеткіші
			100%;
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	462,589	Moody's дефолттар статистикасы	0% – егер үкімет 100% контрагент болса;
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	56,373	Moody's дефолттар статистикасы	0% – егер контрагент Үкіметтің қатысуын бақылайтын кәсіпорын болса
Инвестициялық бағалы қағаздар	815,905	Moody's дефолттар статистикасы	Moody's шығынның орнын өтеу деңгейінің статистикасы
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	105,458	Moody's дефолттар статистикасы	0%

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сыртқы көздерден алынған салыстырмалы ақпарат күтілетін кредиттік шығындарды бағалау үшін бастапқы ақпарат ретінде пайдаланылған портфельдердің мысалдары төменде келтірілген.

Баптың атауы	2022 жылғы 31 желтоқсанда	Сыртқы көздерден алынған салыстырмалы ақпарат	
		PD көрсеткіші	LGD көрсеткіші
			100%;
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	611,412	Moody's дефолттар статистикасы	0% – егер үкімет 100% контрагент болса;
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	39,556	Moody's дефолттар статистикасы	0% – егер контрагент Үкіметтің қатысуын бақылайтын кәсіпорын болса
Инвестициялық бағалы қағаздар	841,958	Moody's дефолттар статистикасы	Moody's шығынның орнын өтеу деңгейінің статистикасы
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	103,068	Moody's дефолттар статистикасы	0%

Кредиттік сапа талдауы

Келесі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы активтерінің, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдардың кредиттік сапасы туралы ақпарат берілген. Егер өзгеше көрсетілмесе, қаржы активтері бойынша кестедегі сомалар жалпы баланстық құнның шамаларын көрсетеді.

	2023 жылғы 31 желтоқсан	
	1-кезең	Барлығы
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар		
- «AAA-» бастап «AAA+» дейінгі кредиттік рейтингімен	22,233	22,233
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі кредиттік рейтингімен	560,161	560,161
Жиыны	582,394	582,394
Күтілетін кредиттік залалдар (анықтама)	(215)	(215)
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың жалпы жиынтық баланстық құны	570,382	570,382

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

5. Кредиттік тәуекелдердің талдауы, жалғасы

Кредиттік сапа талдауы, жалғасы

	2022 жылғы 31 желтоқсан	
	1-кезең	Барлығы
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар		
- «AAA-» бастап «AAA+» дейінгі кредиттік рейтингімен	4,652	4,652
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі кредиттік рейтингімен	779,371	779,371
Жиыны	784,023	784,023
Күтілетін кредиттік залалдар (анықтама)	(85)	(85)
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың жалпы жиынтық баланстық құны	784,023	784,023
	2023 жылғы 31 желтоқсан	
	1-кезең	Барлығы
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін инвестициялық бағалы қағаздар		
- «AAA-» бастап «AAA+» дейінгі кредиттік рейтингімен	32,942	32,942
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі кредиттік рейтингімен	200,686	200,686
	233,628	233,628
Күтілетін кредиттік шығындар	(117)	(117)
Жиыны	233,511	233,511
	2022 жылғы 31 желтоқсан	
	1-кезең	Барлығы
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін инвестициялық бағалы қағаздар		
- «AAA-» бастап «AAA+» дейінгі кредиттік рейтингімен	5,202	5,202
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі кредиттік рейтингімен	52,776	52,776
	57,978	57,978
Күтілетін кредиттік шығындар	(43)	(43)
Жиыны	57,935	57,935
	2023 жылғы 31 желтоқсан	
	1-кезең	Барлығы
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы		
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі кредиттік рейтингімен	105,458	105,458
Жиыны	105,458	105,458
	2022 жылғы 31 желтоқсан	
	1-кезең	Барлығы
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы		
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі кредиттік рейтингімен	103,068	103,068
Жиыны	103,068	103,068

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

5. Кредиттік тәуекелдердің талдауы, жалғасы

Кредиттік сапа талдауы, жалғасы

Әрі қарай кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ішкі рейтингтер негізінде амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын клиенттерге берілген кредиттердің сапасы туралы ақпарат берілген:

	2023 жылғы 31 желтоқсан				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Барлығы
Корпоративтік клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттер					
- «А-» бастап «А+» дейінгі кредиттік рейтингімен	5,957	–	–	–	5,957
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейінгі кредиттік рейтингімен	37,070	–	–	–	37,070
- «ВВ-» бастап «ВВ+» дейінгі кредиттік рейтингімен	45,971	–	–	–	45,971
- «В-» бастап «В+» дейінгі кредиттік рейтингімен	200,665	726	–	–	201,391
- «ССС-» бастап «ССС+» дейінгі кредиттік рейтингімен	2,106	431	–	–	2,537
- рейтингісі жоқ*	143,134	3,833	6,715	12,292	165,974
- дефолттық	–	–	46,174	221,672	267,846
	434,903	4,990	52,889	233,964	726,746

Күтілетін кредиттік залалдар	(3,969)	(291)	(29,796)	(187,348)	(221,404)
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер	430,934	4,699	23,093	46,616	505,342

ККЗ резервін шегергенге дейін клиенттерге берілген кредиттер сомасына қатысты ККЗ резерві, %	0.9	5.8	56.3	80.1	30.5
--	-----	-----	------	------	------

Әрі қарай кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын клиенттерге берілген кредиттердің сапасы туралы ақпарат берілген:

	2022 жылғы 31 желтоқсан				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Барлығы
Корпоративтік клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттер					
- «А-» бастап «А+» дейінгі кредиттік рейтингімен	34,645	–	–	–	34,645
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейінгі кредиттік рейтингімен	15,686	–	–	–	15,686
- «ВВ-» бастап «ВВ+» дейінгі кредиттік рейтингімен	83,832	32	–	–	83,864
- «В-» бастап «В+» дейінгі кредиттік рейтингімен	112,850	3,861	–	–	116,711
- «ССС-» бастап «ССС+» дейінгі кредиттік рейтингімен	9,510	5,026	–	–	14,536
- рейтингісі жоқ*	148,890	1,106	5,525	15,149	170,670
- дефолттық	–	–	49,537	276,967	326,504
	405,413	10,025	55,062	292,116	762,616

Күтілетін кредиттік залалдар	(2,849)	(129)	(34,914)	(230,781)	(268,673)
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер	402,564	9,896	20,148	61,335	493,943

ККЗ резервін шегергенге дейін клиенттерге берілген кредиттер сомасына қатысты ККЗ резерві, %	0.7	1.3	63.4	79.0	35.2
--	-----	-----	------	------	------

* "Кредиттік рейтинг берілмеген" категориясында дефолт ықтималдығы көші-қон матрицалары негізінде бааланатын ұжымдық негіздегі қарыздар көрсетілген.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

5. Кредиттік тәуекелдердің талдауы, жалғасы

Кредиттік сапа талдауы, жалғасы

Әрі қарай кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын клиенттерге берілген корпоративтік және бөлшек кредиттердің сапасы туралы ақпарат берілген:

	2023 жылғы 31 желтоқсан				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Барлығы
Корпоративтік клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттер					
Мерзімі кешіктірілмеген	427,631	3,300	9,542	135,071	575,544
30 күннен аз мерзімге кешіктірілген	7,272	131	37	3,526	10,966
30-89 күнге кешіктірілген	–	1,556	69	708	2,333
90-179 күнге кешіктірілген	–	3	707	82	792
180-360 күнге кешіктірілген	–	–	5,984	11,133	17,117
360 күннен астам уақытша кешіктірілген	–	–	36,550	83,444	119,994
	434,903	4,990	52,889	233,964	726,746
Күтілетін кредиттік залалдар	(3,969)	(291)	(29,796)	(187,348)	(221,404)
Корпоративтік клиенттерге берілген клиенттер	430,934	4,699	23,093	46,616	505,342

	2023 жылғы 31 желтоқсан				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Барлығы
Жеке тұлға клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттер					
Мерзімі кешіктірілмеген	405,450	278	1,806	2,545	410,079
30 күннен аз мерзімге кешіктірілген	14,271	135	568	49	15,023
30-89 күнге кешіктірілген	–	10,499	1,300	87	11,886
90-179 күнге кешіктірілген	–	457	9,813	30	10,300
180-360 күнге кешіктірілген	–	–	11,916	532	12,448
360 күннен астам уақытша кешіктірілген	–	–	19,693	2,936	22,629
	419,721	11,369	45,096	6,179	482,365
Күтілетін кредиттік залалдар	(10,681)	(3,478)	(32,498)	(2,127)	(48,784)
Клиенттерге берілген клиенттер	409,040	7,891	12,598	4,052	433,581

Бұдан әрі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын клиенттерге берілген корпоративтік және бөлшек кредиттердің сапасы туралы ақпарат берілген:

	2022 жылғы 31 желтоқсан				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Барлығы
Корпоративтік клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттер					
Мерзімі кешіктірілмеген	401,243	9,745	6,788	186,366	604,142
30 күннен аз мерзімге кешіктірілген	4,157	46	3,165	2,995	10,363
30-89 күнге кешіктірілген	13	234	2,253	290	2,790
90-179 күнге кешіктірілген	–	–	372	16,433	16,805
180-360 күнге кешіктірілген	–	–	12,815	8,453	21,268
360 күннен астам уақытша кешіктірілген	–	–	29,669	77,579	107,248
	405,413	10,025	55,062	292,116	762,616
Күтілетін кредиттік залалдар	(2,849)	(129)	(34,914)	(230,781)	(268,673)
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер	402,564	9,896	20,148	61,335	493,943

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

5. Кредиттік тәуекелдердің талдауы, жалғасы

Кредиттік сапа талдауы, жалғасы

	2022 жылғы 31 желтоқсан				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Барлығы
Жеке тұлға клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттер					
Мерзімі кешіктірілмеген	277,584	388	1,922	3,541	283,435
30 күннен аз мерзімге кешіктірілген	10,654	194	655	241	11,744
30-89 күнге кешіктірілген	–	7,159	1,194	636	8,989
90-179 күнге кешіктірілген	–	–	10,400	126	10,526
180-360 күнге кешіктірілген	–	–	15,953	158	16,111
360 күннен астам уақытша кешіктірілген	–	–	8,616	3,556	12,172
	288,238	7,741	38,740	8,258	342,977
Күтілетін кредиттік залалдар	(8,898)	(2,490)	(22,743)	(2,337)	(36,468)
Жеке тұлға клиенттерге берілген кредиттер	279,340	5,251	15,997	5,921	306,509

Әрі қарай кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құн бойынша бағаланатын өзге де қаржы активтерінің сапасы туралы ақпарат берілген:

	2023 жылғы 31 желтоқсан				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Барлығы
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін өзге де қаржы активтері					
Мерзімі кешіктірілмеген	21,417	–	–	–	21,417
30 күннен аз мерзімге кешіктірілген	–	8	–	–	8
30-89 күнге кешіктірілген	–	–	231	–	231
90-179 күнге кешіктірілген	–	–	581	–	581
180-360 күнге кешіктірілген	–	–	2,758	–	2,758
	21,417	8	3,570	–	24,995
Күтілетін кредиттік залалдар	(2,681)	(1)	(2,862)	–	(5,544)
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын өзге де қаржы активтері	18,736	7	708	–	19,451

Әрі қарай кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құн бойынша бағаланатын өзге де қаржы активтерінің сапасы туралы ақпарат берілген:

	2022 жылғы 31 желтоқсан				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Барлығы
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін өзге де қаржы активтері					
Мерзімі кешіктірілмеген	13,523	–	–	–	13,523
30 күннен аз мерзімге кешіктірілген	12	–	–	–	12
30-89 күнге кешіктірілген	–	8	–	–	8
90-179 күнге кешіктірілген	–	–	191	–	191
180-360 күнге кешіктірілген	–	–	3,841	–	3,841
	13,535	8	4,032	–	17,575
Күтілетін кредиттік залалдар	(2,419)	(2)	(3,835)	–	(6,256)
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын өзге де қаржы активтері	11,116	6	197	–	11,319

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

6. Таза пайыздық кіріс

Таза пайыздық кіріс келесідей:

	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	23,784	38,534
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	687	88
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	111,523	45,391
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін инвестициялық бағалы қағаздар	9,817	12,270
Клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттер	178,211	147,590
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	4,260	4,300
Басқа қаржы активтері	1,059	741
	329,341	248,914
Басқа пайыздық кірістер		
Сауда бағалы қағаздары	10	23
ПЗӘҚ бойынша бағаланатын, клиенттерге берілген кредиттер	–	282
	10	305
Пайыздық кірістер барлығы	329,351	249,219
Пайыздық шығыстар		
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	(1,294)	(1,337)
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	(4,358)	(1,059)
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	(83,246)	(55,580)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	(24,897)	(28,539)
Реттелген қарыздар	(26,922)	(26,044)
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	(482)	(524)
Жалдау бойынша міндеттемелер	(299)	(378)
Басқа қаржылық міндеттемелер	(959)	(819)
	(142,457)	(114,280)
Пайыздық шығыстар барлығы	(142,457)	(114,280)
Таза пайыздық кіріс	186,894	134,939

2023 жылға тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер клиенттерге берілген кредиттік-құнсызданған кредиттер бойынша 13,645 миллион теңге мөлшерінде пайыздық сыйақыны камтиды (2022 жыл: 17,157 миллион теңге).

Алынған пайыздық кірістер келесідей түрде ұсынылған:

	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	23,784	38,534
Сауда бағалы қағаздары	7	14
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	94	72
Инвестициялық бағалы қағаздар	104,532	56,959
Клиенттерге берілген кредиттер	175,852	101,333
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	4,288	4,215
Басқа қаржы активтері	206	208
Жиыны	308,763	201,335

Төленген пайыздық шығыстар келесідей түрде ұсынылған:

	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	(379)	(1,451)
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	(4,358)	(1,058)
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	(80,785)	(54,059)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар (26-ескертпе)	(11,625)	(13,468)
Реттелген қарыздар (27-ескертпе)	(16,192)	(16,641)
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	(482)	(525)
Жиыны	(113,821)	(87,202)

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

7. Кредиттік шығындар бойынша шығыстар

2023 және 2022 жылдардағы пайда немесе залал ретінде танылған қаржы құралдары бойынша кредиттік залалдар бойынша шығыстарға мыналар жатады:

	<i>Еск.</i>	2023 жыл	2022 жыл
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	15	(148)	(1,065)
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	17	21	(35)
Инвестициялық бағалы қағаздар	18	(283)	(32)
Клиенттерге берілген кредиттер	19	(23,539)	(38,241)
Қаржылық кепілдіктер		–	(6)
Басқа қаржы активтері	22	(979)	(242)
Кредиттік шығындар бойынша шығыстар		(24,928)	(39,621)

8. Комиссиялық кірістер мен шығыстар

Комиссиялық кірістер мен шығыстар келесі тармақтарды қамтиды:

	2023 жыл	2022 жыл
Ақша аудару операциялары	34,743	17,974
Клиенттердің карточкалық шоттарына қызмет көрсету	9,082	7,679
Есеп айырысу операциялары	4,031	3,270
Кепілдіктер мен аккредитивтер	1,983	1,522
Касса операциялары	1,462	2,303
Агенттік қызметтер	1,300	434
Шетел валютасымен операциялар	583	647
Сейфтік операциялар бойынша қызметтер	188	176
Бағалы қағаздар нарығындағы қызмет	150	116
Басқа комиссиялық кірістер	391	503
Комиссиялық кірістер	53,913	34,624
Клиенттердің карточкалық шоттарына қызмет көрсету	(34,475)	(18,083)
Ақша аудару операциялары	(1,105)	(852)
Алынған агенттік қызметтер бойынша комиссиялық шығыстар	(620)	(356)
Брокерлердің қызметтері	(258)	(207)
Шетел валютасымен операциялар	(247)	(601)
Корреспонденттік шоттарды жүргізу	(37)	(272)
Кепілдіктер мен аккредитивтер	–	(1)
Басқа комиссиялық шығыстар	(191)	(172)
Комиссиялық шығыстар	(36,933)	(20,544)
Таза комиссиялық кіріс	16,980	14,080

Банк комиссиялық кірістерді тануды ХҚЕС (IFRS) 15 "Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім" стандартына сәйкес комиссияның шамасы айқындалатын мақсат бойынша және тиісті қаржы құралын есепке алудың қабылданған тәртібі бойынша жүзеге асырады (3-ескертпе).

Шарттар бойынша активтер мен міндеттемелер

Келесі кестеде сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша дебиторлық берешек туралы ақпарат берілген.

	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Комиссиялар бойынша дебиторлық берешек (22-ескертпе)	4,227	2,476

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бастапқы күтілетін ұзақтығы 15 ХҚЕС (IFRS) көздегендей бір жыл немесе одан аз болатын орындау міндеттемелері жоқ.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

8. Комиссиялық кірістер мен шығыстар, жалғасы

Орындау міндеттемелері және кірісті тану саясаты

Кіріс сатып алушымен жасалған шартта көрсетілген өтем негізінде бағаланады. Банк қызметті бақылау сатып алушыға ауысқан кезде кірісті таниды.

Әрі қарай төлемнің елеулі талаптарын және қызметтердің елеулі түрлері (аударым операциялары үшін комиссиялар) бойынша кірісті танудың тиісті саясатын қоса алғанда, сатып алушылармен жасалған шарттарда орындауға міндеттемелердің сипаты мен уақыт шеңбері туралы мәліметтер келтірілген.

Төлем карталарына қызмет көрсету қызметтері сауда және сервис кәсіпорындарында жүзеге асырылған кредиттік және дебеттік карталар бойынша операциялардан өзара айырбастау алымын (interchange fee) қамтиды. Түсім төлем жүйелерінен өтем алғаннан кейінгі уақытта танылады. Төлем карталарымен байланысты өзге де комиссиялар транзакция аяқталған сәтте танылады.

Аударым операциялары бойынша қызметтер мыналарды қамтиды:

- Қазақстан бойынша ағымдағы және карточкалық шот ашпай ақша аударымдарын қабылдау, өңдеу және төлеу жөніндегі қызметтер;
- ағымдағы және карточкалық шот ашпай-ақ халықаралық ақша аударымдарын қабылдау, өңдеу және төлеу жөніндегі қызметтер.

Ақша аударымдары қызметтері алдын ала төлем негізінде көрсетіледі.

9. Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза пайда

ПЗЭҚ бойынша бағаланатын қаржы құралдары бойынша таза пайдаға мыналар жатады:

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
Валюталық туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза іске асырылған пайда (16-ескертпе)	3,334	20,533
ПЗЭҚ бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттердің әділ құнының өзгеруінен таза пайда	338	3,021
Валюталық туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза іске асырылмаған пайда/(залал) (16-ескертпе)	194	(1,203)
Сауда бағалы қағаздарының әділ құнының өзгеруінен пайда/(залал)	5	(5)
Жиыны	3,871	22,346

2023 жылғы валюталық қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза іске асырылған пайда 31 миллион теңге (2022 жыл: валюталық форвардтық шарттармен операциялар бойынша 20,289 миллион теңге мөлшерінде пайда) мөлшеріндегі валюталық форвардтық шарттармен операциялар бойынша залалды және 3,365 миллион теңге мөлшеріндегі валюталық своптармен операциялар бойынша пайданы (2022 жыл: 244 миллион теңге) қамтиды.

10. Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда

Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайдаға мыналар жатады:

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
"Спот" мәмілелерінен түскен пайда	20,096	32,999
Валюталық баптарды қайта бағалау, нетто	2,154	10,858
Жиыны	22,250	43,857

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

11. Басқа кірістер мен шығыстар

Басқа кірістер келесідей жолмен ұсынылған:

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
Сатуға арналған тауарлық-материалдық қорлар мен ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен кірістер	5,756	2,263
Басқа кірістер	1,855	2,428
Жиыны	7,611	4,691

Басқа шығыстар мынадай жолмен ұсынылған:

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
Алынған кепілзаттық қамтамасыз етуді өткізудің таза құнының өзгеруінен болған залалдар	(125)	(1,085)
Жиыны	(125)	(1,085)

12. Персоналға шығыстар

Персонал шығыстарына кіреді:

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
Қызметкерлерге сыйақы	(39,076)	(36,308)
Әлеуметтік аударымдар және жалақы бойынша салықтар	(4,062)	(3,750)
Жиыны	(43,138)	(40,058)

13. Басқа жалпы және әкімшілік шығыстар

Басқа жалпы және әкімшілік шығындарға мыналар жатады:

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	(9,160)	(6,077)
Тозу және амортизация (20-ескертпе)	(7,737)	(6,510)
Жарнамалық және маркетингтік қызметтер	(4,695)	(4,170)
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	(4,256)	(3,644)
Байланыс қызметтері және ақпараттық қызметтер	(2,331)	(1,951)
Салымдарды кепілдендірілген сақтандыру бойынша шығыстар	(1,953)	(2,149)
Кәсіби қызметтер	(2,281)	(662)
Күзет	(1,377)	(1,061)
Жалға алу (34-ескертпе)	(719)	(1,309)
Инкассация бойынша қызметтер	(717)	(507)
Іссапар шығыстары	(386)	(276)
Көлік шығындары	(315)	(302)
Кеңсе жабдықтарына арналған кеңсе керек-жарақтары мен керек-жарақтары	(293)	(429)
Пошта және курьерлік шығындар	(168)	(195)
Кадрларды іріктеуге, кадрларды оқытуға шығыстар	(113)	(223)
Сақтандыру	(108)	(36)
Айыппұл және өсімақы	(36)	(21)
Өкілдік шығындар	(25)	(18)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануынан келген шығыстар	(12)	(650)
Басқалары	(4,588)	(3,181)
Жиыны	(41,270)	(33,371)

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

14. Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар келесідей:

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс	–	–
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды есептеу – уақытша айырмашылықтардың пайда болуы және азаюы	(1,600)	(13,399)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың жиыны	(1,600)	(13,399)

Банктің табысына тек Қазақстан Республикасында ғана салық салынады. Салық заңнамасына сәйкес 2023 және 2022 жылдардағы корпоративтік табыс салығының қолданыстағы мөлшерлемесі 20.0% құрады.

Төменде салықтың нормативтік мөлшерлемесі бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды 2023 және 2022 жылғы жеке қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстармен салыстыру келтірілген:

	<u>2023 жыл</u>	<u>Мөлшерлеме, % есебімен</u>	<u>2022 жыл</u>	<u>Мөлшерлеме, % есебімен</u>
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда	134,892		102,046	
Қолданыстағы нормативтік ставкаға сәйкес есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығыс	(26,978)	20.0	(20,409)	20.0
Шегеруге жатпайтын шығыстар				
Құнсызданудан алынбайтын залалдар	(1,872)	1.4	(1,878)	1.8
Басқа шегерілмейтін шығыстар	(60)	–	–	–
Салық салынбайтын кірістер				
ҚҚБ ресми тізіміндегі мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша жеңілдікті кірістер	22,312	(16.5)	11,537	(11.3)
Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтеріндегі өзгерістер	4,670	(3.5)	–	–
Өткен кезеңдердегі КТС қайта есептеу бойынша салық шығындарын түзету	293	(0.2)	(4,254)	4.2
Қаржы активтерінің әділ құнын қайта бағалау бойынша салық салынбайтын кірістер	35	–	1,002	(1.0)
Басқа салық салынбайтын кірістер	–	–	603	(0.6)
Жиыны	(1,600)	1.2	(13,399)	13.1

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері

Қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын базаны есептеу мақсаттары үшін пайдаланылатын сомалар арасында туындайтын уақытша айырмашылықтар 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің пайда болуына әкеледі. Болашақ кезеңдерге ауыстырылған салық залалдарына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері осы жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі. Болашақ салық жеңілдіктері, егер банк шотына пайдаланылмаған салық залалын есептеуге болатын пайда алған жағдайда және егер Қазақстан Республикасының заңнамасында банктің аталған жеңілдіктерді болашақ кезеңдерде пайдалану қабілетіне теріс әсер ететін өзгерістер болмаса ғана алынуы мүмкін.

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық салынатын базаның мөлшерін азайтатын уақытша айырмашылықтарды пайдалану мерзімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасымен шектелмейді. Болашақ кезеңдерге келтірілген салық залалын пайдалану мерзімі пайда болған күннен кейін он жылдан кейін аяқталады.

Кейінге қалдырылған салық активтері 2017-2019 жылдардағы салық шығындарына қатысты толық мөлшерде танылады. Салық шығындарын есептеу мерзімі 2027-2029 жылдары аяқталады. 2023 жылғы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайданың жалпы сомасы 134,892 миллион теңгені құрады (2022 жылы: 102,046 миллион теңге).

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

14. Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар, жалғасы

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері

2023 жылғы 31 желтоқсандағы кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, сондай-ақ олардың тиісті жылдағы қозғалысы мыналарды қамтиды:

	2023 жылғы 1 қаңтар	Пайда немесе шығын құрамында көрсетілген	Капитал құрамында көрсетілген	2023 жылғы 31 желтоқсан
Шегерілетін уақыт айырмашылықтарының салық әсері				
Болашақ кезеңдерге келтірілген салық шығындары	12,661	307	–	12,968
Клиенттерге берілген кредиттер	10,912	(9,707)	–	1,205
Жалдау міндеттемесі	423	(34)	–	389
Туынды қаржы құралдары	152	(128)	–	24
Басқа активтер	3,259	(990)	–	2,269
Кейінге қалдырылған салық активтері	27,407	(10,552)	-	16,855
Салық салынатын уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері				
Шығарылған облигациялар	(99,256)	2,902	–	(96,354)
Реттелген қарыздар	(68,203)	1,541	–	(66,662)
Өтелетін шығындар бойынша резерв	(10,632)	4,670	–	(5,962)
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	(9,964)	184	–	(9,780)
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(1,824)	(373)	–	(2,197)
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	(375)	28	–	(347)
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(190,254)	8,952	-	(181,302)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелердің жиынтығы, нетто	(162,847)	(1,600)	-	(164,447)

2022 жылғы 31 желтоқсандағы кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, сондай-ақ олардың тиісті жылдағы қозғалысы мыналарды қамтиды:

	2022 жылғы 1 қаңтар	Пайда немесе шығын құрамында көрсетілген	Капитал құрамында көрсетілген	2022 жылғы 31 желтоқсан
Шегерілетін уақыт айырмашылықтарының салық әсері				
Болашақ кезеңдерге келтірілген салық шығындары	30,763	(18,102)	–	12,661
Клиенттерге берілген кредиттер	14,005	(3,093)	–	10,912
Жалдау міндеттемесі	616	(193)	–	423
Басқа міндеттемелер	2,317	942	–	3,259
Кейінге қалдырылған салық активтері	47,701	(20,446)	-	27,255
Салық салынатын уақытша айырмашылықтардың салықтық әсері				
Шығарылған облигациялар	(102,007)	2,751	–	(99,256)
Реттелген қарыздар	(69,969)	1,766	–	(68,203)
Өтелетін шығындар бойынша резерв	(10,632)	–	–	(10,632)
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	(9,530)	(434)	–	(9,964)
Туынды қаржы құралдары	(1,767)	1,919	–	152
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(1,336)	869	(1,357)	(1,824)
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	(551)	176	–	(375)
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	(195,792)	7,047	(1,357)	(190,102)
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелердің жиынтығы, нетто	(148,091)	(13,399)	(1,357)	(162,847)

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

15. Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Ақша қаражаттары мен олардың баламаларына мыналар жатады:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Кассадағы ақша қаражаты	64,841	95,690
«BBB-» кредиттік рейтингісі бар, ҚРҰБ-дағы ағымдағы шоттардағы қаражат	31,055	69,777
Басқа банктердегі ағымдағы шоттардағы қаражат:		
- «А-» бастап «А+» дейінгі кредиттік рейтингімен	45,108	3,320
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі кредиттік рейтингімен	2,086	12,077
- «BB-» бастап «BB+» дейінгі кредиттік рейтингімен	-	1,545
- кредиттік рейтинг берілмеген	2,096	12,650
Бағалы металдар	25	59
«BBB-» кредиттік рейтингісі бар, ҚРҰБ-дағы мерзімді салымдар	267,842	464,045
Басқа банктердегі мерзімді депозиттер:		
- «АА-» бастап «АА+» дейінгі кредиттік рейтингімен	50,591	34,371
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі кредиттік рейтингімен	52,429	13,921
Кері "репо" мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	12,156	351
Құнсыздануға арналған резерв шегерілгенге дейінгі ақша қаражаты және олардың баламалары	528,229	707,806
Құнсыздануға арналған резерв	(774)	(645)
Жиыны	527,455	707,161

Кредиттік рейтингтер халықаралық рейтингтік агенттіктердің стандарттарына сәйкес ұсынылған. Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының мерзімі кешіктірілмеген.

Кредиттік тәуекелдің 2-кезеңіне жатқызылған 10,081 миллион теңге сомасындағы ақша қаражаты мен олардың баламаларын қоспағанда, барлық ақша қаражаттары мен олардың баламалары кредиттік тәуекелдің 1-кезеңіне жатқызылған (2022 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше кредиттік тәуекелдің 2-кезеңі мен 3-кезеңіне жатқызылған 8,988 миллион теңге және 5 миллион теңге).

Кредиттік рейтингі берілмеген басқа банктердегі ағымдағы шоттардағы қаражат "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-тың жалпы сомасы 2,096 миллион теңге қаражатымен ұсынылған (2022 жылғы 31 желтоқсан: негізінен ресейлік банктер жалпы сома 9,707 миллион теңге ұсынған).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк ҚББ-да шарттық өтеу мерзімі 90 күнге дейін кері "репо" мәмілелерін жасасты. Аталған шарттардың мәні мемлекеттік компаниялардың борыштық бағалы қағаздары болып табылады, олардың әділ құны 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 12,399 миллион теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: әділ құны 351 миллион теңгені құрайтын мемлекеттік компаниялардың борыштық бағалы қағаздары).

Минималды резервтерге қойылатын талаптар

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ең төменгі резервтік талаптар ҚРҰБ шығарған нормативтік актілерге сәйкес есептеледі. Ең төменгі резервтік талаптарды орындау үшін Банк ақшаны резервтік активтерге орналастырады, олар Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері болып табылатын клиенттердің ағымдағы шоттарындағы депозиттер мен қалдықтардың, сондай-ақ банктің өзге де міндеттемелерінің белгілі бір ең төменгі деңгейі ретінде есептелетін, ұлттық валютадағы кассадағы ақша қаражаты сомасының және ҚРҰБ-дағы ағымдағы шоттағы ұлттық валютадағы қалдықтың кемінде орташа мәні деңгейінде ұсталуы тиіс.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ең төменгі резервтік талаптардың сомасы 33,390 миллион теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 34,251 миллион теңге), резервтік активтің сомасы 43,004 миллион теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 70,106 миллион теңге).

Төмендегі кестеде 2023 жылға арналған ККЗ бағалау резервтерінің өзгерінің талдауы берілген:

	<i>2023 жыл</i>			
	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>Барлығы</i>
1 қаңтардағы ККЗ резерві	-	(640)	(5)	(645)
Таза резерв құру (7-ескертпе)	(3)	(150)	5	(148)
Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	-	19	-	19
31 желтоқсандағы ККЗ резерві	(3)	(771)	-	(774)

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

15. Ақша қаражаттары және олардың баламалары

Минималды резервтерге қойылатын талаптар, жалғасы

Төмендегі кестеде 2022 жылға арналған ККЗ бағалау резервтерінің өзгеруіне талдау берілген:

	2022 жыл			
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	Барлығы
1 қаңтардағы ККЗ резерві	(3)	(13)	(5)	(21)
Таза резерв құру (7-ескертпе)	3	(662)	(406)	(1,065)
Есептен шығару	–	–	466	466
Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	–	35	(60)	(25)
31 желтоқсандағы ККЗ резерві	–	(640)	(5)	(645)

Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының шоғырлануы

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк ҚРҰБ-ның ағымдағы шоттарына қаражат орналастырды және ҚРҰБ-ға мерзімді салымдар ашты, олар бойынша қалдықтар есепті күндегі банк капиталының 10%-нан асады. Осы қалдықтардың жиынтық көлемі 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 298,897 миллион теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 533,822 миллион теңге).

16. Туынды қаржы құралдары

Шетел валютасын сатып алу-сату шарттары

Банк туынды қаржы құралдарын пайдалана отырып, сауда мәмілелерін жасайды. Төменде қаржылық есептілікте активтер немесе міндеттемелер және олардың шартты сомалары ретінде көрсетілген туынды құралдардың әділ құнын көрсететін кесте берілген. Жиынтық негізде көрсетілген шартты сомалар туынды құралдың базалық активінің сомасын, базалық мөлшерлемені немесе индексті білдіреді және туынды құралдар құнының өзгеруін бағалау кезінде негіз ретінде алынады. Шартты сомалар жыл соңында аяқталмаған операциялардың көлемін көрсетеді және кредиттік тәуекелді көрсетпейді.

	2023 жылғы 31 желтоқсан			2022 жылғы 31 желтоқсан		
	Шартты сома	Әділ құн		Шартты сома	Әділ құн	
		Актив	Міндеттеме		Актив	Міндеттеме
Валюталық шарттар						
Валюталық своптар – ішкі шарттар	93,612	67	(316)	42,389	81	(1,296)
Валюталық своптар – шетелдік шарттар	25,112	127	–	37,393	53	(29)
Жиыны	118,724	194	(316)	79,782	134	(1,325)

Жоғарыдағы кестеде шетелдік шарттар деп Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен жасалған шарттар түсініледі, ал ішкі шарттар деп Қазақстан Республикасының резиденттерімен жасалған шарттар түсініледі.

Форвардтар

Форвардтық келісімшарттар болып белгілі бір қаржы құралын көрсетілген бағамен және болашақта көрсетілген күнге сатып алуға немесе сатуға арналған шарттық келісімдер табылады. Форвардтар сауда-саттық биржадан тыс нарықта жүзеге асырылатын мамандандырылған шарттар болып табылады.

2022 жыл ішінде Банк байланысты тараппен жалпы сомасы 72 миллион АҚШ долларына, эквивалентте 29,136 миллион теңгеге форвардтық келісімшарттарды жапты. Контрагент төлемеген 27 миллион АҚШ доллары сомасы, эквивалентте 12,514 миллион теңге жақын болашақта аралық бас компанияда дебиторлық берешектің қалдығын өтеу ниетінің болмауына байланысты аралық бас компаниямен жасалған мәміледен келген шығын ретінде капиталда танылды.

2023 жылдың шілдесінде Банк және Jusan Technologies Ltd. қарызды кешіру туралы келісім жасасты және қолма-қол ақшасыз валютаны сатып алудың жалпы шарттары туралы шартты бұзды.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

16. Туынды қаржы құралдары, жалғасы

Своптар

Своптар шартты сомалар негізінде валюта бағамының өзгеруіне сәйкес келетін сомаларды айырбастау туралы екі тарап арасындағы шарттық келісімдерді білдіреді.

2023 жылғы валюталық туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза пайда 3,528 миллион теңгені құрады (2022 жыл: 19,330 миллион теңге) (9-ескертпе).

17. Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат

Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражатқа мыналар жатады:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Пайдаланылуы шектелген, "BBB-"кредиттік рейтингісі бар, ҚРҰБ-дағы қаражат	838	1,405
Басқа банктердегі және өзге қаржы институттарындағы кредиттер мен депозиттер:		
- «А-» бастап «А+» дейінгі кредиттік рейтингімен	6,011	6,002
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі кредиттік рейтингімен	411	502
- «BB-» бастап «BB+» дейінгі кредиттік рейтингімен	–	4,114
- «B-» бастап «B+» дейінгі кредиттік рейтингімен	–	243
- кредиттік рейтинг берілмеген	49,145	27,347
Резервті құнсыздануға шегергенге дейін банктердегі және өзге де қаржы институттарындағы қаражат	56,405	39,613
Шетел валютасын сатып алу-сату шарттары («спот»)	4	–
Қүтілетін кредиттік залалдарға арналған Резерв	(36)	(57)
Жиыны	56,373	39,556

Кредиттік рейтингтер халықаралық рейтингтік агенттіктердің стандарттарына сәйкес ұсынылған.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктердегі және басқа қаржы институттарындағы барлық қаражат мерзімі кешіктірілген болып табылмайды және кредиттік тәуекел деңгейінің 1-кезеңіне жатқызылады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 1-кезең).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдалануда шектелген ҚРҰБ-дағы ағымдағы шоттардағы қаражат "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ (бұдан әрі - "ҚДБ") жалпы сомасы 838 миллион теңгеге (2022 жылғы 31 желтоқсан: 1,405 миллион теңге) берген қаражатты қамтиды. Қаражат өндеу өнеркәсібі саласындағы ірі кәсіпорындарға, сондай-ақ жеке тұлғаларға ҚДБ мақұлдағаннан кейін ғана арнайы жеңілдікті шарттармен отандық өндірістің автокөлігін сатып алу мақсатына кредит ретінде берілуі мүмкін.

2022 жылғы наурызда "Даму "кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ (бұдан әрі - "Даму") берген қаражат жалпы сомасы 4,991 миллион теңгеге мерзімінен бұрын өтелді.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

17. Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат, жалғасы

Кредиттік рейтингі банктер мен басқа да қаржы институттарындағы қаражат

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген кредиттік рейтингі жоқ басқа банктердегі кредиттер мен депозиттердің сомасы жалпы сомасы 41,025 миллион теңгеге (2022 жылғы 31 желтоқсан: 20,466 миллион теңге) кепілді жарналар мен ҚББ-ға маржальық қамтамасыз етуді, сондай-ақ халықаралық төлем жүйелері бойынша компанияларға пайдаланылуы шектелген 8,120 миллион теңге сомасына салымдарды қамтиды (2022 жылғы 31 желтоқсан: 6,881 миллион теңге).

Төмендегі кестеде 2023 жылға арналған ККЗ бағалау резервтерінің өзгеруіне талдау берілген:

	2023 жыл		
	1-кезең	3-кезең	Барлығы
1 қаңтардағы ККЗ резерві	(57)	–	(57)
Таза резервті қалпына келтіру (7-ескертіне)	21	–	21
31 желтоқсандағы ККЗ резерві	(36)	–	(36)

Төмендегі кестеде 2022 жылға арналған ККЗ бағалау резервтерінің өзгеруіне талдау берілген:

	2022 жыл		
	1-кезең	3-кезең	Барлығы
1 қаңтардағы ККЗ резерві	(22)	–	(22)
Таза резервті қалпына келтіру (7-ескертіне)	(35)	–	(35)
31 желтоқсандағы ККЗ резерві	(57)	–	(57)

Банктерде және басқа қаржы институттарында қаражаттың шоғырлануы

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің банктерде және өзге де қаржы институттарында қаражаты жоқ, олар бойынша қалдықтардың жиынтық көлемі есепті күндегі Банк капиталының 10%-дан астамын құрайды (2022 жылғы 31 желтоқсан: жоқ).

18. Инвестициялық бағалы қағаздар

Инвестициялық бағалы қағаздарға мыналар жатады:

	2023 жылғы 31 желтоқсан	2022 жылғы 31 желтоқсан
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	650,004	815,317
Амортизацияланған күн бойынша ескерілетін инвестициялық бағалы қағаздар	233,511	57,935
Жиыны	883,515	873,252

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

18. Инвестициялық бағалы қағаздар, жалғасы

Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарға мыналар жатады:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Борыштық бағалы қағаздар		
Мемлекеттік облигациялар		
- ҚРҰБ ноталары	305,432	382,655
- ҚРҚМ облигациялары	115,531	169,667
- ҚФБ облигациялары	75,003	88,667
- АҚШ Қаржы министрлігінің облигациялары	22,233	4,652
- "Самұрық-Қазына ҰӘҚ" АҚ облигациялары	8,805	19,205
- ҚРҚМ еурооблигациялары	5,394	4,545
Мемлекеттік облигациялардың жиыны	532,398	669,391
Үлестік бағалы қағаздар		
Корпоративтік акциялар		
- «Кселл» АҚ корпоративтік акциялары	35,244	31,294
- "Қазақтелеком" АҚ корпоративтік акциялары	32,366	–
Корпоративтік акциялар барлығы	67,610	31,294
Корпоративтік облигациялар		
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейінгі кредиттік рейтингімен	37,766	–
Корпоративтік облигациялар барлығы	37,766	–
"Репо" мәмілелері бойынша кепілге салынған Мемлекеттік облигациялар		
- "Самұрық-Қазына ҰӘҚ" АҚ облигациялары (24-ескертпе)	12,230	1,026
- ҚРҰБ ноталары (24-ескертпе)	–	113,606
"Репо" мәмілелері бойынша кепілге салынған мемлекеттік облигациялардың жиыны	12,230	114,632
Жиыны	650,004	815,317

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын инвестициялық бағалы қағаздарға мыналар жатады:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Борыштық бағалы қағаздар		
Мемлекеттік облигациялар		
- ҚРҚМ облигациялары	122,174	19
- ҚФБ облигациялары	25,424	–
- АҚШ Қаржы министрлігінің облигациялары	17,699	–
- ҚРҚМ еурооблигациялары	15,986	15,440
Мемлекеттік облигациялардың жиыны	181,283	15,459
Корпоративтік облигациялар		
- «ААА-» бастап «ААА+» дейінгі кредиттік рейтингпен	15,243	5,202
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейінгі кредиттік рейтингпен	20,294	32,394
	35,537	37,596
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(117)	(43)
Корпоративтік облигациялардың жиыны	35,420	37,553
"Репо" мәмілелері бойынша кепілге салынған Мемлекеттік облигациялар		
- Корпоративтік облигациялар (24-ескертпе)	12,876	–
- ҚРҚМ еурооблигациялары (24-ескертпе)	3,932	4,923
"Репо" мәмілелері бойынша кепілге салынған мемлекеттік облигациялардың жиыны	16,808	4,923
Жиыны	233,511	57,935

Кредиттік рейтингтер халықаралық рейтингтік агенттіктердің стандарттарына сәйкес ұсынылған.

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

18. Инвестициялық бағалы қағаздар, жалғасы

Инвестициялық бағалы қағаздар бойынша барлық қалдықтардың мерзімі кешіктірілмеген және кредиттік тәуекел деңгейінің 1-кезеңіне жатқызылады (5-ескертпе). 2023 жылы ККЗ резервін таза құру 283 миллион теңгені құрады (2022 жылы: 32 миллион теңге) (7-ескертпе).

2023 жылғы 31 желтоқсанда Банкте ҚҚБ-да жасалған "репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек болды, олар бойынша ҚРҚМ купондық еурооблигациялары, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары және әділ құны 29,038 миллион теңгені құрайтын "Самұрық-Қазына ҰӘҚ" АҚ купондық халықаралық облигациялары қамтамасыз ету ретінде әрекет етеді (2022 жылғы 31 желтоқсан: ҚРҚМ купондық еурооблигациялары, ҚРҰБ дисконттық ноталары және әділ құны 119,555 миллион теңге болатын "Самұрық-Қазына ҰӘҚ" АҚ купондық халықаралық облигациялары) (24-ескертпе). Барлық операциялар келесі есепті айда жабылды.

Бұл операциялар стандартты кредит беру, қарыз алу операциялары және бағалы қағаздарды қарызға беру үшін әдеттегі және жалпы қабылданған шарттарда жүргізіледі.

Корпоративтік облигациялар – бұл халықаралық және жергілікті банктер шығарған пайыздық бағалы қағаздар. Бұл бағалы қағаздар ҚҚБ-да еркін айналыста болады.

19. Клиенттерге берілген кредиттер

Клиенттерге берілген кредиттер келесі позицияларды қамтиды:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттер	1,209,111	1,105,593
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(270,188)	(305,141)
Клиенттерге амортизацияланған құн бойынша есептелетін, күтілетін кредиттік залалдар үшін резервті шегергендегі кредиттер	938,923	800,452
Клиенттерге берілген, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын кредиттер	9,009	13,524
Жиыны	947,932	813,976

Клиенттерге берілген, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын кредиттер

ПЗӘҚ бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер, ең алдымен, экономикалық себептерге немесе Шартқа байланысты регрессиясыз жобаларды қаржыландыруға арналған кредиттер, сондай-ақ шарттары негізгі кредиттік келісімге сәйкес келмейтін кіріктірілген туынды құралдары бар кредиттер болып табылады. ПЗӘҚ бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттердің әділ құнын бағалау туралы ақпарат 37-ескертпеде берілген.

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер келесі тармақтарды қамтиды:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Шағын және орта бизнеске берілген кредиттер	9,009	13,524
ПЗӘҚ бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттер	9,009	13,524

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

19. Клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы

Клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттер

2023 жылғы 31 желтоқсандағы амортизацияланған құны бойынша есепке алынған клиенттерге берілген кредиттер мынадай позицияларды қамтиды:

	2023 жылғы 31 желтоқсан				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКК	Жиыны
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер					
Ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер	147,421	61	6,730	54,373	208,585
Шағын және орта бизнеске берілген кредиттер	287,482	4,929	46,159	179,591	518,161
Корпоративтік клиенттерге берілген барлық кредиттер	434,903	4,990	52,889	233,964	726,746
Жеке тұлға клиенттерге берілген кредиттер					
Экспресс-кредиттер	360,299	9,963	29,714	38	400,014
Тұтынушылық кредиттер	32,471	1,222	11,312	3,511	48,516
Ипотекалық кредиттер	25,882	173	3,395	2,591	32,041
Кредиттік карталар	620	11	424	-	1,055
Автокөлік сатып алуға арналған кредиттер	449	-	251	39	739
Жеке тұлға клиенттерге берілген кредиттер барлығы	419,721	11,369	45,096	6,179	482,365
ККЗ резервін шегергенге дейін клиенттерге берілген кредиттер	854,624	16,359	97,985	240,143	1,209,111
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(14,650)	(3,769)	(62,294)	(189,475)	(270,188)
ККЗ резервін шегергенде клиенттерге берілген кредиттер	839,974	12,590	35,691	50,668	938,923

2022 жылғы 31 желтоқсандағы амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын клиенттерге берілген кредиттер мынадай позицияларды қамтиды:

	2022 жылғы 31 желтоқсан				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКК	Жиыны
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер					
Ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер	126,137	3,735	7,207	94,722	231,801
Шағын және орта бизнеске берілген кредиттер	279,276	6,290	47,855	197,394	530,815
Корпоративтік клиенттерге берілген барлық кредиттер	405,413	10,025	55,062	292,116	762,616
Жеке тұлға клиенттерге берілген кредиттер					
Экспресс-кредиттер	210,534	5,227	22,954	429	239,144
Тұтынушылық кредиттер	43,371	2,248	10,587	4,707	60,913
Ипотекалық кредиттер	32,427	232	4,291	3,081	40,031
Кредиттік карталар	1,177	34	743	-	1,954
Автокөлік сатып алуға арналған кредиттер	729	-	165	41	935
Жеке тұлға клиенттерге берілген кредиттер барлығы	288,238	7,741	38,740	8,258	342,977
ККЗ резервін шегергенге дейін клиенттерге берілген кредиттер	693,651	17,766	93,802	300,374	1,105,593
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(11,747)	(2,619)	(57,657)	(233,118)	(305,141)
ККЗ резервін шегергенде клиенттерге берілген кредиттер	681,904	15,147	36,145	67,256	800,452

* Клиенттерге берілген сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған кредиттер (СҚКК)

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

19. Клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы

Клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттер, жалғасы

2019 жылы Банк клиенттерге берілген белгілі бір кредиттерді СҚКК кредиттердің құрамына қайта жіктеді. Бұл осындай қаржы құралдарын тануды тоқтатуға және жаңа СҚКК кредиттерін тануға әкелді.

Алайда, Банктің автоматтандырылған банктік ақпараттық жүйесінің шектеулеріне байланысты жекелеген қаржылық есептіліктегі ақпараттың тиісті ашылуы қолданыстағы кредиттік шарттардың танылуы тоқтатылғанға дейінгі тарихи жалпы құнын, сондай-ақ күтілетін кредиттік шығындарға тиісті резервті көрсетеді. Кредиттердің тарихи сомасының жалпы шамасы туралы қосымша түсіндірулер Банктің қаржылық жағдайы туралы жеке есепте жаңадан танылған СҚКК-кредиттердің баланстық құнына әсер етпейді.

ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес Банктің қаржылық жағдайы туралы жеке есепте танылған корпоративтік СҚКК-кредиттердің жалпы баланстық құны 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 72,072 миллион теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 95,371 миллион теңге) күтілетін кредиттік залалдарға тиісті резерв 22,570 миллион теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 28,152 миллион теңге).

Клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша ескерілетін кредиттердің құнсыздануына бағалау резерві

Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер бойынша жалпы баланстық құнның және ККЗ өзгерістерінің талдауы келтірілген:

<i>Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер</i>	<i>2023 жыл</i>				
	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКК</i>	<i>Жиыны</i>
1 қаңтардағы жалпы баланстық құн	405,413	10,025	55,062	292,116	762,616
Құрылған немесе сатып алынған жаңа активтер	285,201	–	–	242	285,443
Танылуы тоқтатылған немесе өтелген активтер (есептен шығаруды қоспағанда)	(247,290)	(8,808)	(4,896)	(21,403)	(282,397)
1-кезеңге ауыстырулар	897	(722)	(175)	–	–
2-кезеңге ауыстырулар	(4,669)	4,714	(45)	–	–
3-кезеңге ауыстырулар	(4,147)	(98)	4,245	–	–
Есептелген пайыздардағы таза өзгеріс	271	(121)	(2,353)	336	(1,867)
Қалпына келтіру /(есептен шығару)	–	–	1,094	(36,186)	(35,092)
Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	(773)	–	(43)	(1,141)	(1,957)
31 желтоқсандағы жалпы баланстық құн	434,903	4,990	52,889	233,964	726,746
Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер	2,849	(129)	(34,914)	(230,781)	(268,673)
Құрылған немесе сатып алынған жаңа активтер	(1,751)	–	–	(1)	(1,752)
Танылуы тоқтатылған немесе өтелген активтер (есептен шығаруды қоспағанда)	489	117	2,235	1,194	4,035
1-кезеңге ауыстырулар	(186)	87	99	–	–
2-кезеңге ауыстырулар	369	(384)	15	–	–
3-кезеңге ауыстырулар	997	17	(1,014)	–	–
Шығындар бойынша бағалау резервін таза өзгерту	(1,042)	1	3,042	4,258	6,259
Дисконт амортизациясы	–	–	1,795	670	2,465
Есептен шығару/(қалпына келтіру)	–	–	(1,094)	36,186	35,092
Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	4	–	40	1,126	1,170
31 желтоқсандағы ККЗ	(3,969)	(291)	(29,796)	(187,348)	(221,404)

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

19. Клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы

Клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттердің құнсыздануына бағалау резерві, жалғасы

Төменде 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылы жеке тұлға клиенттерге берілген кредиттер бойынша жалпы баланстық құнның өзгеруіне және ККЗ-ға сәйкес талдаулар келтірілген:

<i>Жеке тұлға клиенттерге берілген кредиттер</i>	<i>2023 жыл</i>				
	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКҚ</i>	<i>Жиыны</i>
1 қаңтардағы жалпы баланстық құн	288,238	7,741	38,740	8,258	342,977
Құрылған немесе сатып алынған жаңа активтер	377,069	–	–	–	377,069
Танылуы тоқтатылған немесе өтелген активтер (есептен шығаруды қоспағанда)	(207,247)	(3,267)	(21,257)	(2,608)	(234,379)
1-кезеңге ауыстырулар	3,164	(729)	(2,435)	–	–
2-кезеңге ауыстырулар	(11,817)	11,884	(67)	–	–
3-кезеңге ауыстырулар	(33,409)	(5,647)	39,056	–	–
Есептелген пайыздардағы таза өзгеріс	3,723	1,387	9,309	1,278	15,697
Есептен шығарулар	–	–	(18,231)	(746)	(18,977)
Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	–	–	(19)	(3)	(22)
31 желтоқсандағы жалпы баланстық құн	419,721	11,369	45,096	6,179	482,365

<i>Жеке тұлға клиенттерге берілген кредиттер</i>	<i>2023 жыл</i>				
	<i>1-кезең</i>	<i>2-кезең</i>	<i>3-кезең</i>	<i>СҚКҚ</i>	<i>Жиыны</i>
1 қаңтардағы ККЗ	(8,898)	(2,490)	(22,743)	(2,337)	(36,468)
Құрылған немесе сатып алынған жаңа активтер	(8,340)	–	–	–	(8,340)
Танылуы тоқтатылған немесе өтелген активтер (есептен шығаруды қоспағанда)	2,691	238	1,007	–	3,936
1-кезеңге ауыстырулар	(182)	(323)	505	–	–
2-кезеңге ауыстырулар	665	(689)	24	–	–
3-кезеңге ауыстырулар	6,044	(877)	(5,167)	–	–
Шығындар бойынша бағалау резервін таза өзгерту	(2,661)	663	(25,078)	(601)	(27,677)
Дисконт амортизациясы	–	–	704	62	766
Есептен шығару	–	–	18,231	746	18,977
Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	–	–	19	3	22
31 желтоқсандағы ККЗ	(10,681)	(3,478)	(32,498)	(2,127)	(48,784)

2023 жыл ішінде Банк 37,878 миллион теңге сомасында кредиттерді есептен шығарды, бұл 3-кезеңге жатқызылған кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдар резервінің сол сомада азаюына әкелді (2022 жыл: 12,836 миллион теңге).

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

19. Клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы

Клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттердің құнсыздануына бағалау резерві, жалғасы

Төменде 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер бойынша жалпы баланстық құнның өзгеруіне және ККЗ-ға сәйкес талдаулар келтірілген:

Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер	2022 жыл				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКК	Жиыны
1 қаңтардағы жалпы баланстық құн	330,628	35,657	48,858	270,135	685,278
Құрылған немесе сатып алынған жаңа активтер	220,001	–	–	2,366	222,367
Танылуы тоқтатылған немесе өтелген активтер (есептен шығаруды қоспағанда)	(142,829)	(23,446)	(4,383)	(12,991)	(183,649)
1-кезеңге ауыстырулар	3,295	(3,176)	(119)	–	–
2-кезеңге ауыстырулар	(5,172)	5,172	–	–	–
3-кезеңге ауыстырулар	(967)	(3,719)	4,686	–	–
Есептелген пайыздардағы таза өзгеріс	436	(471)	444	8,789	9,198
Қалпына келтіру	–	–	5,387	14,939	20,326
Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	21	8	189	8,878	9,096
31 желтоқсандағы жалпы баланстық құн	405,413	10,025	55,062	292,116	762,616

Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер	2022 жыл				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКК	Жиыны
1 қаңтардағы ККЗ	(1,212)	(431)	(23,651)	(198,503)	(223,797)
Құрылған немесе сатып алынған жаңа активтер	(1,210)	–	–	(1,968)	(3,178)
Танылуы тоқтатылған немесе өтелген активтер (есептен шығаруды қоспағанда)	305	130	3,832	2,409	6,676
1-кезеңге ауыстырулар	(480)	460	20	–	–
2-кезеңге ауыстырулар	33	(33)	–	–	–
3-кезеңге ауыстырулар	37	121	(158)	–	–
Шығындар бойынша бағалау резервін таза өзгерту	(306)	(370)	(9,596)	(9,681)	(19,953)
Дисконт амортизациясы	–	–	171	(1,153)	(982)
Есептен шығару	–	–	(5,387)	(14,939)	(20,326)
Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	(16)	(6)	(145)	(6,946)	(7,113)
31 желтоқсандағы ККЗ	(2,849)	(129)	(34,914)	(230,781)	(268,673)

Төменде жеке тұлға клиенттерге 2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде берілген кредиттер бойынша жалпы баланстық құнның өзгеруіне және ККЗ-ға сәйкес талдау келтірілген:

Жеке тұлға клиенттерге берілген кредиттер	2022 жыл				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКК	Жиыны
1 қаңтардағы жалпы баланстық құн	242,977	2,370	14,870	12,348	272,565
Құрылған немесе сатып алынған жаңа активтер	176,468	–	–	46	176,514
Танылуы тоқтатылған немесе өтелген активтер (есептен шығаруды қоспағанда)	(96,190)	(1,209)	(6,805)	(2,330)	(106,534)
1-кезеңге ауыстырулар	1,602	(422)	(1,180)	–	–
2-кезеңге ауыстырулар	(7,588)	7,662	(74)	–	–
3-кезеңге ауыстырулар	(29,407)	(1,775)	31,182	–	–
Есептелген пайыздардағы таза өзгеріс	376	1,115	4,825	70	6,386
Есептен шығарулар	–	–	(4,077)	(1,876)	(5,953)
Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	–	–	(1)	–	(1)
31 желтоқсандағы жалпы баланстық құн	288,238	7,741	38,740	8,258	342,977

(егер басқаша көрсетілмесе, миллион теңгемен)

19. Клиенттерге берілген кредиттер, жалғасы

Клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын кредиттердің құнсыздануына бағалау резерві, жалғасы

Жеке тұлға клиенттерге берілген кредиттер	2022 жыл				
	1-кезең	2-кезең	3-кезең	СҚКҚ	Жиыны
1 қаңтардағы ККЗ	(8,236)	(809)	(7,380)	(4,433)	(20,858)
Құрылған немесе сатып алынған жаңа активтер	(7,023)	–	–	(24)	(7,047)
Танылуы тоқтатылған немесе өтелген активтер (есептен шығаруды қоспағанда)	1,566	25	257	1,284	3,132
1-кезеңге ауыстырулар	(344)	56	288	–	–
2-кезеңге ауыстырулар	815	(828)	13	–	–
3-кезеңге ауыстырулар	7,503	482	(7,985)	–	–
Шығындар бойынша бағалау резервін таза өзгерту	(3,179)	(1,416)	(12,291)	(985)	(17,871)
Дисконт амортизациясы	–	–	(191)	(55)	(246)
Есептен шығару	–	–	4,545	1,876	6,421
Валюта бағамдарының өзгеруінің әсері	–	–	1	–	1
31 желтоқсандағы ККЗ	(8,898)	(2,490)	(22,743)	(2,337)	(36,468)

Модификацияланған және қайта құрылымдалған қарыздар

Банк қаржылық активті, мысалы, клиентке берілген кредитті, егер Шарттың талаптары іс жүзінде жаңа кредитке айналатындай қайта қаралса және айырмашылық құнсызданудан болған шығын танылғанға дейін тануды тоқтатудан түскен пайда немесе залал ретінде танылса, тануды тоқтатады. Бастапқы тану кезінде қалыптастырылған кредит СҚКҚ- актив болып саналатын жағдайларды қоспағанда, ККЗ бағалау мақсаттары үшін 1-кезеңге жатады.

Егер модификация ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, модификация тануды тоқтатпайды. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Банк құнсызданудан болған шығын танылғанға дейін модификациядан түскен пайданы немесе залалды таниды.

19. Клиенттерге берілген кредиттік, жалғасы

Клиенттерге берілген кредиттердің сапасы

Бұдан әрі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсанға амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын клиенттерге берілген кредиттердің сапасы туралы ақпарат берілген:

<i>Клиенттерге берілген кредиттер</i>	<i>Шағын және орта бизнеске</i>		<i>Экспресс-кредиттер</i>	<i>Ипотекалық кредиттер</i>	<i>Тұтынушылық кредиттер</i>	<i>Кредиттік карталар</i>	<i>Автокөлік сатып алуға арналған кредиттер</i>	<i>Жиыны</i>
	<i>Ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер</i>	<i>берілген кредиттер</i>						
- мерзімі кешіктірілмеген	190,952	384,592	349,404	27,383	32,228	613	451	985,623
- 30 күннен аз мерзімге кешіктірілген	–	10,966	13,052	267	1,692	12	–	25,989
- 30-89 күн мерзімге кешіктірілген	–	2,333	10,189	267	1,419	11	–	14,219
- 90-179 күн мерзімге кешіктірілген	–	792	8,592	130	1,563	15	–	11,092
- 180 күн және 1 жылдан аз мерзімге кешіктірілген	–	17,117	9,061	288	3,044	32	23	29,565
- 1 жылдан астам уақытқа кешіктірілген	17,633	102,361	9,716	3,706	8,570	372	265	142,623
ККЗ резервін шегергенге дейін клиенттерге берілген барлық кредиттер	208,585	518,161	400,014	32,041	48,516	1,055	739	1,209,111
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(52,664)	(168,740)	(34,241)	(1,732)	(12,226)	(413)	(172)	(270,188)
ККЗ резервін шегергенде клиенттерге берілген барлық кредиттер	155,921	349,421	365,773	30,309	36,290	642	567	938,923

Бұдан әрі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсанға амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын клиенттерге берілген кредиттердің сапасы туралы ақпарат берілген:

<i>Клиенттерге берілген кредиттер</i>	<i>Шағын және орта бизнеске</i>		<i>Экспресс-кредиттер</i>	<i>Ипотекалық кредиттер</i>	<i>Тұтынушылық кредиттер</i>	<i>Кредиттік карталар</i>	<i>Автокөлік сатып алуға арналған кредиттер</i>	<i>Жиыны</i>
	<i>Ірі кәсіпорындарға берілген кредиттер</i>	<i>берілген кредиттер</i>						
- мерзімі кешіктірілмеген	210,910	393,232	204,209	34,069	42,957	1,464	736	887,577
- 30 күннен аз мерзімге кешіктірілген	1,546	8,817	8,230	830	2,633	21	30	22,107
- 30-89 күн мерзімге кешіктірілген	2,006	784	5,519	526	2,889	34	21	11,779
- 90-179 күн мерзімге кешіктірілген	–	16,805	6,234	584	3,629	46	33	27,331
- 180 күн және 1 жылдан аз мерзімге кешіктірілген	829	20,439	10,113	536	5,355	105	2	37,379
- 1 жылдан астам уақытқа кешіктірілген	16,510	90,738	4,839	3,486	3,450	284	113	119,420
ККЗ резервін шегергенге дейін клиенттерге берілген барлық кредиттер	231,801	530,815	239,144	40,031	60,913	1,954	935	1,105,593
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв	(89,796)	(178,877)	(24,750)	(1,477)	(9,597)	(519)	(125)	(305,141)
ККЗ резервін шегергенде клиенттерге берілген барлық кредиттер	142,005	351,938	214,394	38,554	51,316	1,435	810	800,452

19. Клиенттерге берілген кредиттік, жалғасы

Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау кезіндегі негізгі болжамдар мен пайымдаулар

Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер

Корпоративтік клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік залалдар үшін резервтің мөлшерін айқындау кезінде Банк басшылығы мынадай жорамалдар жасады:

- Сату жағдайында кепілзаттық қамтамасыз етудің бастапқы бағаланған құнына 0.0%-дан 60.0%-ға дейін төмендету коэффициентін қолдану (2022 жылғы 31 желтоқсан: 0.0%-дан 60.0%-ға дейін).
Табыс салығын шегергендегі қайта бағалау резервінің амортизациясы	(643)	–	–	(643)
Акцияларға негізделген төлем	–	–	(2,847)	(2,847)
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құнының өзгеруінің таза шамасы	–	5,932	–	5,932
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша ККЗ бағалау резервінің өзгеру шамасы	–	130	–	130
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды тануды тоқтату нәтижесінде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген сома	–	83	–	83
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдардың әділ құнының өзгеруінің таза шамасы	–	3,949	–	3,949
2023 жылғы 31 желтоқсанда	6,323	9,877	–	16,200

30. Меншікті капитал, жалғасы

Резервтердің сипаты мен мақсаты, жалғасы

2022 жылғы резервтер баптары бойынша қозғалыс

	<i>Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві</i>	<i>Әділ құн өзгерістерінің резерві</i>	<i>Үлестік құралдармен байланысты өзге де резервтер</i>	<i>Жиыны</i>
2022 жылғы 1 қаңтарда	1,744	10,321	2,847	14,912
Табыс салығын шегергендегі қайта бағалау резервінің амортизациясы	(170)	–	–	(170)
Табыс салығын шегергендегі негізгі құралдарды қайта бағалау резерві (1,357 миллион теңге, 14-ескертпе)	5,392			5,392
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдардың әділ құнының өзгеруінің таза шамасы	–	(11,714)	–	(11,714)
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борыштық құралдар бойынша ККЗ бағалау резервінің өзгеру шамасы	–	(32)	–	(32)
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарды тануды тоқтату нәтижесінде пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген сома	–	40	–	40
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік құралдардың әділ құнының өзгеруінің таза шамасы	–	1,168	–	1,168
2022 жылғы 31 желтоқсанда	6,966	(217)	2,847	9,596

Дивидендтер

Қазақстан заңнамасына және Банктің жарғылық құжаттарына сәйкес бөлу үшін қолжетімді резервтер Қазақстан Республикасының ережелері мен нормативтік-құқықтық актілеріне жатады.

Жай акционерлердің дауыс беру құқығы бар, бірақ дивидендтер төлеуге кепілдік берілмейді. Бөлінуге жататын пайда ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған Банктің кірісі немесе шығыны және басқа жиынтық кірісі туралы жеке есепте көрсетілген пайда негізінде анықталады.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" заңдағы өзгерістерге байланысты, осы өзгеріске сәйкес қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету және сауықтыру үшін мемлекеттік бюджеттің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – ҚРҰҚ), ҚРҰБ және оның еншілес ұйымдарының қаражатын пайдаланатын Банк, мемлекеттік бюджеттің, ҚРҰҚ, ҚРҰБ және оның еншілес ұйымдарының қаражатын беру туралы шешім қабылданған кезден бастап және Банк алынған қаражатты қайтару жөніндегі міндеттемелерді толық орындағанға дейінгі кезеңде, 2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген шарттар сақталған кезде пайданы бөледі, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер есептейді, сондай-ақ өз акцияларын кері сатып алуды жүргізеді, Банк дивидендтер жарияламады және төлемеді.

Акцияға шаққандағы пайда

Акцияға шаққандағы негізгі және ажыратылған пайда

Акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда ХҚЕС (IAS) 33 "Акцияға шаққандағы пайда" стандартына сәйкес шоғырландырылған ақпарат негізінде ұсынылады.

30. Меншікті капитал, жалғасы

Акцияға шаққандағы пайда, жалғасы

Акцияға шаққандағы негізгі және ажыратылған пайда

Төменде бір жай акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайданы есептеу кезінде пайдаланылған пайда мен акциялар туралы мәліметтер келтірілген:

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
Қарапайым акциялардың иелеріне тиесілі шоғырландырылған таза пайда	151,872	112,471
31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жай акциялардың орташа өлшенген саны	<u>164,078,731</u>	<u>164,078,731</u>
Бір жай акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда (теңгемен)	<u>925.60</u>	<u>685.47</u>

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банкте жай акцияға шаққандағы пайда мен шығынды тарататын қаржы құралдары болмады.

31. Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару банктік қызметтің негізі болып табылады және Банктің операциялық қызметінің маңызды элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел, өтімділік тәуекелі, сондай-ақ операциялық тәуекел, құқықтық тәуекел және іскерлік беделін жоғалту тәуекелі Банктің өз қызметін жүзеге асыру процесінде кездесетін негізгі тәуекелдері болып табылады.

Тәуекелдерді басқару саясаты мен процедуралары

Тәуекелдерді басқару тобының саясаты Банкке жататын тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін және олардың белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері нарықтық жағдайдың, ұсынылатын банктік өнімдер мен қызметтердің өзгеруін және пайда болған үздік тәжірибені көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Банктің Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің дұрыс жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару саясаты мен процедураларын мақұлдауға, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдауға жауапты.

Кредиттік, нарықтық тәуекелдер мен өтімділік тәуекелдерін Директорлар кеңесі, Басқарма, Кредиттік комитеттер жүйесі және уәкілетті алқалы органдар («УАО») басқарады және бақылайды. Шешім қабылдау процесінің тиімділігін арттыру үшін Банк тәуекел түріне және мөлшеріне байланысты кредиттік комитеттердің иерархиялық құрылымын құрды.

Ұйым шеңберінде сыртқы және ішкі қауіп факторлары анықталады және басқарылады. Тәуекел факторларының барлық тізбесін анықтау үшін пайдаланылатын және тәуекелдерді төмендету бойынша ағымдағы рәсімдердің жеткіліктілік деңгейін анықтау үшін негіз болатын тәуекел карталарын әзірлеуге ерекше назар аударылады. Кредиттік, нарықтық және өтімділік тәуекелдерін стандартты талдаудан басқа, тәуекелдер департаменті жекелеген бағыттар бойынша сараптамалық баға алу мақсатында операциялық бөлімшелермен тұрақты кездесулер өткізу арқылы операциялық тәуекелдерге мониторинг жүргізеді.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық жағдайдың қолайсыз өзгеруіне байланысты, нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталарының бағамдарының, қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнының өзгеруінен көрінетін баланстық және баланстан тыс баптар бойынша қаржылық шығындардың туындау ықтималдығы. Нарықтық тәуекелдің негізгі түрлері болып пайыздық тәуекел, валюталық тәуекел және баға тәуекелі табылады.

Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және нақты өзгерістерге және нарықтық бағалар мен валюта бағамдарының құбылмалылық деңгейінің өзгеруіне әсер ететін пайыздық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Нарықтық тәуекел, жалғасы

Банк нарықтық тәуекелді келесі тапсырмаларды орындау арқылы басқарады:

- нарықтық тәуекел бойынша тәуекел деңгейлерін анықтау және белгілеу және деңгейі жоғары деп айқындалған тәуекелдерді қабылдау үшін жауапкершілікті қоса алғанда, белгіленген деңгейлер бұзылған жағдайларда іс-қимыл алгоритмдерін әзірлеу;
- Банктің нарықтық тәуекелдерін басқарудың тиімді жүйесін құру;
- кірістілік пен қабылданған тәуекел деңгейі арасындағы оңтайлы қатынасты қамтамасыз ету;
- корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру, нарықтық тәуекел туралы толық, шынайы және уақтылы басқарушылық ақпараттың болуы арқылы тәуекелге әкелетін шешімдер қабылдайтын УАО-ның хабардарлығын қамтамасыз ету;
- процеске қатысушыларды анықтау және олардың нарықтық тәуекелді басқару кезіндегі өзара іс-қимыл тәртібі;
- тәуекелдің белгіленген деңгейлерін және нарықтық тәуекелдің ішкі лимиттерін тұрақты мониторингтеу және бақылау;
- әлеуетті нарықтық тәуекелдер деңгейін анықтау, Банктің өзгерістерге қарсы тұру қабілетін бағалау мақсатында стресс-тестілеу жүргізу;
- Банктің операциялары бойынша тарихи деректерді пайдалана отырып, тәуекелдерді өлшеу рәсімдерінің тиімділігін тексеру мақсатында бэк-тестілеуді жүргізу;
- Банк қызметкерлерінің нарықтық тәуекел бойынша белгіленген лимиттер мен өкілеттіктерді тиісінше сақтамауына байланысты тәуекелдерді азайту;
- нарықтық көрсеткіштердің елеулі өзгеруіне байланысты және нарықтық тәуекелдің ұлғаюына әкеп соғатын Банктегі күтпеген немесе төтенше жағдайларды шешу тетіктерін әзірлеу.

Басқарма мен Директорлар кеңесі нарықтық тәуекелді басқаруға жауапты. Басқарма мен Директорлар кеңесі нарықтық тәуекел департаментінің ұсынымдарына сүйене отырып, нарықтық тәуекел лимиттерін бекітеді.

Банк шоғырландырылған қаржы құралдары бойынша портфель шамасына қатысты ашық позиция бойынша лимиттерді, сыйақы мөлшерлемелерін, валюталық позицияны, шығындар лимиттерін өзгерту мерзімдерін белгілеу жолымен нарықтық тәуекелді басқарады. Банк Басқарма қарайтын және Директорлар кеңесі бекітетін осындай ұстанымдарға үнемі мониторинг жүргізеді.

Сондай-ақ, Банк өзінің сауда позициялары бойынша нарықтық тәуекелді басқару үшін тәуекелді бағалау әдістемесін (VAR) қолданады.

2023 және 2022 жылдары Банк нарықтық тәуекелді басқару жөніндегі процедураларды, нарықтық тәуекелді стресс-тестілеуді жүзеге асыру жөніндегі процедураларды, нарықтық тәуекел бойынша басқарушылық есептілік жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырды және нарықтық тәуекел туралы ерте ескертудің ішкі лимиттері мен индикаторларын қайта қарады.

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі – бұл сыйақының нарықтық мөлшерлемелерінің өзгеруіне байланысты қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының өзгеру тәуекелі. Банкке ауытқулар, басым нарықтық сыйақы мөлшерлемелері оның қаржылық жағдайына және ақша ағындарына әсер етеді. Мұндай ауытқулар пайыздық маржаның деңгейін жоғарылатуы мүмкін, алайда оны төмендетуі мүмкін немесе сыйақы мөлшерлемелері кенеттен өзгерген жағдайда шығындардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдау

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруін мониторингтеу арқылы басқарылады. Қаржы құралдарының көпшілігінде белгіленген сыйақы мөлшерлемесі болғандықтан, сыйақы мөлшерлемесін қайта қарау мерзімін талдау өтеу мерзімін талдауға ұқсас.

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Нарықтық тәуекел, жалғасы

Сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне сезімталдықты талдау

Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдауға негізделген сыйақы мөлшерлемелерін өзгерту тәуекелін басқару Банк кітабы бойынша қаржы активтері мен міндеттемелердің сезімталдығына мониторингпен толықтырылады. сыйақы мөлшерлемелерін ұлғайту немесе азайту жағына қарай 100 (жүз) базистік пунктке кірістілік айнымалыларының параллель ығысуының оңайлатылған сценарийі және 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы он екі айға дейінгі мерзімге күтілетін пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша позициялар негізінде жасалған сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруіне пайда немесе залал мен капиталдың (салықтарды шегергенде) сезімталдығын талдау келесідей түрде ұсынылуы мүмкін:

	2023 жыл		2022 жыл	
	<i>Пайда немесе шығын</i>	<i>Капитал</i>	<i>Пайда немесе шығын</i>	<i>Капитал</i>
Мөлшерлемелердің төмендеуіне қарай 100 базистік пунктке параллель ауысу	(3,765)	(3,765)	(4,846)	(4,846)
Мөлшерлемелердің өсуіне қарай 100 базистік пунктке параллель ауысу	3,765	3,765	4,846	4,846

Модификацияланған дюрацияны пайдалана отырып, сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің және өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын (2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әрекет ететін позициялар және сыйақы мөлшерлемелерін ұлғайту немесе азайту жағына қарай 100 (жүз) базистік пунктке кірістілік айнымалыларының параллель ығысуының жеңілдетілген сценарийі негізінде құрастырылған) қаржы активтерінің әділ құнының өзгерістеріне пайда немесе залал мен капиталдың сезімталдығын талдау мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2023 жыл		2022 жыл	
	<i>Пайда немесе залал</i>	<i>Капитал</i>	<i>Пайда немесе залал</i>	<i>Капитал</i>
Мөлшерлемелердің төмендеуіне қарай 100 базистік пунктке параллель ығысу	293	4,600	492	4,407
Мөлшерлемелердің ұлғаюына қарай 100 базистік пунктке параллель ығысу	(293)	(4,600)	(492)	(4,328)

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Нарықтық тәуекел, жалғасы

Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдау

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруін мониторингтеу арқылы басқарылады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат былайша берілген:

	<i>1 айдан аз</i>	<i>1-3 ай</i>	<i>3-12 ай</i>	<i>1-5 жыл</i>	<i>5 жылдан көп</i>	<i>Пайызсыз</i>	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>
Активтер							
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	404,061	6,831	–	–	–	116,563	527,455
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	410	–	–	–	–	55,963	56,373
Инвестициялық бағалы қағаздар	340,597	40,301	280,678	154,329	–	67,610	883,515
Клиенттерге берілген кредиттер	48,643	38,684	193,063	535,200	132,342	–	947,932
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	–	–	719	104,739	–	–	105,458
	793,711	85,816	474,460	794,268	132,342	240,136	2,520,733
Міндеттемелер							
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	13,147	–	627	–	11,133	49,026	73,933
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	29,038	–	–	–	–	–	29,038
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	110,685	169,979	656,534	38,742	38,370	438,461	1,452,771
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	299	2,972	26	79,296	130,648	–	213,241
Реттелген қарыздар	–	2,435	251	155,977	42,865	346	201,874
	153,169	175,386	657,438	274,015	223,016	487,833	1,970,857
	640,542	(89,570)	(182,978)	520,253	(90,674)	(247,697)	549,876

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Нарықтық тәуекел, жалғасы

Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерін талдау, жалғасы

2022 жылғы 31 желтоқсандағы негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат мынадай түрде ұсынылды:

	<i>1 айдан аз</i>	<i>1-3 ай</i>	<i>3-12 ай</i>	<i>1-5 жыл</i>	<i>5 жылдан көп</i>	<i>Пайызсыз</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Активтер							
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	511,376	27,769	–	–	–	168,016	707,161
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	–	–	4,320	–	–	35,236	39,556
Сауда бағалы қағаздары	–	–	192	–	–	–	192
Инвестициялық бағалы қағаздар	516,303	1,599	179,205	141,579	3,272	31,294	873,252
Клиенттерге берілген кредиттер	59,630	36,612	128,338	443,355	146,041	–	813,976
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	–	–	731	102,337	–	–	103,068
	1,087,309	65,980	312,786	687,271	149,313	234,546	2,537,205
Міндеттемелер							
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	14,667	–	–	–	10,550	20,193	45,410
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	119,555	–	–	–	–	–	119,555
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	43,006	140,423	745,618	86,147	46,961	429,949	1,492,104
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	10,330	41,128	26	77,869	117,515	–	246,868
Реттелген қарыздар	–	2,685	5,244	145,783	42,368	2,500	198,580
	187,558	184,236	750,888	309,799	217,394	452,642	2,102,517
	899,751	(118,256)	(438,102)	377,472	(68,081)	(218,096)	434,688

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Нарықтық тәуекел, жалғасы

Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелері

Келесі кесте 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша жылына орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелерін көрсетеді. Осы сыйақы мөлшерлемелері тиісті активтер мен міндеттемелерді өтеуге шамамен кірістілікті көрсетеді.

	2023 жылғы 31 желтоқсан			2022 жылғы 31 желтоқсан		
	Теңге	АҚШ доллары	Басқа валюталар	Теңге	АҚШ доллары	Басқа валюталар
Пайыздық активтер						
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	15.42	4.50	–	16.50	4.06	–
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	–	–	–	–	4.64	4.50
Сауда бағалы қағаздары	–	–	–	7.00	–	–
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	15.06	5.03	–	16.15	4.60	–
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін инвестициялық бағалы қағаздар	14.73	4.94	–	13.97	4.78	–
Клиенттерге берілген кредиттер	23.22	7.92	–	17.83	6.88	–
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	–	3.93	–	–	3.93	–
Пайыздық міндеттемелер						
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	13.41	3.54	1.50	11.17	1.54	–
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	–	3.81	–	16.70	3.00	–
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері - мерзімді депозиттер	13.31	1.69	1.40	12.54	1.05	0.22
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	12.33	–	–	12.40	–	–
Реттелген қарыздар	14.33	–	–	14.20	–	–
Жалдау бойынша міндеттемелер	14.76	–	–	13.57	–	–

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Валюталық тәуекел

Банктің бірнеше шетел валютасында көрсетілген активтері мен міндеттемелері бар.

Валюталық тәуекел – бұл валюталардың айырбас бағамдарының өзгеруіне байланысты қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының өзгеру тәуекелі.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы валюталар бөлінісіндегі қаржы активтері мен міндеттемелерінің құрылымы мынадай түрде ұсынылған:

	Теңге	АҚШ доллары	Еуро	Рубль	Басқа валюталар	Барлығы
Активтер						
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	245,866	216,233	36,253	22,560	6,543	527,455
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	904	55,059	410	–	–	56,373
Инвестициялық бағалы қағаздар	769,662	113,853	–	–	–	883,515
Клиенттерге берілген кредиттер	855,057	92,808	11	55	1	947,932
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	–	105,458	–	–	–	105,458
Басқа қаржы активтері	18,501	763	100	85	2	19,451
Қаржылық активтер барлығы	1,889,990	584,174	36,774	22,700	6,546	2,540,184
Міндеттемелер						
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	13,037	38,794	21,625	138	339	73,933
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	–	29,038	–	–	–	29,038
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	999,932	372,150	55,621	20,312	4,756	1,452,771
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	213,241	–	–	–	–	213,241
Реттелген қарыздар	201,874	–	–	–	–	201,874
Жалдау бойынша міндеттемелер	1,944	–	–	–	–	1,944
Басқа қаржылық міндеттемелер	1,319	1,181	314	39	–	2,853
Қаржылық міндеттемелер барлығы	1,431,347	441,163	77,560	20,489	5,095	1,975,654
Тәуекелді басқару мақсатында ұсталатын туынды құралдардың әсері	78,228	(120,663)	42,354	(4)	227	142
2023 жылғы 31 желтоқсандағы таза позиция	536,871	22,348	1,568	2,207	1,678	564,672

ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап етудің сатып алынған құқығы теңгемен номиналданған, бірақ пайыздық сыйақыны қоса алғанда, барлық төлемдер вексельдер шығарылған күннен бастап АҚШ долларының теңгеге бағамының өзгеруіне индекстеледі.

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Валюталық тәуекел, жалғасы

Келесі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы валюталар бөлінісіндегі қаржылық активтер мен міндеттемелердің құрылымы көрсетілген:

	Теңге	АҚШ доллары	Еуро	Рубль	Басқа валюталар	Барлығы
Активтер						
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	326,366	310,217	38,669	24,822	7,087	707,161
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	1,616	37,398	542	–	–	39,556
Сауда бағалы қағаздары	192	–	–	–	–	192
Инвестициялық бағалы қағаздар	791,110	82,142	–	–	–	873,252
Клиенттерге берілген кредиттер	746,091	67,820	7	58	–	813,976
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	–	103,068	–	–	–	103,068
Басқа қаржы активтері	9,754	473	135	486	471	11,319
Қаржылық активтер барлығы	1,875,129	601,118	39,353	25,366	7,558	2,548,524
Міндеттемелер						
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	10,831	31,863	1,718	354	644	45,410
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	113,606	5,949	–	–	–	119,555
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	923,276	480,207	63,584	19,307	5,730	1,492,104
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	246,868	–	–	–	–	246,868
Реттелген қарыздар	198,580	–	–	–	–	198,580
Жалдау бойынша міндеттемелер	2,111	–	–	–	–	2,111
Басқа қаржылық міндеттемелер	1,707	537	287	2	–	2,533
Қаржылық міндеттемелер барлығы	1,496,979	518,556	65,589	19,663	6,374	2,107,161
Тәуекелді басқару мақсатында ұсталатын туынды құралдардың әсері	16,172	(38,426)	28,093	(5,744)	–	95
2022 жылғы 31 желтоқсандағы таза позиция	394,322	44,136	1,857	(41)	1,184	441,458

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілген валюталарға қатысты теңге бағамының төмендеуі төмендегі кестеде көрсетілген сомаларға пайда немесе залал мен капиталды (төмендетті)/ұлғайтар еді. Бұл талдамалық ақпарат салық сомасын шегергендегі қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша ұсынылған және Банк есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша негізді мүмкін деп санаған валюталардың айырбас бағамдарының ауытқуларына негізделген. Талдау барлық басқа айнымалылар, атап айтқанда сыйақы мөлшерлемелері өзгеріссіз қалады деген болжамға сүйене отырып жүргізілді.

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Валюталық тәуекел, жалғасы

	2023 жылғы 31 желтоқсан		2022 жылғы 31 желтоқсан	
	Пайда немесе залал	Капитал	Пайда немесе залал	Капитал
Теңгеге қатысты АҚШ доллары бағамының 30% өсуі	5,364	5,364	10,593	10,593
Теңгеге қатысты еуро бағамының 30% өсуі	376	376	446	446
Теңгеге қатысты рубль бағамының 30% өсуі	530	530	(10)	(10)

2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда көрсетілген валюталарға қатысты теңге бағамының өсуі шамасы бойынша тең мәнді, бірақ белгі бойынша барлық басқа айнаымалылар өзгеріссіз қалады деген жорамалға сүйене отырып, жоғарыда келтірілген көрсеткіштерге кері әсерін тигізеді.

Басқа баға тәуекелдері

Басқа баға тәуекелдері – мұндай өзгерістер белгілі бір құралға немесе оның эмитентіне тән факторларға немесе нарықта айналыстағы барлық ұқсас қаржы құралдарына әсер ететін факторларға байланысты болғанына қарамастан, нарықтық бағалардың өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы бойынша әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының ауытқу тәуекелдері (сыйақы мөлшерлемесінің немесе валюталық тәуекелдің өзгеру тәуекелінің әсерінен туындаған өзгерістерден басқа).

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл қарыз алушының немесе контрагенттің келісілген шарттарға сәйкес өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан туындайтын шығындардың туындау ықтималдығы. Банк кредиттік тәуекелді (танылған қаржы активтері және танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) кредиттік тәуекелді шоғырландыру лимиттерін белгілеу және сақтау жөніндегі талаптарды қамтитын бекітілген саясаттар мен процедураларды қолдану арқылы, сондай-ақ функцияларына кредиттік тәуекелдің белсенді мониторингі кіретін Кредиттік комитетті құру арқылы басқарады. Кредиттік саясатты Директорлар Кеңесі қарайды және бекітеді.

Кредиттік саясат кредиттік қызметті жүзеге асырудағы негізгі талаптарды белгілейді және анықтайды, соның ішінде:

- Банктің кредиттік қызметінің мақсаттары мен міндеттері;
- кредит беру кезіндегі басымдықтар мен шектеулер;
- кредиттік тәуекелдің рұқсат етілген деңгейі;
- кредиттік тәуекел лимиттерінің жүйесі;
- жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға кредиттер беру шарттары;
- кредиттік процестің кезеңдері мен қатысушылары;
- шешім қабылдау жүйесі;
- Банктегі кредиттік тәуекелді басқарудың негізгі принциптері мен әдістері;
- кредиттік тәуекелдерді басқару процесін ішкі бақылау жүйесі.

Банк қызметінің негізгі бағыттарын және кредиттік тәуекелді басқару құралдары жүйесін көрсететін кредиттік саясат негізінде Банкте корпоративтік, шағын және орта, бөлшек бизнес сегменттерінде төменде сипатталған неғұрлым тиімді кредиттік процесс құрылған.

Корпоративтік клиенттерден және ШОБ клиенттерінен кредиттер алуға арналған өтінімдерді, тиісінше, Кредиттік талдау департаменті және берілетін кредиттерге талдау жасауға жауапты филиалдардағы ШОБ субъектілеріне кредит беру бөлімшелері қарайды. Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен қарыз беруге болатын Қарыз берушінің ең төменгі рейтингі белгіленді.

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Кредиттік тәуекел, жалғасы

Содан кейін жобаны мәміле жасасу туралы шешім қабылдайтын уәкілетті органда қарау үшін Банк қызметтерінің қорытындылары, оның ішінде заң қорытындысы, қауіпсіздік қызметінің қорытындысы, кепілзаттық қамтамасыз ету қызметінің қорытындысы және тәуекел-менеджмент қызметінің қорытындысы ұсынылады.

Тәуекелдерді тиімді басқару мақсатында жобаларды талдау кезінде Тәуекел-менеджмент бөлімшесі қарыз алушыға рейтинг (дефолт ықтималдығын) беруді жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта Банк бизнестің әр сегменті үшін: шағын, орта және корпоративті және жеке тұлға клиенттер үшін рейтингтік және скорингтік модельдерді қолданады.

Ұсынылған қорытындылар негізінде шешімді Кредиттік комитет шешім қабылдау өкілеттігінің деңгейіне қарай қабылдайды. Бұл ретте Банктің меншікті капиталының 5% -дан асатын мәмілелер тек қана Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі.

Жеке тұлғалардың кредит алуға арналған өтінімдерін қараумен Жеке тұлғаларға кредит беру департаменті айналысады. Бұл ретте кредит алуға арналған өтінімде кредиттік тәуекелдер департаментімен бірлесіп әзірленген деректерді тексеру модельдері мен процедуралары пайдаланылады.

Банк қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін корпоративтік бизнес, ШОБ және бөлшек бизнес клиенттері үшін пайыздық мөлшерлемелерді белгілеу кезінде әрбір мәміле бойынша қабылданатын кредиттік тәуекел деңгейі ескеріледі және кем дегенде мынадай факторларға талдау жүргізіледі:

- рейтинг/скоринг (қарыз алушының дефолт ықтималдығы);
- қарыз алушы дефолтқа ұшыраған жағдайда шығындар;
- қорландыру құны;
- капитал құны;
- Банктің үстеме шығындары.

Осы кредиттік процесс шеңберінде қарыз алушылардың қаржылық жай-күйі мен төлем қабілеттілігі деңгейінің өзгеруіне, тиісті басқару шешімдерін қабылдау мүмкіндігіне уақтылы ден қою үшін Банкте жекелеген кредиттердің жай-күйіне тұрақты мониторинг жүргізіледі және өз қарыз алушыларының төлем қабілеттілігін тұрақты негізде қайта бағалауды жүргізеді. Қайта бағалау процедуралары қарыз алушының соңғы есепті күндегі қаржылық есептілігін немесе қарыз алушының өзі ұсынған немесе басқа тәсілмен алған өзге ақпаратты талдауға негізделеді.

Сонымен қатар, кредиттік тәуекелді басқару үшін кепілзаттық қамтамасыз ету талаптары маңызды болып табылады. Осы мақсаттар үшін, кредиттік портфельді кепілмен өтем жасаудың төмендеуіне жол бермеу үшін Банк кепілзаттық қамтамасыз етудің мониторингі бойынша тиімді процедураларды әзірледі және енгізді.

Портфельдік деңгейде тәуекелдерді тиімді басқару үшін Банк кредиттік портфельді әртараптандыру, Банктің кредиттік қызметіне тұрақты негізде мониторинг жүргізуге, негізгі проблемаларды анықтауға және тәуекелді азайту құралдарын енгізуге, сондай-ақ кредиттік тәуекел бойынша стресс-тестілеуге мүмкіндік беретін басқарушылық есептілік жүйесі сияқты әдістерді пайдаланады.

Банк кредиттік тәуекел лимиттерінің жүйесін пайдаланады, оған мыналар кіреді:

- кредиттік тәуекелдің рұқсат етілген деңгейі;
- қарыз алушылардың категориялары бойынша лимиттер;
- кредит беру түрлеріне лимиттер;
- портфельдік және жеке лимиттерден тұратын бөлшек сегментке арналған лимиттер;
- кредит беру саласындағы лимиттер және басқалар.

Мониторинг және бақылау нәтижелерді Басқармаға/Банктің Директорлар кеңесіне шығара отырып, мерзімді негізде жүзеге асырылады.

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Кредиттік тәуекел, жалғасы

Бұл құрал Банкке стратегиялық дамудың берілген көрсеткіштеріне, сондай-ақ Банктің қандай да бір бағытта тәуекелді қабылдауына сүйене отырып, кредиттік қызметті бақылауға мүмкіндік береді.

Банкте басқарушылық есеп беру жүйесі жұмыс істейді, оның мақсаты –кредиттік тәуекел деңгейі және оның белгіленген мәннен ауытқуы туралы сапалы, сенімді және сенімді ақпарат беру. Басқарушылық есептілік Банктің Басқарма/Директорлар кеңесінің қарауына шығара отырып, ай сайынғы/тоқсан сайынғы негізде Банк бойынша да, жекелеген сегменттер бөлінісінде де қалыптастырылады.

Банк сценарийлік талдау мен сезімталдықты талдау арқылы жүзеге асырылатын кредиттік тәуекел бойынша стресс-тестілеу әдістемесін қолданады. Банк стресс-тестілеуді жүзеге асыру кезінде келесі сценарийлерді пайдаланады:

- тұтастай алғанда және экономиканың жекелеген салалары бойынша экономикалық өсудің құлдырауын қоса алғанда, елдің экономикалық конъюнктурасының төмендеуінің әсерін бағалауға негізделген жалпы экономикалық сценарий;
- Жергілікті стресс факторларының, соның ішінде Банктің кредиттік қызметінің ерекшеліктеріне және оның кредиттік портфелінің құрылымына байланысты әсерді бағалауға негізделген Банктің бизнесіне тән сценарий.

Кредиттік тәуекелді стресс-тестілеу Банктің қызметіне теріс әсер етуі мүмкін макроэкономикалық және басқа көрсеткіштердің өзгеруіне уақтылы жауап беруге, осы факторлардың әсерін болжауға және тәуекелдерді азайту жолдарын жасауға мүмкіндік береді.

Кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі, әдетте, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылмаған есепте және танылмаған шарттық міндеттемелер сомасында қаржы активтерінің баланстық құнында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігі ықтимал кредиттік тәуекелді төмендету үшін маңызды емес.

Есепті күндегі жағдай бойынша қаржы активтеріне қатысты кредиттік тәуекелдің ең жоғары деңгейі мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Активтер		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	462,589	611,412
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	56,373	39,556
Сауда бағалы қағаздары	–	192
Инвестициялық бағалы қағаздар	883,515	873,252
Клиенттерге берілген кредиттер	947,932	813,976
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	105,458	103,068
Басқа қаржы активтері	19,451	11,319
Барлығы	2,475,318	2,452,775

Клиенттерге берілген кредиттер бойынша кредиттік тәуекелдің шоғырлануын талдау *19-ескертпед*е келтірілген.

Есепті күндегі жағдай бойынша танылмаған шарттық міндеттемелерге қатысты кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейі *33-ескертпед*е келтірілген.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің кредиттік тәуекелге ұшырауы кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейінің 10%-нан асатын борышкерлері немесе өзара байланысты борышкерлер топтары жоқ (2022 жылғы 31 желтоқсан: жоқ).

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу

Төмендегі кестеде көрсетілген жария етулерге қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер кіреді:

- Банктің қаржылық жағдайы туралы жеке есепте өзара есепке алынады; немесе
- қаржылық жағдай туралы жеке есепте өзара есепке алынғанына қарамастан, ұқсас қаржы құралдарына қолданылатын заңды түрде жарамды өзара есеп айырысу туралы Бас келісімнің немесе ұқсас келісімдердің нысаны болып табылады.

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу, жалғасы

Осыған ұқсас келісімдерге туынды құралдарды клирингтік келісімдер, "репо" мәмілелеріне арналған жаһандық бас келісімдер және бағалы қағаздарды қарызға беру туралы жаһандық бас келісімдер жатады. Ұқсас қаржы құралдарына туынды қаржы құралдары, "репо" мәмілелері, "кері репо" мәмілелері, қарыз алу және бағалы қағаздарды қарызға беру туралы келісімдер жатады.

Банк мынадай мәмілелерге қатысты нарықта айналысқа түсетін ақша қаражаттары мен бағалы қағаздар түрінде қамтамасыз етуді алады және ұсынады:

- банк депозиттерінде ақшалай қаражатпен қамтамасыз етілген клиенттерге берілген кредиттер; және
- "репо" мәмілелері, "кері репо" мәмілелері.

Бұл қамтамасыз ету ретінде алынған/кепілге берілген бағалы қағаздар мәміле мерзімі ішінде кепілге берілуі немесе сатылуы мүмкін, бірақ мәміле өтелгенге дейін қайтарылуы керек дегенді білдіреді. Мәміле шарттары, сонымен қатар, әрбір контрагентке контрагенттің қамтамасыз етуді ұсына алмауы нәтижесінде тиісті мәмілелерді тоқтату құқығын береді.

Бұдан әрі кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзара есеп айырысу туралы заңды күші бар бас келісімдердің және осыған ұқсас келісімдердің нысанасы болып табылатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер көрсетілген:

	<i>Қаржылық жағдай туралы жеке есепте өзара есептелген</i>			<i>Қаржылық жағдай туралы жеке есепте өзара есептелмеген тиісті сомалар</i>		
	<i>Танылған қаржылық активтер мен міндеттемелердің толық сомалары</i>	<i>танылған қаржылық активтер мен міндеттемелердің толық сомалары</i>	<i>Жеке қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық активтердің/қаржылық міндеттемелердің таза сомасы</i>	<i>Қаржы құралдары</i>	<i>Алынған ақшалай қамтамасыз ету</i>	<i>Таза сома</i>
<i>2023 жылғы 31 желтоқсанда</i>						
Клиенттерге берілген кредиттер	55,600	–	55,600	–	(8,469)	47,131
Кері "репо" мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	12,156	–	12,156	(12,156)	–	–
Қаржылық активтер барлығы	67,756	–	67,756	(12,156)	(8,469)	47,131
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	8,469	–	8,469	(8,469)	–	–
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	29,038	–	29,038	(29,038)	–	–
Қаржылық міндеттемелер барлығы	37,507	–	37,507	(37,507)	–	–

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Қаржылық активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу, жалғасы

Әрі қарай кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзара есеп айырысу туралы заңды күші бар бас келісімдердің және осыған ұқсас келісімдердің нысанасы болып табылатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер көрсетілген:

	<i>Қаржылық жағдай туралы жеке есепте өзара есептелген</i>		<i>Қаржылық жағдай туралы жеке есепте өзара есептелмеген тиісті сомалар</i>			
	<i>Танылған қаржылық активтер мен міндеттемелердің толық сомалары</i>	<i>Танылған қаржылық активтер мен міндеттемелердің толық сомалары</i>	<i>Жеке қаржылық жағдай туралы есепте қаржылық активтердің/ қаржылық міндеттемелердің таза сомасы</i>	<i>Қаржы құралдары</i>	<i>Алынған ақшалай ету</i>	<i>Таза сома</i>
2022 жылғы 31 желтоқсанда						
Клиенттерге берілген кредиттер	57,508	–	57,508	–	(13,122)	44,386
Кері "репо" мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	351	–	351	(351)	–	–
Қаржылық активтер барлығы	57,859	–	57,859	(351)	(13,122)	44,386
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	13,122	–	13,122	(13,122)	–	–
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	119,555	–	119,555	(119,555)	–	–
Қаржылық міндеттемелер барлығы	132,677	–	132,677	(132,677)	–	–

"Репо" келісімдері бойынша кепілге қойылған бағалы қағаздар жалпы танылуы тоқтатылмаған берілген қаржы активтерін білдіреді.

Қаржылық жағдай туралы жеке есепте ұсынылған және бұрын келтірілген кестелерде ашылған қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің толық сомалары және олардың таза сомалары амортизацияланған құн бойынша қаржылық жағдай туралы жеке есепте бағаланады. Қаржылық жағдай туралы жеке есепте өзара есептелетін бұрын келтірілген кестелерде ұсынылған сомалар сол негізде бағаланады.

Өтімділік қаупі

Өтімділік қаупі – Банктің өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде елеулі шығындарсыз орындай алмауы нәтижесінде қаржылық шығындардың туындау ықтималдығы. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде пайда болады. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері мен сыйақы мөлшерлемелері бойынша сәйкестік және/немесе бақыланатын сәйкессіздік өтімділік тәуекелін басқарудың негізгі сәті болып табылады. Жүргізілетін операциялардың әртүрлілігіне және соған байланысты белгісіздікке байланысты активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкестік қаржы институттары үшін әдеттегі тәжірибе болып табылмайды. Мұндай сәйкессіздік операциялардың кірістілігін арттыруға мүмкіндік береді, алайда шығындар қаупін арттырады.

Банк өтеу мерзімдері басталған кезде барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаражаттың тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділіктің қажетті деңгейін қолдайды. Өтімділік тәуекелін басқару жөніндегі саясатты Басқарма қарайды және Директорлар кеңесі бекітеді.

Банктің өтімділік тәуекелін басқарудың негізгі мақсаттары:

- Банктің өз міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындау қабілетін қамтамасыз ету;
- Банктің бос ақшасын жоғары кірісті және өтімділігі жоғары активтерге инвестициялау.

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Өтімділік тәуекелі, жалғасы

Өтімділік тәуекелін басқару процесінде Банк келесі принциптерді басшылыққа алады:

- өтімділікті басқару күн сайын және үздіксіз жүзеге асырылады;
- активтер мен міндеттемелерді ұтымды басқару;
- банкаралық нарыққа қолжетімділікті басқару;
- міндеттемелерді әртараптандыру және тұрақтылық;
- ҚРҰБ нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмейтін өтімділік тәуекелін бағалау әдістері мен құралдарын қолдану;
- Банктің органдары, оның лауазымды тұлғалары мен Банк бөлімшелері арасындағы өтімділікті басқару жөніндегі өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты ажырату;
- өтімділіктің тепе-тең деңгейін қамтамасыз ететін және бизнестің көлеміне, сипатына және Банктің қаржылық жағдайына сәйкес келетін лимиттерді белгілеу;
- өтімділік пен кірістілік арасындағы қайшылық болған жағдайда, өтімділік пайдасына шешімдер қабылдау;
- өтімді құралдарға қажеттілікті жоспарлау;
- тұрақты негізде өтімділікті қамтамасыз ету үшін бұрын қабылданған шешімдерге мониторинг жүргізу.

Өтімділік тәуекелін басқару саясаты қалыпты және стресстік жағдайларда өтімділіктің жиынтық қажеттілігін мыналарды ескере отырып бағалауды қарастырады:

- Банкті өтімділік тәуекеліне ұшырататын Банк стратегиялары және қызмет түрлері;
- Банктің тәуекел деңгейі (аппетит) стратегиясы;
- Банк қызметінің мөлшері, сипаты және күрделілігі;
- Банктің өтімділік тәуекеліне ұшырау мөлшері және оның Банктің қаржылық жағдайына әсерін бағалау;
- тәуекелді бағалау нәтижелері, оның ішінде стресс-тестілеуді жүзеге асыру арқылы алынған нәтижелер;
- өтімділік тәуекелін басқарудың бұрын қолданылған процедураларының тиімділігі;
- нарықтық жағдайлардың ішкі ұйымдастырушылық және (немесе) сыртқы өзгерістеріне қатысты күтулер;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы.

Өтімділік тәуекелін басқару мақсатында ҚРҰБ Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы №188 қаулысымен бекітілген екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына, Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті ұсынған стандарттар мен құралдарға негізделген және банк заңнамасының және үздік әлемдік практикалардың талаптарына сәйкес келетін өтімділік тәуекелін басқару жүйесі құрылады. Өтімділік тәуекелін басқару жүйесі Банк операцияларының ағымдағы нарықтық жағдайына, стратегиясына, мөлшеріне, күрделілік деңгейіне сәйкес келеді және топшілік операцияларды ескере отырып, Банктің өтімділік тәуекелін тиімді анықтауды, өлшеуді, мониторингтеуді және бақылауды қамтамасыз етеді.

Өтімділік тәуекелін басқару мақсатында Банк шығарылған борыштық бағалы қағаздардан, басқа банктердің ұзақмерзімді және қысқамерзімді кредиттерінен, негізгі корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалардың депозиттерінен тұратын қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған және тұрақты құрылымын, сондай-ақ Банктің өтімділікке қатысты күтпеген талаптарға жедел және күрт ауытқусыз жауап бере алуы үшін жоғары өтімді активтердің әртараптандырылған портфелін белсенді қолдауға ұмтылады.

Стратегиялық тәуекелдер департаменті күн сайын өтімділік бойынша позицияға мониторинг жүргізеді және қалыпты және стресстік жағдайларда өтімділік болжамын тұрақты негізде жүргізеді. Нарықтың қалыпты жағдайында өтімділік жағдайы туралы есептер жоғары басшылыққа күн сайын беріледі. Өтімділік тәуекелін басқару жөніндегі саясатқа қатысты шешімдерді уәкілетті алқалы орган қабылдайды және стратегиялық тәуекелдер департаменті орындайды.

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Өтімділік тәуекелі, жалғасы

Келесі кестелер шарттарда белгіленген өтеу мерзімінің ең ерте күндері бойынша қаржылық міндеттемелер мен кредиттік сипаттағы танылмаған міндеттемелер бойынша дисконтталмаған ақша ағындарын көрсетеді. Осы кестелерде көрсетілген ақша қаражаты ағындарының шығуының жиынтық шамалары кредиттік сипаттағы қаржы активтері, міндеттемелер немесе шартты міндеттемелер бойынша ақшалай қаражаттың шарттық дисконтталмаған ағындары болып табылады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу мерзімі бойынша қаржылық міндеттемелерді талдау келесідей ұсынылуы мүмкін:

2023 жылғы 31 желтоқсанда	<i>Талап еткенге дейін және 1 айдан аз</i>	<i>1 айдан 3 айға дейін</i>	<i>3 айдан 1 жылға дейін</i>	<i>1 жылдан 5 жылға дейін</i>	<i>5 жылдан көп</i>	<i>Өтеу мерзімі жоқ</i>	<i>Ақша қаражаттары ның кетуінің жиынтық шамасы</i>	<i>Баланстық құн</i>
Міндеттемелер								
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	62,359	20	750	243	31,111	–	94,483	73,933
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	29,038	–	–	–	–	–	29,038	29,038
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	549,609	173,459	701,246	42,394	54,816	–	1,521,524	1,452,771
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	440	4,232	4,663	96,643	616,544	–	722,522	213,241
Реттелген қарыздар	–	3,089	12,902	181,894	367,783	–	565,668	201,874
Жалдау бойынша міндеттемелер	12	318	1,129	2,781	45	–	4,285	1,944
Басқа қаржылық міндеттемелер	2,780	26	20	27	–	–	2,853	2,853
Туынды қаржы құралдары								
- Түсімдер	–	–	10,044	–	–	–	10,044	
- Шығу	–	–	(10,360)	–	–	–	(10,360)	316
Міндеттемелердің жиыны	644,238	181,144	720,394	323,982	1,070,299	–	2,940,057	1,975,970
Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер	5,037	–	–	–	–	–	5,037	5,037

Сатып алуға жатпайтын кумулятивтік артықшылықты акциялар бойынша сыйақының болашақ төлемдері кестеге енгізілмеген.

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Өтімділік тәуекелі, жалғасы

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеу мерзімі бойынша қаржылық міндеттемелерді талдау мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

2022 жылғы 31 желтоқсанда						Өтеу мерзімі жоқ	Ақша қаражаттарының арының кетуінің жиынтық шамасы	Баланстық құн
	Талап еткенге дейін және 1 айдан аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан көп			
Міндеттемелер								
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	34,972	21	42	254	31,416	–	66,705	45,410
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	119,653	–	–	–	–	–	119,653	119,555
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	481,193	152,740	780,111	92,953	60,948	–	1,567,945	1,492,104
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	319	43,221	14,984	105,368	617,263	–	781,155	246,868
Реттелген қарыздар	–	3,109	18,082	192,153	373,510	–	586,854	198,580
Жалдау бойынша міндеттемелер	5	357	1,366	2,867	–	–	4,595	2,111
Басқа қаржылық міндеттемелер	2,364	12	48	59	–	50	2,533	2,533
Туынды қаржы құралдары								
- Түсімдер	18,125	–	9,904	–	–	–	28,029	–
- Шығу	(18,124)	–	(11,200)	–	–	–	(29,324)	1,325
Барлық міндеттемелер	638,507	199,460	813,337	393,654	1,083,137	50	3,128,145	2,108,486
Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер	6,035	–	–	–	–	–	6,035	6,035

Жоғарыда келтірілген кестелерде шарттың талаптарына сәйкес мүмкін болатын өтеу мерзімінің ең ерте күніне жататын туынды емес қаржылық міндеттемелер (берілген қаржылық кепілдіктер мен танылмаған кредиттік міндеттемелерді қоса алғанда) бойынша ақшалай қаражаттың дисконтталмаған ағындары туралы ақпарат қамтылады. Қаржылық кепілдік шарттарына қатысты кепілдіктің максималды мөлшері кепілдікті пайдалануға болатын ең ерте кезеңге жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 765-бабына сәйкес салымшылар өздерінің мерзімді, жинақ, шартты депозиттері мен талап етілгенге дейінгі депозиттерін бірінші талап бойынша банктен алып қоюға құқылы, бұл ретте көп жағдайда олар есептелген пайыздық кіріс алу құқығынан айырылады. Банк мерзімді және/немесе шартты салымдарды немесе олардың бір бөлігін салымшының талабы түскен сәттен бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей, жинақ салымдары – салымшының талабы түскен сәттен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндетті.

Дегенмен, басшылық бұл опцияның болуына және салымдардың едәуір бөлігі талап етілгенге дейінгі шоттар болып табылатынына қарамастан, салымшылардың саны мен түрлері бойынша шоттар мен депозиттердің деректерін әртараптандыру және Банктің өткен тәжірибесі осы шоттардың ұзақмерзімді және тұрақты қаржыландыру көзін білдіретіндігінің белгісі ретінде қызмет етеді деп санайды.

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Өтімділік тәуекелі, жалғасы

Басшылық белгілі бір активтер мен міндеттемелерге қатысты ақша ағындарының қозғалысы шарттарда белгіленгеннен өзгеше болуы мүмкін деп күтеді, өйткені басшылыққа ақша ағындарының қозғалысын басқаруға өкілеттік берілгендіктен немесе өткен тәжірибе осы активтер мен міндеттемелер бойынша ақша ағындарының қозғалыс мерзімдері шарттарда белгіленген мерзімдерден өзгеше болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жеке есепте танылған сомаларды өтеудің келісімшарттық мерзімдері бойынша талдау ұсынылған:

2023 жылғы 31 желтоқсанда	<i>Талап еткенге дейін және 1 айдан</i>					<i>Өтеу мерзімі жоқ</i>	<i>Мерзімі кешіктірілген</i>	<i>Барлығы</i>
	<i>аз</i>	<i>1 айдан 3 айға дейін</i>	<i>3 айдан 1 жылға дейін</i>	<i>1 жылдан 5 жылға дейін</i>	<i>5 жылдан көп</i>			
<i>Туынды емес активтер</i>								
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	520,624	6,831	–	–	–	–	–	527,455
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	42,291	–	–	14,082	–	–	–	56,373
Инвестициялық бағалы қағаздар	340,597	40,301	280,678	154,329	–	67,610	–	883,515
Клиенттерге берілген кредиттер	4,177	38,684	193,063	535,200	132,342	–	44,466	947,932
КРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	–	–	719	104,739	–	–	–	105,458
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	–	–	78	–	–	–	–	78
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	–	–	–	–	–	66,447	–	66,447
Сатуға арналған ұзақмерзімді активтер	–	–	4,906	–	–	–	–	4,906
Еншілес компанияларға инвестициялар	–	–	–	–	–	170,032	–	170,032
Басқа активтер	3,446	11,999	12,796	34,532	21	2,031	868	65,693
Активтер барлығы	911,135	97,815	492,240	842,882	132,363	306,120	45,334	2,827,889
<i>Туынды емес міндеттемелер</i>								
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	62,173	–	627	–	11,133	–	–	73,933
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	29,038	–	–	–	–	–	–	29,038
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	549,146	169,979	656,534	38,742	38,370	–	–	1,452,771
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	299	2,972	26	79,296	130,648	–	–	213,241
Реттелген қарыздар	–	2,435	251	155,977	42,865	346	–	201,874
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	–	1	6	286	9,026	–	–	9,319
Жалдау бойынша міндеттемелер	3	151	479	1,266	45	–	–	1,944
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	–	–	–	164,447	–	–	–	164,447
Басқа міндеттемелер	19,087	180	5,032	2,125	18	–	665	27,107
Барлық міндеттемелер	659,746	175,718	662,955	442,139	232,105	346	665	2,173,674
Таза позиция	251,389	(77,903)	(170,715)	400,743	(99,742)	305,774	44,669	654,215
Таза жинақталған позиция	251,389	173,486	2,771	403,514	303,772	609,546	654,215	

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Өтімділік тәуекелі, жалғасы

Кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жеке есепте танылған сомаларды өтеудің келісімшарттық мерзімдері бойынша талдау ұсынылған:

2022 жылғы 31 желтоқсанда	Талап еткенге дейін және 1 айдан					Өтеу мерзімі жоқ	Мерзімі кешік- тірілген	Барлығы
	аз	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан көп			
Туынды емес активтер								
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	679,392	27,769	–	–	–	–	–	707,161
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	28,735	–	4,821	–	6,000	–	–	39,556
Сауда бағалы қағаздары	–	–	192	–	–	–	–	192
Инвестициялық бағалы қағаздар	516,303	1,599	179,205	141,579	3,272	31,294	–	873,252
Клиенттерге берілген кредиттер	8,171	36,612	128,338	443,355	146,041	–	51,459	813,976
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	–	–	731	102,337	–	–	–	103,068
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	–	–	78	–	–	–	–	78
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	–	–	–	–	–	68,170	–	68,170
Сатуға арналған ұзақмерзімді активтер	–	–	5,731	–	–	–	–	5,731
Сатуға арналған ұзақмерзімді активтер	–	–	–	–	–	152,627	–	152,627
Басқа активтер	2,394	697	3,061	45,231	364	1,289	2,133	55,169
Активтер барлығы	1,234,995	66,677	322,157	732,502	155,677	253,380	53,592	2,818,980
Туынды емес міндеттемелер								
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	34,860	–	–	–	10,550	–	–	45,410
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	119,555	–	–	–	–	–	–	119,555
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	472,929	140,439	745,629	86,146	46,961	–	–	1,492,104
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	299	41,128	10,057	77,869	117,515	–	–	246,868
Реттелген қарыздар	–	2,685	5,244	145,783	42,368	2,500	–	198,580
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	–	1	5	283	10,528	–	–	10,817
Жалдау бойынша міндеттемелер	–	187	604	1,319	1	–	–	2,111
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	–	–	–	162,847	–	–	–	162,847
Басқа міндеттемелер	15,085	555	7,942	975	371	491	524	25,943
Барлық міндеттемелер	642,728	184,995	769,481	475,222	228,294	2,991	524	2,304,235
Таза позиция	592,267	(118,318)	(447,324)	257,280	(72,617)	250,389	53,068	514,745
Таза жинақталған позиция	592,267	473,949	26,625	283,905	211,288	461,677	514,745	

31. Тәуекелдерді басқару, жалғасы

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – ішкі процестердің, адами ресурстар мен жүйелердің немесе сыртқы оқиғалардың, соның ішінде заңды тәуекелді (стратегиялық тәуекел мен бедел тәуекелін қоспағанда) қоса алғанда, орынсыз немесе жеткіліксіз болуы нәтижесінде шығындардың туындау ықтималдығы.

Банкте Директорлар Кеңесі бекіткен операциялық тәуекелді басқару саясаты әзірленді.

Банк үш қорғаныс желісіне негізделген операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін құрады:

- бірінші қорғаныс желісі – Банк бөлімшелерінің тәуекелдерді басқаруы;
- екінші қорғаныс желісі – тәуекелдерді басқару операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі тәуелсіз бөлімше;
- үшінші қорғаныс желісі – ішкі аудит бөлімшесінің операциялық тәуекелді басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз тексеру.

Бірінші қорғаныс желісінде Банк бөлімшелерінде операциялық тәуекел туралы ақпаратты жинауға және тәуекел-менеджмент бөлімшесіне жіберуге жауапты тәуекел үйлестірушілер тағайындалады. Тәуекел-менеджмент бөлімшесі Банктің тәуекел үйлестірушілерін оқытуды жүргізеді және тәуекел үйлестірушілердің жұмысын бақылауды жүргізеді.

Банк операциялық тәуекел оқиғалары туралы ақпаратты жинау және талдау үшін автоматтандырылған базаны қолданады. Операциялық тәуекел оқиғалары туралы ақпаратты тәуекел үйлестірушілер қалыптастырады, әрбір оқиғаны тәуекел-менеджмент бөлімшелері процестер иелерімен бірлесіп қарайды және мамандандырылған алқалы органға жібереді.

Операциялық тәуекелді басқарудың қосымша құралы болып Банк бөлімшелеріндегі операциялық тәуекелді өзін-өзі бағалау процесі табылады. Өзін-өзі бағалау тәуекел-менеджмент бөлімшесінің басшылығымен қорғаныстың бірінші желісімен жүзеге асырылады, операциялық тәуекелді өзін-өзі бағалау нәтижелері тәуекел карталарында көрсетіледі.

Жаңа өнімдерді, процестерді, жүйелерді әзірлеу кезінде осы өнімдер, процестер, жүйелер қолданысқа енгізілгенге дейін операциялық тәуекелді жеке бағалау жүргізіледі.

Ай сайынғы негізде Банк басқармасы мен Директорлар кеңесі операциялық тәуекел туралы ақпаратты қарайды.

32. Капиталды басқару

Банк өз қызметіне тән тәуекелдерден қорғау мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Банк капиталының жеткіліктілігі басқа әдістермен қатар банк заңнамасында белгіленген коэффициенттерді пайдалана отырып бақыланады.

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк капиталға қатысты заңнамада белгіленген барлық сыртқы талаптарды толық орындады.

Банк үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты – Банктің капиталға қатысты сыртқы талаптарды сақтауын қамтамасыз ету және қызметті жүзеге асыру және Акционерлік құнды барынша арттыру үшін қажетті кредиттік рейтинг пен капиталдың жеткіліктілік нормативтерін қолдау.

Банк өз капиталының құрылымын басқарады және оны жүзеге асырылатын қызмет түрлерінің экономикалық жағдайлары мен тәуекел сипаттамаларындағы өзгерістер аясында түзетеді.

Қолданыстағы заң талаптарына сәйкес Банктер мыналарды қолдауы керек:

- нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер мен шартты және ықтимал міндеттемелер, активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер сомасына негізгі капиталдың және және капиталдың консервациялық буферін ескере отырып, кемінде 0.075 мөлшеріндегі операциялық тәуекелдің сандық шарасының (k1) қатынасын;
- кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер мен шартты және ықтимал міндеттемелер сомасына инвестицияларды, нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтерді, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелерді шегергендегі 1-деңгейдегі капиталдың және капиталдың консервациялық буферін ескере отырып, кемінде 0.085 мөлшерінде операциялық тәуекелдің сандық шарасының (k1.2) қатынасын;

32. Капиталды басқару, жалғасы

- кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер мен шартты және ықтимал міндеттемелер сомасына меншікті капитал; активтер, шартты және ықтимал талаптардың және капиталдың консервациялық буферін ескере отырып, кемінде 0.010 мөлшерінде операциялық тәуекелдің сандық шарасының (k2) қатынасы.

Кестеде 2023 және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚРҰБ талаптарына сәйкес есептелген Банктің капиталын талдау көрсетілген:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
1-деңгейдегі капитал	655,126	473,585
2-деңгейдегі капитал	252,696	277,954
Реттеуші капитал барлығы	907,822	751,539
Тәуекелді, шартты міндеттемелерді, операциялық және нарықтық тәуекелді ескере отырып өлшенген нормативтік активтердің барлығы	1,843,707	1,584,475
k1 коэффициенті	0.355	0.299
k1.2 коэффициенті	0.355	0.299
k2 коэффициенті	0.492	0.474

Банк өзіне Банк қабылдаған міндеттемелердің шарттарында көзделген ҚРҰБ талаптарына сәйкес есептелетін капиталдың жеткіліктілік деңгейіне қойылатын ең төменгі талаптарды орындауға міндетті. 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк капиталдың жеткіліктілік деңгейіне қатысты үшінші тұлғалар қойған барлық талаптарға сай болды.

33. Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер

Банктің кредит ресурстарын ұсыну бойынша міндеттемелері бар. Осы міндеттемелер мақұлдаған кредит, кредиттік карта бойынша лимиттер, сондай-ақ овердрафт нысанында кредиттік ресурстарды беруді көздейді.

Банк өз клиенттерінің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында қаржылық кепілдіктер береді және аккредитивтер ашады. Көрсетілген келісімдер міндеттемелердің лимиттерін белгілейді және, әдетте, бес жылға дейін жарамды. Сондай-ақ, Банк бағалы қағаздардағы қарыз операциялары бойынша есеп айырысу агенті ретінде әрекет ете отырып, кепілдіктер береді.

Банк кредиттік міндеттемелерді, қаржылық кепілдіктерді және аккредитивтерді ұсыну кезінде клиенттерге кредит беру сияқты тәуекелдерді басқару саясаты мен процедураларын қолданады.

Шартты міндеттемелердің шарттық сомалары бұдан әрі категориялар бөлінісінде кестеде ұсынылады. Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер бөлігінде кестеде көрсетілген сомалар көрсетілген міндеттемелер толық орындалады деп болжайды. Кепілдіктер мен аккредитивтер бөлігінде кестеде көрсетілген сомалар, егер контрагенттер шарттардың талаптарына сәйкес өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, есепті күндегі жағдай бойынша көрсетілетін есептік залалдың ең жоғары шамасын білдіреді.

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Кредиттік карта бойынша міндеттемелер	3,304	3,921
Шығарылған қаржылық кепілдіктер	1,426	920
Аккредитивтер	307	1,194
	5,037	6,035

Кредиттер мен кредиттік желілерді беру жөніндегі міндеттемелер туралы келісімдер қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің, инфляция қарқынының, айырбас бағамдарының және басқа да шарттардың өзгеруін қоса алғанда, Банк үшін қолайсыз кез келген жағдайлар туындаған жағдайда Банктің келісімнен біржақты шығу құқығын көздейді.

Кредиттер мен кредит желілерін беру міндеттемелері, аккредитивтерге кепілдіктер бойынша жалпы өтелмеген шарттық сома міндетті түрде болашақ ақшалай талаптарды білдірмейді, өйткені қарыз алушыға қаражат бермей-ақ аталған міндеттемелердің қолданылу мерзімінің аяқталуы немесе күшін жою мүмкін.

33. Кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелер, жалғасы

Төменде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелердің сапасы туралы ақпарат берілген:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>		<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>	
	<i>1-кезең</i>	<i>Барлығы</i>	<i>1-кезең</i>	<i>Барлығы</i>
- «BBB-» бастап «BBB+» дейінгі кредиттік рейтингімен	5,037	5,037	6,035	6,035
	5,037	5,037	6,035	6,035

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің сомасы 5,037 миллион теңгені құрайды (2022 жылғы 31 желтоқсан: 6,035 миллион теңге).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің капиталдың 10% -нан асатын өтелмеген баланстан тыс міндеттемелері жоқ (2022 жылғы 31 желтоқсан: жоқ).

34. Жалдау бойынша міндеттемелер

Банк жалға алушы ретінде

Біржақты түрде жойылмайтын жалдау міндеттемелері келесідей ұсынылуы мүмкін:

	<i>2023 жылғы 31 желтоқсан</i>	<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>
Бір жылдан аз	633	791

Банк үй-жайлар мен жабдықтарды жалға алу туралы бірқатар келісімдер жасады. Мұндай шарттар, әдетте, қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін оларды қайта бастау мүмкіндігімен бір жылдан бес жылға дейінгі бастапқы мерзімге жасалады. Жалдау төлемдерінің мөлшері жыл сайын ұлғаяды, бұл нарықтық тенденцияларды көрсетеді. Жалдау міндеттемелеріне шартты сипаттағы міндеттемелер кірмейді.

2023 жыл ішінде 719 миллион теңге мөлшеріндегі сома жалдау шарттарына қатысты пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы жеке есепте шығыстар ретінде танылды (2022 жыл: 1,309 миллион теңге) (13-ескертпе).

35. Шарттық және шартты міндеттемелер

Сақтандыру

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметтерінің нарығы даму сатысында, сондықтан басқа елдерде қолданылатын сақтандыру қорғаудың көптеген нысандары Қазақстанда әлі қолжетімді емес. Банктің өзінің өндірістік құрылыстарына, өндірістің тоқтап қалуынан туындаған залалдарға немесе авариялар немесе Банк қызметі нәтижесінде жылжымайтын мүлік объектілеріне немесе қоршаған ортаға келтірілген залалға байланысты үшінші тараптар алдында туындаған міндеттемелерге қатысты толық сақтандыру қорғанысына жоқ. Банктің тиісті сақтандыруы болмайынша, белгілі бір активтердің жоғалуы немесе бүлінуі Банктің қызметі мен қаржылық жағдайына айтарлықтай теріс әсер етуі мүмкін.

Соттық анықтау жұмыстары

Нарықтағы әдеттегі қызметін жүзеге асыру барысында Банк әртүрлі заңды талаптарға тап болады. Банк басшылығы сот талқылаулары нәтижесінде туындайтын Банк міндеттемелерінің түпкілікті шамасы (олар болған жағдайда) болашақта Банк қызметінің нәтижелерінің қаржылық жағдайына елеулі теріс әсер етпейді деп пайымдайды.

Қазақстандағы шартты салық міндеттемелері

Қазақстан Республикасының салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа болып табылады және жиі өзгеретін нормативтік құжаттардың, нормативтік құжаттардың ресми түсініктемелерінің және сот органдарының шешімдерінің болуымен сипатталады, олардың әрекеті кері күшке ие болуы мүмкін және көбінесе салық органдары тарапынан әртүрлі түсіндірулер үшін ашық екіұшты, кейде қарама-қайшы тұжырымдарды қамтиды.

35. Шарттық және шартты міндеттемелер, жалғасы

Қазақстандағы шартты салық міндеттемелері, жалғасы

Салықтарды есептеудің дұрыстығына қатысты тексерулер мен тергеулермен ірі айыппұлдар салуға және өсімпұлдарды есептеуге құқығы бар бірнеше реттеуші органдар айналысады. Есепті кезеңдегі салықтарды есептеудің дұрыстығын келесі бес күнтізбелік жыл ішінде тексеруге болады; дегенмен, белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұлғаюы мүмкін.

Бұл мән-жайлар Қазақстан Республикасында салық тәуекелдерінің басқа елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары болуына әкеп соғуы мүмкін.

Алайда, әр түрлі реттеуші органдардың салық заңнамасын түсіндіруі басшылықтың пікірінен өзгеше болуы мүмкін екенін ескере отырып, реттеуші органдар тарапынан мәжбүрлеу шараларын қолданған жағдайда олардың қаржылық жағдайға әсері айтарлықтай болуы мүмкін.

36. Байланысты тараптармен операциялар

Бақылау қатынастары

2023 жылғы 31 желтоқсанда Банктің ірі акционерлері айналыстағы жай акциялардың 79.63% иеленетін қазақстандық брокерлік компания "First Heartland Securities" АҚ және айналыстағы жай акциялардың 20.11% иеленетін F. Ш. Есенов мырза болды (2022 жылғы 31 желтоқсанда: айналыстағы жай акциялардың 78.73% иеленетін "First Heartland Securities" АҚ және айналыстағы жай акциялардың 20.11% иеленетін F. Ш. Есенов мырза) (1-ескертуге).

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің және оның еншілес компанияларының түпкілікті бақылаушы тарабы болып F. Ш. Есенов мырза табылады. (2022 жылғы 31 желтоқсан: New Generation Foundation, Inc.).

Негізгі басқару персоналына сыйақы

2023 және 2022 жылдардағы пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есептің "Персоналға арналған шығыстар" бабына енгізілген негізгі басқарушы персоналға сыйақының жалпы мөлшері мынадай түрде ұсынылған:

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
Персоналға шығыстар		
Негізгі басқару персоналына сыйақылар	(1,737)	(2,616)

Көрсетілген сомаларға ҚРҰБ-ның 2012 жылғы 24 ақпандағы №74 қаулысына сәйкес танылған, белгіленген шарттар сақталған кезде кезең ішінде төленуге жататын Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне ұзақмерзімді сыйақылар және 523 миллион теңге (2022 жыл: 358 миллион теңге) мөлшерінде тиісті салықтар кіреді.

Негізгі басқару персоналымен операциялар

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанына шоттар бойынша қалдықтар және негізгі басқарушы персонал мүшелерімен операциялар бойынша орташа сыйақы мөлшерлемелері:

	<i>2023 жылғы 31</i>	<i>Орташа сыйақы</i>	<i>2022 жылғы 31</i>	<i>Сыйақының</i>
	<i>желтоқсан</i>	<i>мөлшерлемесі,</i>	<i>желтоқсан</i>	<i>орташа</i>
		<i>жылына %</i>		<i>мөлшерлемесі,</i>
				<i>жылына %</i>
Міндеттемелер				
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	498	5.14	944	5.46
Басқа міндеттемелер *	92	—	7,398	—

* 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа міндеттемелерге 2023 жыл ішінде таратылған жай акциялар түрінде төлеуге есептелген бекітілмеген сыйақы кіреді.

36. Байланысты тараптармен операциялар, жалғасы

Негізгі басқару персоналымен операциялар, жалғасы

2023 және 2022 жылдардағы негізгі басқару персоналының мүшелерімен операциялар бойынша пайда немесе залал құрамына енгізілген сомалар келесідей берілген:

	<u>2023 жыл</u>	<u>2022 жыл</u>
Пайыздық шығыстар		
Негізгі басқару персоналы	(54)	(20)

Басқа байланысты тараптардың қатысуымен жасалатын операциялар

Басқа байланысты тараптармен жасалатын операцияларға бас компаниямен жасалатын операциялар, соңғы бақылаушы тараппен жасалатын операциялар, бас компанияның еншілес компаниялары және басқа да байланысты Тараптар жатады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар және орташа өлшенген номиналды сыйақы мөлшерлемелері, сондай-ақ 2023 жылғы басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал мынадай түрде ұсынылған:

	<u>Еншілес компаниялар</u>		<u>Басқалар *</u>		<u>Жиыны</u> <u>млн.теңге</u>
	<u>Сوما,</u> <u>млн</u> <u>теңге</u>	<u>Орташа</u> <u>сыйақы</u> <u>мөлшерлемесі,</u> <u>жылына %</u>	<u>Сوما,</u> <u>млн</u> <u>теңге</u>	<u>Орташа</u> <u>сыйақы</u> <u>мөлшерлемесі,</u> <u>жылына %</u>	
Қаржылық жағдай туралы жеке есеп					
Активтер					
Ақша қаражаттары және олардың баламалары					
- басқа валютада	26	-	-	-	26
Клиенттерге берілген кредиттер негізгі борыш, теңгемен	1,368	0.10	613	14.03	1,981
Құнсыздануға арналған резерв шегерілгенге дейін еншілес компанияларға инвестициялар (21-ескертпе)	186,027	-	-	-	186,027
Еншілес компанияларға инвестициялар, құнсыздануға арналған резерв (21-ескертпе)	(15,995)	-	-	-	(15,995)
Басқа активтер	9,080	-	-	-	9,080
Міндеттемелер					
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты					
- теңгемен	160	-	-	-	160
- АҚШ долларымен	2,223	-	-	-	2,223
- басқа валютада	51	-	-	-	51
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері					
- теңгемен	31,334	13.36	4,249	13.80	35,583
- АҚШ долларымен	12,515	0.80	3,273	1.32	15,788
- басқа валютада	270	-	1,243	3.00	1,513
Шығарылған борыштық құндылықтар	200	-	-	-	200
Реттелген қарыз	306	-	-	-	306
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	-	-	409	409
Басқа міндеттемелер	294	-	-	71	365
Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы жеке есеп					
Пайыздық кірістер	220	-	98	-	318
Пайыздық шығыстар	(540)	-	(2,863)	-	(3,403)
Комиссиялық кірістер	137	-	-	-	137
Комиссиялық шығыстар	(22)	-	-	-	(22)
Басқа кірістер	14	-	51	-	65
Еншілес компанияларға инвестициялардың және басқа да инвестициялардың құнсыздануын қалпына келтіруден түсетін кірістер	7,253	-	-	-	7,253
Басқа жалпы және әкімшілік шығыстар	(772)	-	(11)	-	(783)

* Басқа байланысты Тараптар жалпы бақылаудағы басқа кәсіпорындарды қамтиды.

36. Байланысты тараптармен операциялар, жалғасы

Басқа байланысты тараптардың қатысуымен жасалатын операциялар, жалғасы

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері тиісінше Банктің түпкілікті бақылаушы тарапына және ірі акционеріне қатысты 725 миллион теңге және 73 миллион теңге мөлшеріндегі ағымдағы шоттарды қамтиды (2022 жылғы 31 желтоқсанда: тиісінше 706 миллион теңге және 3 миллион теңге). Сондай-ақ, соңғы бақылаушы тарапқа жататын клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері бойынша 3 миллион теңге мөлшеріндегі пайыздық шығыстар.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар және орташа сыйақы мөлшерлемелері, сондай-ақ 2022 жылғы басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал мынаны құрады:

	Еншілес компаниялар		Басқалары*		Жиыны млн.теңге
	Сوما, млн теңге	Орташа сыйақы мөлшерлемесі, жылына %	Сوما, млн теңге	Орташа сыйақы мөлшерлемесі, жылына %	
Қаржылық жағдай туралы жеке есеп					
Активтер					
Ақша қаражаттары және олардың баламалары					
- басқа валютада	70	-	-	-	70
Клиенттерге берілген кредиттер негізгі борыш, теңгемен	1,546	0.10	761	14.05	2,307
Құнсыздануға арналған резерв шегерілгенге дейін еншілес компанияларға инвестициялар (21-ескертпе)	175,730	-	-	-	175,730
Еншілес компанияларға инвестициялар, құнсыздануға арналған резерв (21-ескертпе)	(23,103)	-	-	-	(23,103)
Басқа активтер	354	-	35	-	517
Міндеттемелер					
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты					
- теңгемен	158	-	-	-	158
- АҚШ долларымен	2,445	-	-	-	2,445
- басқа валютада	1	-	-	-	1
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері					
- теңгемен	7,802	14.60	38,197	14.47	45,999
- АҚШ долларымен	10,052	0.6	99,530	0.80	109,582
- басқа валютада	17	-	6,926	-	6,943
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	175	-	-	-	175
Реттелген қарыз	306	-	-	-	306
Жалдау бойынша міндеттемелер	40	-	527	-	567
Басқа міндеттемелер	39	-	10	-	49
Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы жеке есеп					
Пайыздық кірістер	627	-	218	-	845
Пайыздық шығыстар	(335)	-	(7,503)	-	(7,838)
Комиссиялық кірістер	352	-	-	-	352
Комиссиялық шығыстар	(21)	-	-	-	(21)
Валюталық туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза пайда	-	-	20,289	-	20,289
Басқа кірістер	357	-	42	-	399
Еншілес компанияларға инвестициялардың және өзге де инвестициялардың құнсыздануынан болған залалдар	(3,659)	-	-	-	(3,659)
Басқа жалпы және әкімшілік шығыстар	(572)	-	(121)	-	(693)

* Басқа да байланысты тараптарға жалпы бақылаудағы өзге де кәсіпорындар, сондай-ақ "Назарбаев Қоры" жеке қоры және "Назарбаев Университеті" және "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымдары кіреді.

2022 жыл ішінде Банк байланысты тараппен жалпы сомасы 72 миллион АҚШ долларына, 29,136 миллион теңгеге баламалы форвардтық келісімшарттарды жапты. Контрагент төлемеген 27 миллион АҚШ доллары сомасы, 12,514 миллион теңге эквивалентте, капиталда аралық бас компаниямен жасалған мәміледен шығын ретінде танылды (16-ескертпе).

2023 жылдың шілдесінде Банк және Jusan Technologies Ltd. қарызды кешіру туралы келісім жасасты және қолма қол ақшасыз валютаны сатып алудың жалпы шарттары туралы шартты бұзды.

37. Қаржы құралдарының әділ құны

Бухгалтерлік есептің жіктелуі және әділ құны

Әділ құн туралы ақпаратты ашу мақсатында Банк активтер мен міндеттемелердің санаттарын актив немесе міндеттеме бойынша сипаттамалар мен тәуекелдер, сондай-ақ әділ құн иерархиясындағы деңгей негізінде анықтады. Келесі кесте 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктің қаржылық активтері мен міндеттемелерінің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

	<i>Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бааланатын</i>	<i>Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін</i>	<i>Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бааланатын</i>	<i>Баланстық құн</i>	<i>Әділ құн</i>
Қаржылық активтер					
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	–	527,455	–	527,455	527,698
Туынды қаржы құралдары	194	–	–	194	194
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	–	56,373	–	56,373	56,373
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бааланатын инвестициялық бағалы қағаздар	–	–	650,004	650,004	650,004
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін инвестициялық бағалы қағаздар	–	233,511	–	233,511	232,477
Клиенттерге берілген кредиттер	9,009	938,923	–	947,932	934,288
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	–	–	105,458	105,458	105,458
Басқа қаржы активтері	–	19,451	–	19,451	19,451
	9,203	1,775,713	755,462	2,540,378	2,525,943
Қаржылық міндеттемелер					
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	–	73,933	–	73,933	69,857
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	–	29,038	–	29,038	29,038
Туынды қаржылық міндеттемелер	316	–	–	316	316
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	–	1,452,771	–	1,452,771	1,452,771
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	213,241	–	213,241	172,505
Реттелген қарыздар	–	201,874	–	201,874	199,767
Жалдау бойынша міндеттемелер	–	1,944	–	1,944	1,944
Басқа қаржылық міндеттемелер	–	2,853	–	2,853	2,853
	316	1,975,654	–	1,975,970	1,929,051

37. Қаржы құралдарының әділ құны, жалғасы

Бухгалтерлік есептің жіктелуі және әділ құны, жалғасы

Келесі кесте 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша банктің қаржылық активтері мен міндеттемелерінің баланстық және әділ құнын көрсетеді:

	<i>Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бааланатын</i>	<i>Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін</i>	<i>Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бааланатын</i>	<i>Баланстық құн</i>	<i>Әділ құн</i>
Қаржылық активтер					
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	–	707,161	–	707,161	707,161
Туынды қаржы құралдары	134	–	–	134	134
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	–	39,556	–	39,556	39,556
Сауда бағалы қағаздары	192	–	–	192	192
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бааланатын инвестициялық бағалы қағаздар	–	–	815,317	815,317	815,317
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін инвестициялық бағалы қағаздар	–	57,935	–	57,935	57,097
Клиенттерге берілген кредиттер	13,524	800,452	–	813,976	759,651
ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	–	–	103,068	103,068	103,068
Басқа қаржы активтері	–	11,319	–	11,319	11,319
	13,850	1,616,423	918,385	2,548,658	2,493,495
Қаржылық міндеттемелер					
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	–	45,410	–	45,410	43,672
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	–	119,555	–	119,555	119,555
Туынды қаржылық міндеттемелер	1,325	–	–	1,325	1,325
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	–	1,492,104	–	1,492,104	1,492,104
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	246,868	–	246,868	201,961
Реттелген қарыздар	–	198,580	–	198,580	184,037
Жалдау бойынша міндеттемелер	–	2,111	–	2,111	2,111
Басқа қаржылық міндеттемелер	–	2,533	–	2,533	2,533
	1,325	2,107,161	–	2,108,486	2,047,298

37. Қаржы құралдарының әділ құны, жалғасы

Бухгалтерлік есептің жіктелуі және әділ құны, жалғасы

Әділ құнды бағалау активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле жағдайында міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны анықтауға бағытталған. Дегенмен, бар белгісіздіктер мен бағалаудың субъективтілігіне байланысты әділ құн активтерді дереу сату немесе міндеттемелерді орындау мүмкін болатын құн ретінде қарастырылмауы керек.

Белсенді нарықтарда тізімделген қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгілеулеріне немесе дилерлік баға белгілеулеріне негізделген. Барлық басқа қаржы құралдары үшін Банк бағалау әдістерін қолдана отырып, әділ құнды анықтайды.

Бағалау әдістерінің мақсаты активтерді сату немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында міндеттемелерді беру бойынша ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операцияның бағасын көрсететін әділ құнды бағалау тәсіліне қол жеткізу болып табылады.

Бағалау әдістеріне таза ағымдағы құнын бағалау және ақша ағындарын дисконттау модельдері және нарықтық баға белгілеулері белгілі ұқсас құралдармен салыстыру кіреді. Бағалау үшін пайдаланылатын пайымдаулар мен деректерге тәуекелсіз және базалық сыйақы мөлшерлемелері, кредиттік спрэдтер және дисконттау мөлшерлемелерін, акциялар мен облигациялардың баға белгілеулерін, сондай-ақ валюта бағамдарын бағалау үшін қолданылатын басқа түзетулер жатады. Бағалау әдістері нарықтың тәуелсіз қатысушылары анықтайтын есепті күндегі жағдай бойынша қаржы құралының құнын көрсететін әділ құнды анықтауға бағытталған.

Банк стандартты және қарапайым қаржы құралдарының әділ құнын анықтау үшін кеңінен танылған бағалау модельдерін қолданады. Бақыланатын баға ұсыныстары мен модельдердің бастапқы деректері әдетте нарықта айналымдағы борыштық және үлестік бағалы қағаздар, биржада айналымдағы туынды құралдар және пайыздық своптар сияқты қарапайым биржадан тыс қаржы құралдары үшін қолжетімді.

Неғұрлым күрделі құралдар үшін Банк өзінің бағалау модельдерін қолданады. Осы модельдерде қолданылатын кейбір немесе барлық маңызды деректер жалпыға қолжетімді нарықтық деректер болмауы мүмкін және нарықтық баға белгілеулерден немесе мөлшерлемелерден немесе пайымдаулар негізінде қалыптасқан бағалардан туындауы мүмкін. Бағалануы бақыланбайтын нарықтық деректерді пайдалануға негізделген құралдардың мысалы ретінде оларға арналған белсенді нарық жоқ кейбір бағалы қағаздарды келтіруге болады.

Басшылық келесі болжамдарды 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы құралдарының әділ құнын бағалау үшін пайдаланады:

- жылына 20.35%-дан 23.68%-ға дейін және жылына 7.20%-дан 8.00%-ға дейінгі дисконттау мөлшерлемелері тиісінше теңгемен және АҚШ долларымен көрсетілген корпоративтік клиенттердің қарыздары бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2022 жылғы 31 желтоқсан: сәйкесінше жылына 18.57%-дан 19.94%-ға дейін және жылына 5.50%-дан 7.00%-ға дейін);
- жылына 9.68%-дан 40.11%-ға дейінгі дисконттау мөлшерлемелері АҚШ долларымен және теңгемен көрсетілген жеке тұлға клиенттердің қарыздары бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2022 жылғы 31 желтоқсан: жылына 9.52%-дан 39.38%-ға дейін);
- клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттерінің әділ құны салымшылардың Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының заңнамаларына сәйкес ақшалай қаражатты мерзімінен бұрын алуға құқықтарын ескере отырып, оның баланстық құнына шамамен тең (31-ескертпе);
- жылына 14.60%-дан 16.20%-ға дейінгі дисконттау мөлшерлемелері теңгемен көрсетілген шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша ақшалай қаражаттың болашақ ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2022 жылғы 31 желтоқсан: жылына 14.16%-дан 20.12%-ға дейін);
- жылына 14.70%-дан 16.40%-ға дейінгі дисконттау мөлшерлемелері реттелген облигациялар бойынша болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылады (2022 жылғы 31 желтоқсан: жылына 14.34%-дан 20.63%-ға дейін).

37. Қаржы құралдарының әділ құны, жалғасы

Бухгалтерлік есептің жіктелуі және әділ құны, жалғасы

Әділ құны олардың баланстық құнына тең болатын активтер

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан аз) қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер жағдайында олардың әділ құны шамамен баланстық құнға тең болады. Бұл рұқсат ағымдағы шоттардағы қаражатқа, талап етілгенге дейінгі салымдарға және белгіленген өтеу мерзімі жоқ жинақ шоттарына да қолданылады.

Әділ құнды бағалау иерархиясы

Келесі кестеде әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының талдауы келтірілген. Деректер қаржылық жағдай туралы жеке есепте көрсетілген сомаларға негізделеді.

		<i>Төмендегіні пайдалану арқылы әділ құнды бағалау</i>			
		<i>1-деңгейдегі</i>	<i>2-деңгейдегі</i>	<i>3-деңгейдегі</i>	
		<i>бастапқы</i>	<i>бастапқы</i>	<i>бастапқы</i>	
<i>2023 жылғы 31 желтоқсанда</i>	<i>Бағалау күні</i>	<i>деректерді</i>	<i>деректерді</i>	<i>деректерді</i>	<i>Жиыны</i>
ПЗӘҚ бойынша бағаланатын қаржы құралдары:					
- туынды қаржы активтері	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	194	–	194
- клиенттерге берілген кредиттер	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	–	9,009	9,009
- туынды қаржылық міндеттемелер	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	316	–	316
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік қаржы құралдары:					
- корпоративтік акциялар	2023 жылғы 31 желтоқсан	67,610	–	–	67,610
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдары:					
- БЖТӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	2023 жылғы 31 желтоқсан	27,627	554,767	–	582,394
- ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	2023 жылғы 31 желтоқсан	–	105,458	–	105,458
		<i>Төмендегіні пайдалану арқылы әділ құнды бағалау</i>			
		<i>1-деңгейдегі</i>	<i>2-деңгейдегі</i>	<i>3-деңгейдегі</i>	
		<i>бастапқы</i>	<i>бастапқы</i>	<i>бастапқы</i>	
<i>2022 жылғы 31 желтоқсанда</i>	<i>Бағалау күні</i>	<i>деректерді</i>	<i>деректерді</i>	<i>деректерді</i>	<i>Жиыны</i>
ПЗӘҚ бойынша бағаланатын қаржы құралдары:					
- туынды қаржы активтері	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	134	–	134
- сауда бағалы қағаздары	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	192	–	192
- клиенттерге берілген кредиттер	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	–	13,524	13,524
- туынды қаржылық міндеттемелер	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	1,325	–	1,325
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын үлестік қаржы құралдары:					
- корпоративтік акциялар	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	31,294	–	31,294
БЖТӘҚ бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдары:					
- БЖТӘҚ бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	2022 жылғы 31 желтоқсан	4,652	779,371	–	784,023
- ҚРҚМ-ға вексель бойынша талап ету құқығы	2022 жылғы 31 желтоқсан	–	103,068	–	103,068

37. Қаржы құралдарының әділ құны, жалғасы

Әділ құнды бағалау иерархиясы, жалғасы

ҚҚБ-да тізімделген, бірақ 2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша белсенді нарығы жоқ бағалы қағаздар әділ құн иерархиясында 2-деңгей бойынша жіктеледі. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2-деңгейге жатқызылған қаржы құралдарына 554,767 миллион теңге сомадағы мемлекеттік бағалы қағаздар (2022 жылғы 31 желтоқсан: 779,371 миллион теңге) 105,458 миллион теңге сомаға вексель бойынша ҚРҚМ-ға талап ету құқығы (2022 жылғы 31 желтоқсан: 103,068 миллион теңге) кіреді.

2023 және 2022 жылдар ішінде Банк әділ құн иерархиясының 1 және 2, 2 және 3 деңгейлері арасында ешқандай аударым жасамады.

Көптеген жағдайларда бағалау әдістері негізделген барлық маңызды бастапқы деректер толығымен қолжетімді, мысалы, валюта нарығындағы ұқсас мәмілелер туралы ақпарат негізінде. Барлық бастапқы деректер байқалмайтын жағдайларда, мысалы, есепті күндегі жағдай бойынша тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар байқалатын мәмілелердің болмауына байланысты Банк тек бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген әдістерді пайдаланады.

Әділ құн бойынша бағаланған 3-деңгейдегі активтердегі өзгерістер

Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын клиенттерге берілген кредиттердің әділ құны болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы анықталады. Бағалау моделі тәуекелді ескере отырып мөлшерленген дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталған кепілге өндіріп алудан күтілетін болашақ ақша ағындарының ағымдағы құнын жылына 19.20%-дан 22.20% -ға дейін ескереді (2022 жылғы 31 желтоқсан: жылына 20.54%-дан 23.54%-ға дейін). Бағалау үлгілері үшін бақыланбайтын бастапқы деректерге қарыз алушының операциялық қызметі нәтижесінде күтілетін ақша ағындарымен немесе қамтамасыз етуді бағалаумен байланысты кредиттік, нарықтық және өтімділік тәуекелдеріне түзетулер кіреді. Кепілге өндіріп алудан күтілетін болашақ ақша ағындарын айқындау кезінде пайдаланылған жорамалдар бойынша ақпарат *19-ескертпеде* берілген.

Келесі кестеде әділ құн бойынша бағаланатын 3-деңгейдегі қаржы активтері бойынша есепті кезеңнің басында және соңында танылған сомаларды салыстыру ұсынылған:

	<i>3-деңгейдегі бастапқы деректерді пайдалана отырып, әділ құнды бағалау</i>	
	<i>2023 жыл</i>	<i>2022 жыл</i>
Клиенттерге берілген, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын кредиттер		
1 қаңтарда	13,524	17,910
Таза пайыздық кірістер (<i>6-ескертпе</i>)	–	282
Төленген пайыздар	(2,008)	(2,320)
Өтеу	(2,845)	(5,369)
Әділ құнның өзгеруінен таза пайда (<i>9-ескертпе</i>)	338	3,021
31 желтоқсанда	9,009	13,524

Банк өзінің әділ құнға берген бағасын орынды деп санаса да, әртүрлі әдістер мен пайымдауларды қолдану әділ құнның әртүрлі бағалауларына әкелуі мүмкін.

37. Қаржы құралдарының әділ құны, жалғасы

Әділ құны бойынша есепке алынбайтын қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны

Төменде қаржылық жағдай туралы жеке есепте әділ құн бойынша көрсетілмейтін Банктің қаржы құралдарының әділ құнын бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясының сыныптары мен деңгейлері бөлінісінде баланстық құн мен әділ құнды салыстыру келтірілген. Кестеде қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелердің әділ құнының мәндері көрсетілмеген.

2023 жылғы 31 желтоқсанда	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құн	Баланстық құн
Қаржылық активтер					
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	–	527,698	–	527,698	527,455
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	–	56,373	–	56,373	56,373
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін инвестициялық бағалы қағаздар	37,517	194,960	–	232,477	233,511
Клиенттерге берілген кредиттер	–	838,920	86,359	925,279	938,923
Басқа қаржы активтері	–	19,451	–	19,451	19,451
Қаржылық міндеттемелер					
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	–	69,857	–	69,857	73,933
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	–	29,038	–	29,038	29,038
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	–	1,452,771	–	1,452,771	1,452,771
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	172,505	–	172,505	213,241
Реттелген қарыздар	–	199,767	–	199,767	201,874
Жалдау бойынша міндеттемелер	–	1,944	–	1,944	1,944
Басқа қаржылық міндеттемелер	–	2,853	–	2,853	2,853

2022 жылғы 31 желтоқсанда	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Әділ құн	Баланстық құн
Қаржылық активтер					
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	–	707,161	–	707,161	707,161
Банктердегі және басқа қаржы институттарындағы қаражат	–	39,556	–	39,556	39,556
Амортизацияланған құн бойынша ескерілетін инвестициялық бағалы қағаздар	19,585	37,512	–	57,097	57,935
Клиенттерге берілген кредиттер	–	647,761	98,366	746,127	800,452
Басқа қаржы активтері	–	11,319	–	11,319	11,319
Қаржылық міндеттемелер					
Банктер мен басқа да қаржы институттарының қаражаты	–	43,672	–	43,672	45,410
"Репо" мәмілелері бойынша кредиторлық берешек	–	119,555	–	119,555	119,555
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	–	1,492,104	–	1,492,104	1,492,104
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	–	201,961	–	201,961	246,868
Реттелген қарыздар	–	184,037	–	184,037	198,580
Жалдау бойынша міндеттемелер	–	2,111	–	2,111	2,111
Басқа қаржылық міндеттемелер	–	2,533	–	2,533	2,533

38. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2024 жылғы 23 ақпанда ҚРҰБ Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- 1 т.т. дәлізімен жылдық 14,75%-ға дейін төмендету туралы шешім қабылдады.

2024 жылғы қаңтарда Банк шетелдік банкпен 5 миллион АҚШ доллары, эквивалентте 2,241 миллион теңгеге баламалы қысқамерзімді синдикатталған қарыз орналастырды.